

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы
Серия «Естественно-географические науки»
№4(42)**

Алматы, 2014

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
ХАБАРШЫ**

**«Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы
№4(42), 2014ж.**

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2001 ж. бастап шығады

Бас редактор

х.ғ.д., проф. М.Е. Ермағанбетов

Редакциялық коллегия

бас редактордың орынбасары, х.ғ.к., проф. Х.Н. Жанбеков, бас редактордың орынбасары, ғ.ғ.д., проф. К.Д. Каймулдинова, пед.ғ.д., проф. Ж.Ә. Шоқыбаев, биол.ғ.д., проф. м.а. З.Б. Тұңғышбаева

Редакциялық алқа мүшелері:

геогр.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі А.С. Бейсенова,

х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі

Е.Ә. Бектуров,

пед.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА

корреспондент-мүшесі С.Ж. Пірәлиев,

биол.ғ.д., проф. Ж.Ж. Жатқанбаев,

х.ғ.д., проф. Т.О. Омарқұлов,

пед.ғ.д., проф. Н.К. Ахметов,

геогр.ғ.д., проф. М.Е. Белгибаев,

биол.ғ.д., проф. Е.Т. Тазабекова,

биол.ғ.д., проф. Л.Б. Сейлова,

х.ғ.д., проф. Н.А. Бектенов,

биол.ғ.д., проф. Қ.С. Рымжанов,

пед.ғ.д., проф. А.А. Саипов,

хим.ғ.д., проф. Г.И. Мейрова

геогр.ғ.д., проф. А.Н. Нигматов

(Өзбекстан),

биол.ғ.д., проф.

Б.А. Тохторалиев (Қырғызстан),

геогр.ғ.д., проф. Н.А. Родионова (Ресей),

х.ғ.д., проф. Д.Ю. Мурзин (Финляндия),

PhD докторы Ренато Сапо (Италия),

PhD докторы Жан Марк (Бельгия),

х.ғ.к. А.Е. Сагимбаева (жауапты хатшы)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2014

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген N10110 – Ж

Басуға 29.01.2015 қол қойылды.
Пішімі 60x84¹/₈. Көлемі 14,75 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 302
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

«Ұлағат» баспасы

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Мазмұны

С о д е р ж а н и е

**ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
НАУКИ О ЗЕМЛЕ**

Каймулдинова К.Д., Джангельдина Д.І., Бейкитова А.Н. Қазақстан аумағы туралы ХІХ ғасырдағы топонимикалық деректер.....	3
Алшымбеков С.Қ., Байгукин Ғ.Т. Шөлейттену – экожүйенің ғаламдық мәселесі.....	7
Каймулдинова К.Д., Абдиманапов Б.Ш., Бейкитова А.Н. Қалалардың инновациялық дамуын зерттеудің теориялық мәселелері.....	10

**ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

Қорғанбаева Ж.Қ., Бектуров Е.А. Порфириндер және олардың металды қосылыстары.....	17
Тусупкалиев Е.А., Жаксибаев М.Ж., Назарымбетова Х.А., Журсумбаева М.Б., Татыкаева М.Б. Исследование процесса сорбции меди в модельной системе «H ₂ SO ₄ – цеолит – Cu».....	25
Касымбекова Д.А., Рахметова А.К., Момбеков С.Е. Синтез биологически активных полимерных композитов на основе желатина.....	31

**БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**

Ogtay Zangilanly The Largest Platanus Forest of the World.....	35
Бабашев А.М. Адам ағзасында ұялы телефонның әсерінен болатын физиологиялық өзгерістер.....	40
Татаринова Г.Ш., Қунакбаев А.С., Бабашев А.М. Профилактика курения среди подростков.....	45
Ташенова Г.К., Құрманәлі Б.Қ., Бахтыбекқызы М. Влияние гипотиреоза на гестационный период.....	51

ЭКОЛОГИЯ

Чилдибаев Д.Б., Аманбаева М.Б. Современные тенденции экологического образования в средней и высшей школе Казахстана.....	56
Сабденалиева Г.М., Тастанова Б.Е., Қалдыбаева Ж.Б. ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің экологиялық мүмкіндіктері.....	59
Сабденалиева Г.М., Тастанова Б.Е., Қалдыбаева Ж.Б. Қоршаған ортаның ластануынан туындаған ауру түрлері.....	62
Жантеева Г.Е. Климат өзгерісінің әсері.....	66

ВЕСТНИК
Серия «Естественно-географические науки»
№4(42), 2014 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2001 года.

Главный редактор:
д.х.н., проф. М.Е. Ермаганбетов

Редакционная коллегия:
зам. гл. редактора,
к.х.н., проф. Х.Н. Жанбеков,
зам. гл. редактора,
д.г.н., проф. К.Д. Каймулдинова,
д.пед.н., проф. Ж.Ә. Шоқыбаев,
д.биол.н., и.о. проф. З.Б. Тунгышбаева

Члены редколлегии:
д.геогр.н., проф., академик НАН РК
А.С. Бейсенова,
д.х.н., проф., академик НАН РК
Е.Ә. Бектуров,
д.пед.н., проф., член-корреспондент НАН РК
С.Ж. Пралиев,
д.биол.н., проф. Ж.Ж. Жатқанбаев,
д.х.н., проф. Т.О. Омаркулов,
д.пед.н., проф. Н.К. Ахметов,
д.геогр.н., проф. М.Е. Белгибаев,
д.биол.н., проф. Е.Т. Тазабекова,
д.биол.н., проф. Л.Б. Сейлова,
д.х.н., проф. Н.А. Бектенов,
д.биол.н., проф. К.С. Рымжанов,
д.пед.н., проф. А.А. Саипов,
д.х.н., проф. Г.И. Мейирова
д.геогр.н., проф. А.Н. Нигматов
(Узбекистан),
д.биол.н., проф.
Б.А. Тохторалиев (Кыргызстан),
д.геогр.н., проф. Н.А. Родионова (Россия),
д.х.н., проф. Д.Ю. Мурзин (Финляндия),
доктор PhD Ренато Сапо (Италия),
доктор PhD Жан Марк (Бельгия),
к.х.н. А.Е. Сагимбаева (ответ. секретарь)

© Казахский национальный педагогический университет им Абая, 2014

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. N10110 – Ж

Подписано в печать 29.01.2015.
Формат 60x84¹/₈. Объем 14,75 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 302

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13.
КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ
МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСЦИПЛИН

Мансуров Б.А. Совершенствование контроля знаний и оценки учащихся.....	69
Каймулдинова К.Д., Искакова Р.Т. География сабақтарында инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі.....	78
Сағымбаева А.Е., Аханова С. Дамыта оқыту технологиясы.....	84
Бекенова Н.А. Педагогические приемы работы с экологическими понятиями и терминами на уроках биологии.....	87
Өнербаева З.О. Химия сабағында проблемалық оқыту әдістерін қолдану.....	92
Жусупбекова Н.С. Тестовые задания на установление правильной последовательности по теме: «Жизнедеятельность одноклеточных животных».....	97
Капанова Б.К. Экологиялық білім мен тәрбие беруді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету моделі.....	100

ТУРИЗМ

Алшымбеков С.Қ. Қызылорда аймағының туристік-рекреациялық әлеуеті.....	103
Омаров Қ.М., Мырқасымова Г.Н. Белсенді тау жорықтарын ұйымдастырудың ерекшелігі.....	109
Мырқасымова Г.Н. Балалар туризмінде анимациялық бағдарламаларды пайдаланудың мүмкіндіктері.....	111

ИНСТИТУТ ЖЫЛНАМАСЫ
ХРОНИКА ИНСТИТУТА

Нурахметова А.Р. Гульнур Толеугазиевне Азимбаевой, доценту кафедры химии Института естествознания и географии КазНПУ им. Абая – 60 лет!.....	117
---	------------

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР НАУКИ О ЗЕМЛЕ

ӘОЖ 911:74

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ ТУРАЛЫ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ТОПОНИМИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

К.Д. Каймулдинова – *геогр.ғ.д., профессор, Елтану және туризм кафедрасының меңгерушісі,*

Д.І. Джангельдина – *п.ғ.к. доцент,*

А.Н. Бейкитова – *география магистрі, аға оқытушы,*

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Қазақстан аумағындағы географиялық атаулардың этимологиясы мен семантикасына, олардың географиялық болмыстың ерекшеліктерін сипаттайтын мазмұнына қатысты зерттеулерде осы аумақты зерттеген саяхатшылар мен ғалымдар еңбектерінде кездесетін топонимикалық деректердің маңызы өте зор. Жалпы алғанда, бұл еңбектердің көпшілігінде зерттеу ауданының ландшафттық сипаты нақты сипатталатындықтан, географиялық атаулардың және олардың негізінде жатқан халықтық географиялық терминдердің мағынасына айрықша көңіл бөлінгенін және оның географиялық ортамен байланысын табуға тырысушылық болғанын байқадық. Біздің зерттеу тақырыбымызға сәйкес, қарастырылған дерек көздері арасында әсіресе Қазақстан аумағын ХІХ ғасырда зерттеген ғалымдар мен саяхатшылар еңбектерінде қазіргі топонимикалық және терминологиялық зерттеулерге арқау болатындай бастапқы материалдар бар екендігі анықталды.

Сондай ақ мақалада қазақ жерін зерттеуші Ф.Назаров, А.Эверсманн, Е.К. Мейендорф, А.И. Левшин, А.Макшеев, Н.Северцовтардың еңбектеріне талдау жасалынды. Бұл еңбектердің Қазақстан табиғатын зерттеудегі маңызы зор. Мұнда Қазақстан аумағындағы микротопонимдер, оронимдер, гидронимдер, фитонимдерге сипаттама келтірілді, олардың мағынасына түсінік берілді. Географиялық нысандар атауларының транскрипциясы келтірілді. Қазақстан табиғатын зерттеуші саяхатшылар қазақ тіліндегі географиялық нысандар атауларын жергілікті табиғат жағдайларымен салыстыра отырып зерттеген және олардың мән-мағынасын түсіндіріп өткен.

Аталмыш мақалада қазақ жері аумағының ландшафттарының әртүрлілігі мен жергілікті географиялық терминологияның жіктелген сипатын танып-білуге деген саяхатшылардың қызығушылығын дәлелдей түскенін көруге болады.

Түйін сөздер: этимология, семантика, географиялық атаулар, микротопонимдер, оронимдер, гидронимдер, фитонимдер, транскрипция, географиялық нысандар, ландшафт.

1813 жылы қазақ жерін аралаған саяхатшы *Ф.Назаровтың* жолжазбаларында көптеген географиялық нысандарға сипаттама беріліп, сол кез үшін құнды топонимикалық деректер берілген. Саяхатшы әсіресе жергілікті жердегі микротопонимдерге айрықша мән бергені көрініп тұр, оның жазбаларында *Қаратомар, Көктерек, Сарыағаш, Жұзқамыс, Шұбарайғыр, Масаққамыс, Торыайғыр, Ақмола, Жыланды* сияқты қоныс атаулары кездеседі [1]. Ол қазақ жеріндегі оронимдер мағынасын орыс оқырмандарына түсіндірмек ниетте *Көкшетау, Қаратау, Арыстантау, Шолақасу* атауларының аудармасын берген. Қазіргі кезде транскрипциясы мен этимологиясы көп дау туғызып жүрген Боралдай атауын саяхатшы «Буралтай» нұсқасында берген. Бұл өз кезегінде атаудың бастапқы нұсқасы Бурылтай болуы мүмкін екендігіне негіз болады. Қазығұрт басында Нұқ пайғамбардың кемесі қалған деген аңызға да саяхатшы ерекше назар аударған. Ф.Назаров еңбегінде Нұра, Есіл, Құланөтпес, Шу, Арыс, Бадам, Келес өзендері туралы да деректер келтірілген. Кейбір атаулардың бұрмаланып берілгеніне қарамастан, Ф.Назаров қалдырған мәліметтердің аймақтық топонимикалық зерттеулер үшін маңызы зор деп білеміз.

1825-1826 жылдары *Ф.Ф. Берг* басқарған ғылыми экспедиция құрамында болған көрнекті ғалым *Э.А.Эверсманн* Үстіртке қатысты өте құнды деректер қалдырған. Жалпы алғанда, «Үстірт» атауының орыс ғылыми әдебиетіне алғаш енгізілуіне, кейіннен бұл атаудың тұрақтануына осы ғалымның қолжазбалары түрткі болған. Э.Эверсманнның айтуынша, осы аймақтағы беті тегіс, биік қыраттың Үстірт («үстіңгі жер» мағынасында) деп аталуы заңды, өйткені оңтүстіктегі қарақалпақтар қоныстанған аласа жазыққа бұған қарама қарсы мағынадағы Астүрт («астыңғы жер») атауы берілген. Біздің топшылауымызша, «Үстірт» алғашында нақты географиялық нысанға қатысты жалқы есім ретінде қолданылып, кейіннен жалпы есімге (терминге) айналған.

Э.Эверсманнның осы кезге дейін орысша ғылыми еңбектерде, оқылықтарда «чинк» түрінде беріліп жүрген жергілікті географиялық терминнің мағынасы мен айтылуына қатысты деректері де назар аудартады, түсінікті болу үшін оны орысша нұсқасында беруді жөн көрдік: «Здешний берег, равно как и берег Аральского моря, очерчивающий Устюрт и заключающий возвышенную плоскость, называется киргизами (казақтар – К.К.) чинк или чин (*нк* произносится в нос, так, что *к* вовсе почти не слышно)» [2, 144-б.].

Экспедиция материалдарына «*Натурологиялық журнал*» деген атпен енген оның ғылыми есебінде көптеген географиялық құбылысқа түсіндірме берумен қатар, жергілікті атаулардың мағынасына шолу жасалған. Ғалым Жем өзені сағасында көптеген шығанақтар мен көлшіктердің бар екендігі, олардың атаулары жөнінде деректер келтірген. Осындағы Жалтырмұз шығанағы атауына қатысты мынадай жазба бар: «Жалтырмұз шығанағүстімен қыста соғатын күшті желдер қарды үрлеп әкетеді, сондықтан мал тегіс мұз бетімен тайғанақтап, әрең өтеді, сондықтан бұл шығанақ Жалтырмұз деп аталған» [2, 137-б.]. Ғалым жергілікті қазақтардың осы қолайсыздыққа орай, бұл жерді Жаман деп те атайтынын жазған.

Ғалым еңбегінде сол кезеңдегі орыс ғалымдарымен салыстырғанда, Үстірттегі географиялық нысандар атауларының орысша транскрипциясы да неғұрлым дұрыс нұсқада берілгенін атап өтуге болады. Ғалым орыс ғылыми әдебиеті мен карталарында «Эмба» деп беріліп жүрген өзен атауының қазақша «Жем» екендігін анықтап жазған. Э.Эверсман Сағыз өзені атауына қатысты деректерді сұрастыру барысында Сағыз өзені бастауындағы құмды тастан жаздың ыстығында шайыр бөлініп шығатынын, өзен атауы осыған байланысты екендігін анықтаған.

Аталған экспедиция материалдарында Ұялы арал атауының осында ұя салатын көптеген қаз бен аққу тобына қатысты екендігі, ал қатар жатқан Желтау мен Көлеңкелі тауларының атаулары жергілікті климат ерекшеліктерімен түсіндірілген. Қазақтардың географиялық нысандарды шаруашылық тұрғыда бағалау ұстанымына сәйкес, «жақсы-жаман», «тентек» анықтауыштарының негізінде жасалған атаулар (Жақсы Есенжал, Жаман Есенжал, Тентексор) тобы да келтірілген. Экспедиция мүшелері өз жазбаларында осы аймақтағы Тентексор сорының өткел бермес, тартпа балшықтан тұратынын, Тастықұдық құдығының таспен өрілгенін, Шұрық деп аталатын жерде ондаған құдықтың бар екендігін, Күркіреуік деп аталатын бастаудан атқылаған судың дыбысы алысқа естілетіндігін маңызды дерек ретінде келтірген. Көшпенді қазақтың кеңістікте бағдар алу мақсатында қойған құдық атауларының (Шет Тасқю, Орта Тасқю, Арғы Тасқю) келтірілуі де номинация ұстанымдарына қатысты құнды дерек болып табылады.

А.Ф. Негридің жетекшілігімен 1820-1821 жылдары Бұхараға жіберілген дипломатиялық миссия құрамында болған капитан Е.К. Мейендорф Қазақстанның солтүстік-батысы мен оңтүстік-батысындағы аумақтар жөнінде маңызды топонимикалық деректер қалдырған. Кейіннен жеке ғылыми еңбек ретінде жарық көрген өз жазбаларында саяхатшы қазақ тіліндегі географиялық нысандар атауларын жергілікті табиғат жағдайларымен салыстыруға тырысқан. Ол қазақтардың номинациялау ұстанымына қатысты мынадай пікір білдірген: «Қырғыздар (қазақтар – К.К.) өзінің көзіне түскен жерлерге айрықша сипаттағы атаулар береді. Мысалы, Айрықтаудан оңтүстікке қарай жатқан тау Жамантау, ал солтүстіктегісі Жақсытау деп аталады. Алғашқысының беткейлерінде шөп аз өскен, екіншісінде жақсы жайылым да, су да мол» [3, 32-б.].

Сонымен қатар, *Е.К. Мейендорф* Мұғалжар тауының биік нүктесін Айрық деп атайтынын, оны екі мағынада түсіндіруге болатынын айтқан: біріншіден, бұл атау «жеке дара» мағынасында аталған, өйткені ол басқаларынан әлдеқайда биік тұр; екіншіден, ол «айырық» мағынасын беруі мүмкін, өйткені ол екі шыңнан тұрады. Орыс саяхатшысының Қызылқұм шөлінің атауына қатысты жасаған қорытындылары да Қазақстан топонимикасы үшін маңызын әлі жойған жоқ. Оның жазбаларында Сырдария, Жаңадария және Қуандария туралы өте маңызды географиялық деректер келтірілген. Ол шыңдарын мәңгі қар басқан, кей бөліктері мүлде қарсыз тауларды қазақтар қара мен ақтың кезектесуі себепті «Алатау» деп атайтындығын атап көрсеткен. Жергілікті географиялық атаулардың мағынасы мен жазылуына осылайша айрықша мән беріп, жинақтаған Е.К. Мейендорф орыс карталарында көптеген бұрмалаушылықтың бар екендігін атап көрсеткен [3, 70-б.]. Осының өзі қазақ жері ландшафттарының әртүрлілігі мен жергілікті географиялық терминологияның жіктелген сипатын танып-білуге деген саяхатшының қызығушылығын дәлелдей түседі.

Ресейде қазақтар жөнінде алғаш монографиялық еңбек жазған белгілі орыс тарихшысы *А.И. Левшин* өзінің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» (1832) атты еңбегінің 1-бөлімінде қазақ жерінің географиялық сипаттамасын берген [4]. Бұл еңбектің топонимикалық зерттеулер үшін маңызын біз мынадан көреміз:

1. Еңбекте Қазақстан аумағындағы географиялық нысандарға сипаттама жасау барысында олардың атауларының мағынасына тоқталуы. Мысалы, ғалымның Сасықкөл, Тобыл, Терісаққан, Аманқарағай, Темір және басқа атауларға қатысты топонимикалық деректері, Зайсан көлінің «Зайсан-Нор», Шар өзенінің «Чар-Гурбан», Алакөлдің «Гурге-Нор» деген тарихи атауларын беруі аса маңызды.

2. Қазақ жеріндегі орманды алқаптарға қатысты деректер тарихи материалдарға сілтеме жасау негізінде берілген. Еңбекте Аманқарағай, Арақарағай, Жабыққарағай, Ортақарағай, Наурызым, Сандық ормандары жөнінде мәліметтер бар. Қазақ халқының қылқан жапырақты ормандарды жалпы «қарағай» деп атап, ұсақ жапырақтылардан тұратын тоғайларды «ағаш» деп атағаны белгілі. Олай болса, бұл

деректерді ландшафттарды қалпына келтіруге қатысты топонимикалық зерттеулерде пайдалануға болады.

3. А.И. Левшиннің географиялық нысандарға берілген сипаттамасы осыдан екі ғасыр бұрынғы географиялық дерек болғандықтан, қазіргі кезде аталу себептері түсініксіз кейбір топонимдерді зерттеуге бастама болады деген ойдамыз. Әсіресе Бұғылы тауында маралдардың көп мекендейтіндігі, Тобыл өзені бойында тобылғының көп өсетіндігі, Арал теңізінде аралдардың көп екендігі жайлы мәліметтер, Үстірттегі құландар мен тарпандар, Сыр бойындағы қамысты мекендейтін жолбарыстар туралы деректер аса құнды.

1839 жылы қазақ жерінің батысын аралаған Е.П. Ковалевскийдің жазбаларында да қазақ атауларына деген айрықша қызығушылық бар. Әсіресе Бақыртау атауына қарап, саяхатшының мынадай қорытынды жасауы таңғалдырады: «Мұнда мыстың кен орны ашылуы мүмкін, бұған оның атауының өзі негіз болады...» [5, 55-6.].

Әйгілі орыс ғалымы А.Макшеев қазақ жерінде бірнеше рет болған. Оның 1848 жылғы алғашқы саяхаты кезінде Сырдария мен Арал өңіріндегі көптеген географиялық нысандарға сипаттама берген. Ғалымның жергілікті атаулардың мағынасын білуге құмартқаны оның еңбектерінде айқын көрінеді. Ол Сырдария өзеніндегі ең қолайлы екі өткелдің атауларын (Аманөткел, Ханөткел) жазып алған. Құланды түбегінің құланның көп болуына байланысты қойылғанын атап көрсеткен, Қамыстыбас көлін өзеннен бөліп жатқан бөгетті қамыстың көп болуына қарай Қарабөгет деп атайтыны жөнінде деректер бар [6]. Кейініректе А.Макшеевтің XVIII ғасырда швед Ренат құрастырған картада берілген қазақ жерінің атауларына жасаған талдауы да ғалымның қазақ атауларына аса құрметпен қарағанын, олардың жазылу ерекшеліктеріне мән бергендігін дәлелдей түседі [7].

XIX ғасырдың екінші жартысында Орыс географиялық қоғамының тапсырмасымен қазақ жерін зерттеген Н.Северцовтың осы саяхаттар туралы еңбегінде де географиялық және топонимикалық деректер бар [8]. Әсіресе Құлансу өзені, Қаратау жүйесіндегі Құлан жотасы туралы мәліметтері, Жаңадарияның ортағасырлық Қызылдария атауына қатысы жөніндегі тұжырымы, қытай деректерінде аталған Мыңбұлақ қонысын сипаттауы, Билікөл жағасындағы өсімдік пен жануар дүниесіне берген анықтамасы тарихи география мен топонимикалық зерттеулер үшін аса маңызды болып табылады. Ғалымның қазақтардың табиғатты пайдалану және қорғау дәстүрлері жайлы түйген ойлары жеріміздегі «әулие» атаулардың шығу тегіне қатысты соны көзқарас қалыптастыратыны сөзсіз. Өйткені халқымызда табиғатты, оның айрықша нысандарын пір тұту дәстүрі болғандығын осы еңбек дәлелдей түседі. Көне түркілерден бастау алған осы пір тұту дәстүрі қорғауды қажет ететін табиғат ескерткіштерін, сирек кездесетін орманды алқаптарды «әулие» атаулар беру арқылы бүлдіруге тиым салған.

Балқаш көлі мен Жетісу өңіріне саяхат жасаған А.М. Никольскийдің жазбаларында осы аумақтың XIX ғасырдың 80-жылдарындағы табиғат жағдайлары көрініс тапқан [9]. Ғалым қазақтарды білгір натуралист ретінде бағалап, олардың ең алдымен шаруашылық маңызы бар табиғи нысандар мен құбылыстарға назар аударатынын атап көрсеткен. Аталған еңбекте Тартүбек түбегі, Кеңтүбек, Көктүбек, Ақтүбек туралы деректер бар. Жалпы «түбек» деп қазақтар су айдынына сұғына еніп тұрған құрлықтың бөлігін айтатыны белгілі. Ол термин ретінде ғылыми айналымға әлдеқашан еніп кеткен. Соған қарамастан, оңтүстік-шығыстағы тауалды өңірлерінде тұратын қазақтардың өзен-көл жағалауындағышалғын шөп өскен, шабындыққа қолайлы бөліктің бәрін «түбек» дейтінін бала кезден білетінбіз. Олай болса, А. Никольский еңбегіндегі аталған түбектердің алғашқысынан басқасы шабындық жерлер атауы екендігі күмән туғызбайды. Ғалымның Балқашқа жақын Жүзағаш бекеті, Аягөз өзені аңғарындағы қалың терек пен көктерек тоғайлары, жазда Шыңғыстауға үдере көшегін құлан үйірлері, балығы тулаған кішкентай Балықтыкөл, буырқанған Көксу мен Қаратал өзендері, Бақанас сағасындағы сансыз көп қоқиқаздар туралы деректері осы өңірдегі табиғат кешендерінің соңғы 120 жыл ішінде қаншалықты өзгергенінен хабар береді. Бұл мәліметтер осы өңірдегі байырғы атаулардың этимологиясына қатысты дерек көзі бола алады. Мысалы, Қамау атауының бастапқы мағынасын ғалымның мына мәліметтері түсіндіре алады: «Қамау ормандары өте қалың және тіптен өту қиын» [9, 57-б.]. Осыдан А.М. Никольский суреттегендей, тал, жиде, қой бүлдірген, алып қамыстар бытысып өскен бұл тұстан өту қиын болғандықтан, көшпенді қазақ бұл жерді Қамау деп атағаны түсінікті болады.

Өткен тарихтың куәсіндей сарғайған еңбектерді ақтарған сәттерде, халқымыздың мәдени мұрасы ретінде бағалауға болатын географиялық атауларының тамыры тереңде екендігіне сан рет куә боласың. Осындай мол мұраны еш жерге жазбай-ақ, санасында ғасырлар бойы сақтаған халықтың кереметтігіне бас иесің. Әйгілі британдық тарихшы Дж. Тойнбидің мына сөздері бұған жауап беретін сияқты: «Құрғақ даланы тек малшы ғана игере алатын еді, бірақ, мұнда өмір сүріп, даму үшін, көшпенді малшы өзінің

шеберлігін ұдайы шыңдап, жаңа дағдыларды игеріп, сонымен қатар айрықша адамгершілік және ақыл-ой қабілетін дамытуы керек болатын» [10, 185-б.].

Жалпы алғанда, саяхатшылар жолжазбалары мен зерттеушілер еңбектерінде молынан кездесетін топонимикалық деректер географиялық атаулардың нақты мағынасы мен олардың пайда болу жағдайларына талдау жасауға мүмкіндік береді деген сенімдеміз.

1. Назаров Ф. *Записки о некоторых народах и землях средней части Азии.* – М., 1968
2. *Первые русские научные исследования Устюрта.* – М.: Изд-во АН СССР, 1963. – 323 с
3. Мейендорф Е.К. *Путешествие из Оренбурга в Бухару.* – М., 1975 – 181 с.
4. Левшин А. *Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Часть 1: Известия географические.* – СПб., 1832. – 264 с.
5. Вальская Б.А. *Путешествия Е.П. Ковалевского.* – М.: Географгиз, 1956. – 200 с.
6. Макшеев А. *Путешествие по киргизской степи и Туркестанскому краю.* – СПб., 1896
7. Макшеев А.И. *Карта Джунгарии, составленная шведом Ренатом во время его плена у калмыков, с 1716 по 1733 год //Записки ИРГО, том 11.* – СПб., Типография Императорской АН, 1888. - С. 105-145.
8. *Путешествия по Туркестанскому краю и исследование горной страны Тянь-Шаня, совершенные по поручению Императорского русского географического общества доктором зоологии, членом ИРГО Н.Северцовым.* – СПб., 1873. – 459 с.
9. *Путешествие на озеро Балхаш и в Семиреченскую область А.М. Никольского //Записки Западно-Сибирского отд. РГО, кн. 7, вып. 1-2.* – СПб., 1885. – С. 1-93.
10. Тойнби А.Дж. *Постыжение истории.* – М.: Прогресс, 1991. – 736 с.

Резюме

В статье рассмотрены этимология и семантика географических названий регионов Казахстана, исследования, характеризующие особенности их содержания и географического видения, важность топонимических сведений трудов путешественников и ученых, исследовавших данную область. В общем, в большинстве данных трудах определено точное ландшафтное описание исследуемых районов, уделено особое внимание содержанию географических терминов и народных названий, лежащих в их основе, наблюдалось стремление найти их связь с географической средой. Соответственно нашей исследуемой теме в рассмотренных источниках данных определено, особенно, в трудах путешественников и ученых, исследовавших регионы Казахстана в 19 веке, наличие первоначального материала для современных топонимических и терминологических исследований.

Также, в статье дан анализ трудам исследователей казахской земли Ф.Назарова, А.Эверсманн, Е.К. Мейендорф, А.И. Левшина, А.Макшеева, Н.Северцова. Данные труды имеют очень важное значение для исследования природы Казахстана. Здесь даны характеристики микропонимам, оронимам, гидронимам, фитонимам регионов Казахстана, определение их содержанию. Даны транскрипции названиям географических объектов. Путешественники, исследовавшие природу Казахстана, в сравнении с местными природными условиями объяснили происхождение и содержание название географических объектов на казахском языке.

В данной статье можно рассмотреть соответствие заинтересованности путешественников в изучении разновидности ландшафтов регионов казахской земли и характеристики систематизированной местной географической терминологии.

Ключевые слова: этимология, семантика, географические названия, микропонимы, оронимы, гидронимы, фитонимы, транскрипция, географические объекты, ландшафт.

Summary

The article discusses the etymology and semantics of geographical names of regions of Kazakhstan, research characterizing the features of their content and geographical vision, the importance of toponymic data for travelers and scientists who have studied this area. In general, most of the data is difficult to determine the exact description of the landscape of the study area, paying particular attention to the content of geographical terms and vernacular names, the underlying, there was a desire to find their relationship with the geographical environment. Accordingly, our study examined the topic in data sources defined, especially in the writings of travelers and scientists who have studied the regions of Kazakhstan in the 19th century, the presence of the original material for modern toponymic and terminological research.

Also, the article analyzes the work of a researcher of KazakhlАnd F.Nazarova, A.Eversmann, E.K. Meyendorff, A.I.Levshina, A.Maksheev, Severtsov. These works are of great importance for the study of the nature of Kazakhstan. Here are the characteristics of microtoponymy, oronyms, hydronyms, fitonimovregions of Kazakhstan, the determination of their content. Given transcription names of geographic features. Travelers explore the nature of Kazakhstan, in comparison with the local natural conditions explain the origin and content of geographical names in the Kazakh language.

In this article, we can consider matching travelers interested in exploring the variety of landscapes and regions of the Kazakh land characteristic systematic local geographical terminology.

Keywords: etymology, semantics, geographical names, microtoponyms, oronyms, hydronyms, fitonim, transcription, geographic features, landscape.

ШӨЛЕЙТТЕНУ – ЭКОЖҮЙЕНІҢ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

С.К. Алшымбеков – п.ғ.к., *Елтану және туризм кафедрасы. Абай атындағы ҚазҰПУ,*
Ғ.Т. Байгукин – *6M011600 география мамандығының 2 курс магистранты. Абай атындағы ҚазҰПУ*

Мақалада әлемдік экологиялық мәселелердің бірі «шөлейттену» үдерісі қарастырылады. Шөлейттену "климаттың өзгеруі мен адам қызметін қоса алғанда, әр түрлі факторлардың іс-әрекеті нәтижесінде құрғақ, жартылай құрғақ және қуаңшылық субгумидтік аудандардағы жерлердің жұтауы". Табиғи және антропогендік факторлар Қазақстандағы шөлейттенудің себептері болып табылады.

Қазақстандағы шөлейттену процесінің дамуына ықпал ететін негізгі табиғи фактор құмдардың (30 млн.га-ға дейін) және сортаңданған жерлердің (127 млн. га) кең таралуына алып келетін климаттың құрлықтылығын және құрғақшылығын, су ресурстарының кедейлігі мен бөлуінің біркелкілігін айқындайтын елдің ішкі құрлықтық жағдайы болып табылады. Жерлердің жұтау процестерін дамыту үшін жағдай, құрғақшылықтың әсері кезінде топырақ құраудың маусымдық ерекшеліктерін бұзу кезінде жасалады. Сондай-ақ топырақ-өсімдік жамылғысының әлсіз жинақылығы және оның серпінділігі шөлейттенудің алғы шарты болып табылады. Қазақстанның бұл табиғи ерекшеліктері антропогендік әсер етулерге табиғи ортаның әлсіз тұрақтылығымен белгілі (қолда бар деректер бойынша елдің шамамен 75% аумағы экологиялық тұрақсыздандырудың жоғары қатеріне ұшыраған).

Қазақстандағы шөлейттену процестерінің туындауына және дамуына алып келетін антропогендік факторлар, ең алдымен шаруашылық қызметінің мынадай түрлерімен байланысты: малды жаю; егін шаруашылығы; жер койнауын әзірлеу; өнеркәсіптік, әскери және азаматтық объектілерді, суландыру және желілік құрылғыларды салу және пайдалануға беру. Шөлейттену сондай-ақ, орманды жоспарсыз жаппай кесудің, мал азығы мен отынға бұталар мен жартылай бұталарды шабудың, орман және дала өрттерінің, жүйесіз рекреацияның, елді мекендер аумағында қоқыстарды ұйымдастырудың, топырақтардың және улы заттармен жер асты суларының ластануының, көліктің әсер етуінің нәтижесі болып табылады.

Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенцияда қабылданған өлшемдеріне сәйкес айқындалған Қазақстанда шөлейттенудің басты тұрпаты мыналар болып табылды: өсімдіктердің жұтауы; топырақтың сулы және желді эрозиясы; топырақтың сортаңдануы және қарашірінсізденуі; топырақтың, грунт және жерасты суларының химиялық ластануы; жердің және гидрологиялық режимнің техногендік бұзылуы. Шөлейттенуге алып келетін антропогендік факторлардың әсерінен республиканың жануарлар әлемі біраз өзгерістерге ұшырады. Жер үсті және топырақ насекомдарының, өрмекші тәрізділердің, құстардың, сүт қоректілердің және басқа да жануарлардың фаунасы өте қатты зиян шекті. Республиканың солтүстік облыстарындағы аймақтық дала фаунасының шамамен 80% аумағы жойылған. Осындай ұқсас жағдай Тянь-Шаньның далалық белдеуінде және оның тау етегінде де қалыптасқан, онда фитофаг-жәндіктердің көптеген түрлері, өсімдіктерді тозандандыратын жабайы аралардың, жыртықшы және паразиттік буын аяқтылардың, ұсақ құстардың, бауырымен жорғалаушылар мен сүт қоректілердің көптеген түрлері жоғалды, үміткерге айналды.

Түйінді сөздер: Аридты зона, антропогендік фактор, шөлейттену, шөл, табиғат, эрозия, ландшафт.

Шөлдену тек жекелеген елдердің ғана емес, әлемдік деңгейдегі шешуі қиын ғаламдық мәселе.

Шөлейттенуэкожүйедегі тепе-теңдіктің бұзылуына және белгілі бір территориядағы органикалық тіршіліктің барлық формаларының деградацияға ұшырауына алып келетін табиғи және антропогендік процестердің жиынтығы. Сондай-ақ табиғи экожүйенің адамның қатысуынсыз орнына қайта келмейтіндей өсімдіктер жамылғысын жоғалтуы. Шөлейттену негізінен ылғалы тапшы аудандарда табиғи және көбіне антропогендік факторлардың әсерінен (орман ағаштарын Қырқу, жайылымдарды үздіксіз пайдалану, суғару жұмыстары кезінде су ресурстарын үнемсіз пайдалану және т.б. пайда болады. Шөлейттену әлемнің барлық табиғи аймақтарында жүруде [1].

Қазіргі таңда әлемнің әртүрлі елдеріндегі шөлейттенудің басты себебі – табиғи ресурстарды шаруашылықта пайдалану құрылымының сол ландшафтың табиғи мүмкіншілігіне сәйкес болмауы, халық санының өсуі, антропогенді қысымның артуы, кейбір елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендігі. БҰҰ-ның 1985 жылғы мәліметтері бойынша, сол кездің өзінде антропогенді шөлейттенудің көлемі 9 млн км²-ге жеткен және жыл сайын 7 млн гектар жер пайдаланудан шығып қалуда. Шөлейттену процесі жалпы жер көлемінің Азияда - 19%, Африкада - 23%, Австралияда - 45%, Оңтүстік Америкада - 10%-ын құрайды. Сахара шөлі оңтүстікке қарай жылына орташа 6 км жылдамдықпен жылжуда.

Шөлейттену – адамның шаруашылық әрекетінің ықпалымен өсімдік жамылғысы сиреп, шөлге ұқсас ландшафттардың пайда болуы. Дүниежүз. климаттың өзгеруі мен оның қуандануының өсуіне байланысты Шөлейттену процесі қарқынды жүруде. Шөлейттену нәтижесінде биологиялық өнім мен түр саны азайып, топырақ құнарсыздана бастайды. Қазіргі кезде құрлық бетінің 1/3 бөлігінде топырақтың құнарлы

кабатының жоғалу қаупі бар, ал оның әсерінен Жер шары халқының 1/5 зардап шегуі мүмкін. Соңғы 50 жыл бойында дүние жүзінде 800 миллион га-дан астам жер Шөлейттенуге ұшыраған. Мұның негізгі бөлігі Африка құрлығына келеді. Мысалы, Сахара шөлі оңтүстікке қарай 650-700 км шамасында жылжыған, ғалымдардың болжамы бойынша 2020 жылы Оңтүстік Африканың 60 миллион тұрғыны жарамды жерлердің Шөлейттенуі салдарынан өздерінің атамекенінен басқа аудандарға қоныс аударуға мәжбүр болады.

Орта Азияның таулы аудандарында, Арал және Балқаш төңірегінде, Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның биік зоналы геожүйелерін қоса (Тянь-Шань, Памир-Алай) шөлейттену процесі қарқынды жүруде. Амудария мен Сырдария өзендерінің суларын ауыл шаруашылығының қажетіне пайдалану Арал теңізінің сусыз жерлерінде сортаң, тақыр жазықтықтардың пайда болуына алып келді. Сондай-ақ Арал төңірегі ландшафтарының деградацияға ұшырауы көлді-батпақты және тоғайлы табиғи кешендердің тұздың жиналуы молая түскен гало-ксерофитті кешендерге алмасуда.

Қазақ елінің шөл аймағы – табиғаттың физикалық-географиялық жағдайынан, сол сияқты адам әрекетінің нәтижесінен пайда болған ландшафт. Қазақстанның алып жатқан географиялық орны 4 табиғи аймақты қамтиды: орманды дала, дала, шөлейт, шөл. Бұл аймақтар жалпы география ғылымында қалыптасқан табиғи ландшафттық аймақ ретінде аймақтарға жатады. Аймақтың қалыптасуын В.В. Докучаев, Л.С. Берг сияқты ұлы ғалымдар зерттеген. Л.С. Берг осы зоналар аралығында өтпелі аймақтарды қарастырған және ендік бағыттағы зоналарды геологиялық, тектоникалық, орографиялық ерекшеліктеріне қарай провинцияларға бөлген. Осы айтылған аймақтар шекаралары бүгінгі таңда өзгеріске ұшыраған. Оның негізгі себебі қоғамның, экономиканың дамуымен, адам әрекетінің әсерімен тікелей байланысты. Адам әрекетінен пайда болған ғаламдық экологиялық мәселелер қоршаған ортаға техногендік жүктеменің артуынан туындайды. Осыдан келіп, шөлейттенудің көлемі ұлғаюда. Аумағының көп бөлігі жеткіліксіз ылғалдану аумағында орналасқан Қазақстан үшін, елдің үштен екісі шөлейттену процесінің әртүрлі деңгейіне ұшыраған (барлық жердің 70%-ға жуығы). Мұның пайда болуына климаттың аридтілігі, топырақтың дефляцияға ұшырауы, топырақтың тұздануы, сол сияқты жердің әртүрлі химиялық заттермен ластануы әсер етеді. Оның әрі қарай дамуы, күрделенуі адамның іс-әрекетімен тікелей байланысты.

Қазақстан жерінің шөлейттенген негізгі аймақтары Шығыс Қазақстан (Семей өңірі), Алматы облысы (Балқаш көлі маңы), Қызылорда облысы (Арал маңы), Маңғыстау облысы, Қарағанды облысы (Жезқазған аймағы) бүгінгі таңдағы адам мен қоғам арасындағы үлкен арақатынастың күрделенуіне әкеліп соғуда.

Біздің келтірілген антропогендік ландшафттардың планетарлық, аймақтық кең таралуы, оларды жіктеудің бір жүйеге түспегендігінен. Біз білетін орманды дала, дала, шөл, шөлейт, биік таулы табиғи ландшафттарының шекаралары өзгеріп кеткендігі жайлы ғалымдар арасында жүйеленген пікір жоқ. Тіпті, ғалымдардың жазған ландшафт жайлы еңбектері мен оқулықтарында да антропогендік ландшафттың жіктелуінің себебі, салдары айтылмайды. Осыдан шығатын қорытынды, антропогендік ландшафттың қалыптасуы, кең етек алуы жайлы ғылыми-теориялық тұжырымдамалар жетіспейді.

Солтүстік Қазақстанның 30% жері жарамсызданған, Батыс Қазақстанда мұнай-газ өнеркәсіп өнімдерімен 100 мың гектар жері техногендік ластанған, 2,5 миллион гектар жайылымдары жойылуда. Әсіресе, Азғыр мен Тайсойған полигондары қамтып отырған 1,4 миллион гектар жер радиоактивті қалдықпен ластанған.

Ал Каспий теңізінің 268 миллион гектар жағалауы су астында қалып, мұнай өнімдерімен ластану одан әрі жалғасуда (итбалықтардың азаюы, мезгіл-мезгіл қырылуы, өсімдіктердің жойылуы).

Орталық Қазақстанда жарамсыз жерлер көбеюде. Өзен бойларында техногендік ластану, топырақ құнарсыздануы, жануарлардың түрлерінің сиреуі, жайылымдардың тозуы, радиоактивті химиялық ластану мен ракета-космос қалдықтармен ластану (Бетпақдалада) жоғары деңгейде.

Оңтүстік Қазақстанда Амудария мен Сырдария алабының 2 миллион гектар жері шөлге, топырақтары сор, тақырға айналған Арал табанынан ұшқан тұздар эокжүйені қайтымсыз бүлдіруде. Жаңа антропогендік ландшафтының қалыптасуы әлемдік деңгейде де байқалады. Мысалы, Жапониядағы Хиросима мен Нагасаки, АҚШ-тағы Невада штатындағы жасалған сынақ жарылыстары. Осы өңірдегі 300 млн. га сексеуілдің жойылуы өте өкінішті. Арал, Созақ, Шолаққорған уран кен орындарының қоршаған ортаны ластануы антропогендік ландшафттың көрінісі. Жаңа антропогендік ландшафттың қалыптасуы әлемдік деңгейде де байқалады. Мысалы, Жапониядағы Хиросима мен Нагасаки, Америкадағы Колорадо атом жарылысы.

Шу-Мойынқұм, Балқаш-Алакөл аймағында адам әрекетінен антропогендік ландшафт ұлғаюда, климатының құрғақтануы, Қапшағай, Тасөткел су қоймаларының салынуы, суды көп қажет ететін күріш техникалық дақылдарының өсірілуі суармалы жерлердің тозуына әкеліп соқты.

Сол сияқты, Шығыс Қазақстан аймағында да ірі түсті металл, вольфрам, уран, қорғасын, мыс, мырыш кен орындары елді мекендер мен қала тұрғындарына қауіп әкелуде.

Табиғи ландшафттардан антропогендік ландшафттың негізгі айырмашылығы – табиғи ландшафт өзін-өзі реттеп, бір-бірімен байланысып жатса, антропогендік ландшафт қайта қалпына келмейді немесе өзін-өзін реттеу үшін ұзақ уақыт кетеді. Сондықтан, антропогендік ландшафтты қайта қалпына келтіру үшін, адам табиғат компоненттерін жоспарлы түрде тиімді пайдалануы қажет.

Шөл дала зонасы егін шаруашылығы үшін шамалы пайдаланылады. Мұнда негізінен ашық-қызғылт топырақты жерде ғана егіншілікпен шұғылданады. Шөлейтте қой және жылқы шаруашылығы басым дамыған. Ойдым-ойдым суармалы жерлерде көкөніс, бақша егіледі. Шөл аймағында Барсакелмес, Үстірт мемлекеттік қорықтары ұйымдастырылған.

Республика аумағының ормандылығы жалпы аумақтың 4,6%-ын ғана құрайды. Бұл сексеуілді жерлерді, орман жайылымдарын және бұталы тоғайларды қоса алғандағы көрсеткіш. Ал, орман құрамына тек ағаштарды алған кездегі нақтылы ормандылық 2,3%-ды құрайды.

Ормандардың сиреуі соңғы 40 жылдың ішінде қылқан жапырақты ормандардың өнімділігі 7%-ға, май-қарағай ағаштарының ауданы 13%-ға кеміген, Кеңді және Оңтүстік Алтай ормандарында ағаштардың сиреуі байқалады. Жетісу және Іле Алатауында өсетін алма ормандарының ауданы 24%-ға қысқарды [2].

Қазақстанның 5,0 миллион гектар ауданында шабындықтар бар. Шөлейттену салдарынан шабындықтардың ауданы қысқаруда. Оларды арамшөптердің басуы, бұталардың көбеюі, шалғындық өсімдіктердің ресурстық қана емес, сонымен қатар, суды реттейтін рөлі де толық немесе жартылай жойылуы көрініс беруде.

Қазақстанда топырақтың жел эрозиясы негізінде туындаған шөлейттенуі далалы, құрғақ далалы, жартылай шөлейтті және шөлейтті ландшафтты қамтыған. Жел эрозиясының әсерінен топырақтың құмдану, құнарсыздануы пайда болады. Егістік жерлердің жел әрекетінен қарашіріндінің құрамы азаяды, карбонаттылығы көбейеді, агрохимикалық және сулы-физикалық қасиеттері нашарлайды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда егістік жерлерде дефляцияның әлсіздігіне, оның қысқаруына байланысты болжаулар бар. Республикамыздың қуаңшылық аймақтарында, әсіресе қатты тозған жайылымдарда жер эрозиясының күшею қауіптілігі жоғары.

Суармалы жерлерді кеңейту жөніндегі бағдарламаны іске асыру барысында суландыруға сорғытылмаған және сортаңданған топырақтардың ауқымды алқаптары азайды. Көлемді суландырудағы өңірлердің су және экологиялық проблемаларының ішінде суды үнемсіз пайдалану мәселесі күн тәртібінде тұр. Бұл суды тасымалдаудың қарабайыр технологияларымен, экономикалық ынталандырудың және оны үнемдеу дәстүрінің болмауынан.

Суғарудың есепсіз болуы тұздандудың, батпақтанудың және су эрозиясының негізгі себебіне айналды, ал кәрізді сулардың шығыны өзендердің тыңайтқыштармен, пестицидтермен ластануына және жоғары минералдануына алып келді.

Қазіргі кезде әлемдік деңгейдегі планетарлық антропогендік ландшафттың етек алуы – табиғаттың даму заңдылығында тепе-теңдіктің күрт өзгеруінен бүгінгі күнде бүкіл адамзат баласының алдында тұрған үлкен мәселе. Әлемдік деңгейде ғалымдардың осы мәселені зерттеуі, табиғаттың өзгеру болмысын анықтау үшін экология ғылымына жүгінеді [3].

Табиғатты қорғау – ең алдымен халықтың экономикасын көтеру, табиғатты көріктендіру болашақ ұрпаққа бай мұра қалдыру деген сөз. Әрбір саналы, сауатты қоғам мүшесі осы үш түрлі негізі міндетті орындауды борышым деп білсе, табиғат артықсырап болмайды, ел қазынасы ортаймайды.

1. Ережепова Ф. Экология – ел тағдыры // Атамекен. – 2002. – 10 шілде.

2. Бейсенова А., Самакова Т., Есполов Э. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. – Алматы, 2004.

3. Әлімбетов А., Оспанова Г., Мейірбеков С. Табиғатты пайдалану және оны қорғау негіздері. – Алматы: «Атамұра», 1983.

Резюме

В статье анализируется появления **засухи мира, так и в Казахстане. Засухой** называют длительный период, когда дожди не выпадают вообще или уровень осадков значительно ниже от нормы.

Почти треть земной суши испытывает засуху, от которой страдают более 600 миллионов человек. Во время засухи грунт пересыхает и трескается. Окаменевший грунт перестает впитывать и удерживать влагу. Ветер и дождь относят сухой грунт, который превратился в пыль, оставляя после себя участки голой, неплодородной земли.

Засуха – природный катаклизм, способный поразить любую часть света. Впрочем, в странах, которые развиваются, последствия засухи намного трагичнее из-за целой череды причин: и через перенаселение, и через практически полнейшее уничтожение травы на пастбищах, и через вырубку лесов на дрова. Жаркие, сухие ветра и очень

высокие температуры вместе с недостатком осадков и испарением влаги из грунта создают условия для возникновения засухи. В некоторых частях света засухи периодически чередуются с наводнениями, губительными для урожая и плодородного слоя грунта. Из-за гибели урожая во время засухи тысячи людей вынуждены стоять в очереди за едой. Во время засухи много животных гибнет от недостатка еды и воды. У селян не хватает кормов для животных. Тысячи домашних животных или гибнут от голода, или идут под нож – на пропитание собственным хозяевам.

Засушливые явления по причине сложности взаимодействия подстилающей поверхности и атмосферной циркуляции над Казахстаном обычно не охватывают большие пространства непрерывно. Чаще засухи чередуются с участками дождливой погоды. Засуха даже может узко локализоваться и непосредственно примыкать к увлажненным районам. Засухи на более или менее длительное время могут прерываться циклоническими процессами, приносящими осадки, вследствие чего может ослабляться или прерываться их губительное действие. Интенсивные засухи вызываются большими нарушениями нормальной атмосферной циркуляции задолго до их возникновения, например сильными морозами зимой, ранними и поздними заморозками и другими. Засушливые годы нередко следуют друг за другом или разделяются более или менее длительными периодами удовлетворительного увлажнения, но простой периодичности в проявлении засух не прослеживается

Ключевые слова: Аридная зона, засуха, пустыня, природа, эрозия, ландшафт.

Summary

The article analyzes the emergence of the world and drought in Kazakhstan. Called long period of drought when the rains do not fall at all or rainfall well below the norm.

Almost a third of the Earth's land is experiencing drought, which affects more than 600 million people. During a drought, the soil dries and cracks. Petrified soil ceases to absorb and retain moisture. Wind and rain include dry soil, which turned into dust, leaving areas of bare, barren land.

Drought – a natural disaster that can affect any part of the world. But in countries that develop much more tragic consequences of the drought because of a whole series of reasons: overpopulation and over, and through the almost complete destruction of grass in the pastures, and through deforestation for firewood. Hot, dry wind and very high temperatures, together with the lack of rainfall and evaporation of moisture from the soil creates conditions for the occurrence of drought. In some parts of the world periodically alternating droughts to floods, damaging to crops and fertile soil layer. Because of the destruction of crops during drought, thousands of people are forced to stand in line for food. During a drought, many animals die from lack of food and water. At the villagers do not have enough fodder for the animals. Thousands of pets or die from hunger, or go under the knife - to feed their own masters.

Drought phenomenon because of the complexity of the underlying surface and the interaction of atmospheric circulation over Kazakhstan does not usually cover large areas continuously. Often drought alternate with areas of wet weather. Drought may even highly localized and immediately adjacent to the moist areas. Drought more or less long period of time may be interrupted by cyclonic processes, bringing rainfall, the result could be weakened or interrupted their devastating effect. Intense droughts cause more disruption of normal atmospheric circulation long before they arise, for example, severe frosts in winter, early and late frosts, and others. Dry years often follow each other or separated by more or less long periods of satisfactory wetting, but simple periodicity in the manifestation of drought can not be traced

Keywords: arid zone, of anthropogenic factor, drought, desert, nature, erosion, landscape.

ӘОЖ 911 (574)

ҚАЛАЛАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

К.Д. Каймулдинова – *геогр.ғ.д., профессор,
Елтану және туризм кафедрасының меңгерушісі,*

Б.Ш. Абдиманов – *геогр.ғ.д., профессор,*

А.Н. Бейкитова – *география магистрі, аға оқытушы
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*

Мақалада әртүрлі аумақтардың, соның ішінде қалалардың инновациялық дамуына қатысты қазіргі теориялар талданады. Инновацияларды енгізу аумақтардың даму жағдайы мен алғышарттарын мұқият талдауды қажет етеді. «Инновация», «Инновациялық даму» терминдерінің анықтамасы келтірілген. Авторлар америкалық ғалым Майкл Портердың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі мәселесіне қатысты кластерлік теорияға талдау жасайды. Майкл Портер анықтаған мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің бес негізгі белгілері бойынша шолу жасалынған. К.Фримен, Б.Лундвалл және Р.Нельсон құрастырған ұлттық инновациялық жүйелер тұжырымдамаларының маңызы талданды. Қазіргі заманғы инновациялық даму теорияларын талдау және шолу жасау негізінде авторлар осы теорияның мәні мен оның маңызын көрсететін сызба құрастырды.

Қазақстан Республикасы үшін инновацияларды енгізудешетелдік тәжірибелер аса маңызды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 4 маусым 2013 жылғы бекітілген «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі

инновациялық даму Тұжырымдамасында» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси курсы «Қазақстан 2050» Стратегиясы ережелеріне сәйкес инновациялық дамудың негізгі мүмкіндіктері мен ұсынылатын бағыттары көрсетілген. Елдің инновациялық саясаты болашақтағы ұлттық біртұтастылықты, бәсекеге қабілеттілікті, азаматтардың хал-ахуалы мен экономикалық өмір сүру қабілеттілігіне іргетас ретінде қарастырылады.

Мақалада «қаланың креативтік әлеуеті» жаңа түсінігіне талдау жасалады. Авторлар аталмыш ұғымның шетелдік урбологияда салыстырмалы түрде кейіннен пайда болғанын айқындайды және Қазақстан Республикасының ірі қалаларына қатысты арнайы қарастыруды қажет етеді.

Түйінді сөздер: инновация, инновациялық даму, ұлттық инновациялық жүйе, инновациялық экономика, тұрақты инновациялық даму, кластерлер теориясы, инновация теориясы, инновациялық әлеует, ақпараттық технология, инновациялық саясат.

Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдері мен аймақтарындағы экономикалық дамудың негізгі мақсаты – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады. Сондықтан әлеуметтік-экономикалық даму үдерісі мынадай маңызды үш құрамбөліктен тұрады:

- табыстың жоғарылауы, халық денсаулығының жақсаруы мен оның білім беру деңгейінің жоғарылауы;
- адами құндылықтарды сыйлауға бағытталған әлеуметтік, саяси, экономикалық және институциялық жүйенің қалыптасу нәтижесінде өзін сыйлауға қабілетті адамдардың өсуіне жағдай жасау;
- адам бостандығы деңгейінің жоғарылауы, соның ішінде экономикалық еркіндік [1].

Зерттеушілер мен саясаткерлер арасында экономикалық дамудағы инновациялардың ролі туралы жиі айтылады. *Инновация* термин ретінде қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамудың баламасы болып табылады. Осло Нұсқаулығында *инновация* деп «жаңа немесе едәуір жетілдірілген өнімді (тауар немесе қызмет) немесе процесті, маркетингтің жаңа әдісін немесе іскерлік тәжірибесіндегі жаңа ұйымдастыру әдісін қолдануды» атайды [2, 31-б.]. Америкалық Ұлттық ғылыми қор (National Science Foundation) инновацияны «қоғам үшін құндылықты жасауға алып келетін жаңалық» ретінде сипаттайды [3]. Инновациялық даму техно-әлеуметтік үдерістердің құбылысы ретінде ең алдымен ғылыми-техникалық саламен байланысты болады. Қазіргі дүниеде халық пен экономикалық әрекеттің шоғырлануына қарағанда, инновациялардың кеңістік шоғырлануы артып отыр.

Соңғы жылдары ғылыми әдебиетте қалалардың инновациялық дамуының қайнар көзі ретінде қарастырылатын «қаланың креативтік әлеуеті» деп аталатын ұғым қалыптаса бастады. Зерттеушілер креативтілікті сарқылмайтын ресурс ретінде бағалап, қалаларда инновациялық рухты сақтап тұратын, шығармашылық және ғылыми кластерлерді жасауға мүмкіндік беретін, экономикалық жағдай өзгерген кезде жұмыс істеуге қабілетті креативті таптың қалыптасуына айрықша мән беруде [4]. Қазақстан Республикасының ірі қалаларына қатысты осы мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді.

Инновациялық даму теориясының аса маңызды бір басты бағыттарының бірі – *кластерлер теориясы*. Кластерлік бағыттың алғашқы негізін қалаушылардың бірі Н.Д. Кондратьев өз зерттеулерінде инновациялар топпен, яғни кластерлермен пайда болып, уақыт бойынша әркелкі таралатынын көрсетті [5]. Кейіннен бұл зерттеулерді Й.Шумпетер жалғастырды.

Кластерлер теориясының дамуына америкалық ғалым Майкл Портер ең көп үлес қосты. Бұл теория халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті фирмалар әдетте бір аймаққа шоғырлануына негізделген, ал бұл инновацияның толқындық табиғатына байланысты, яғни бәсекеге қабілетті компаниялармен таралып жеткізушілер мен тұтынушыларды және олардың бәсекеге қабілетті компанияларын қамтиды. М.Портер бәсекеге қабілеттілікті кластерлік дамумен байланыстыру арқылы аса маңызды қолданбалы ілім жасады [6]. Ғалым жеке елдің бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын 5 негізгі белгілерін ажыратқан.

1) Тұрақты бюджет дефицитінің болмауы, төменгі пайыздық мөлшерлемелер, валюта бағамының артуына жол бермеу тәрізді макроэкономикалық көрсеткіштері қалыптаты болатын елдер бәсекеге қабілетті деп есептеледі. Бұл ережені елдердің барлығына қатысты қолдануға келмейді: бюджет дефициті жиі байқалатын Жапония, Италия, валюта бағамын арттырып отырған Швейцария, жоғары пайыздық мөлшерлемелер тән Корея Республикасы ұдайы халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылатып келеді.

2) Арзан жұмыс күшімен артығымен қамтамасыз етілген елдер бәсекеге қабілетті болады. Жаңа индустриялық елдердің әлемдік нарыққа нық қадам басуына әсер еткен фактордың бірі осы болып табылады.

3) Табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілген елдер бәсекеге қабілетті болады. Дегенмен бұл да қатып қалған ереже емес: экономикалық дамуға алғышарт бола алатын алуан түрлі ресурсқа бай Африка елдері, Ресей және т.б. елдер өз тауарларымен әлемдік нарыққа енуде қиындықтарға кездесіп отыр. Табиғат ресурстарды игеру арқылы ғана экономикалық өрлеуге жетуге болмайтынын экономистер «голланд

ауруы» деп атаған құбылыстан көруге болады. XX ғасырдың 60-70-жылдарында Нидерланд табиғи газдың мол қорын ашып, экспорттай бастады. Бұл өз кезегінде елдің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп жіберді. Өйткені табиғи газды экспорттау ұлттық валюта бағамының төмендеп, басқа салалардың, соның ішінде өңдеуші өнеркәсіптің дамуының тежеліп, қаржының өнеркәсіптен қызмет көрсету саласына бағытталуына себепші болды. Соның нәтижесінде өнеркәсіптің сан алуан саласы дамып отырған Нидерландта деиндустриялану жүрді.

4) Үкіметі жекелеген салаларды субсидияландыратын, импортты жеңілдететін және жергілікті кәсіпорындарға қолдау көрсететін елдерді бәсекеге қабілетті деуге болады. Дегенмен бұл пікір де күмән туғызады: Жапония мен Корея Республикасының экспортқа бағдарланған салаларын қолдау мақсатында бұл елдердің үкіметтері олардың ішкі істеріне қол сұққандары белгілі болып отыр.

5) Елдің бәсекеге қабілеттілігі басқарудың әртүрлі практикасына, соның ішінде менеджмент пен жұмыс күшінің өзара қарым-қатынасына байланысты болады. Бұл анықтама да нақты емес, өйткені кез келген елде жергілікті ерекшеліктерге байланысты өзіндік қарым-қатынастар қалыптасады, оларды әлемдік деңгейде бірыңғай жүйеге келтіру мүмкін емес.

Кластерлік даму бәсекеге қабілеттілікті арттырып қана қоймай, инновациялық бейімделуге жағдай жасайды. Сондықтан аса табысты кластерлер техника саласы мен технология өндірісінде «жаңа нарыққа» шығу кезінде пайда болады. *Кластерлік бағыт қазіргі кезде кең ауқымды жобаларды жасауда, көбінесе бәсекеге қабілетті аймақтарды (мемлекет, аймақ, ірі қала) немесе белгілі бір саланы зерттеуде және ірі қаланың бағдарламасын жасауда қолданылады. Сондықтан бұл теорияның Алматы мен Астана қалаларын дамытуға тікелей қатысы бар.*

Ұлттық (мемлекеттік) инновациялық жүйе құру Концепциясының негізі өткен ғасырдың 80-90 жылдары қаланған болатын. Ұлттық (мемлекеттік) инновациялық жүйе құру Концепциясының негізгі құрастырушылары К.Фримен (1987), Б.Лундвалл (1992), Р.Нельсон (1993) болды [7]. Ұлттық инновациялық жүйе ұғымы мемлекеттің инновациялық жүйе дамуы саласында жүргізген саясатында инновациялық өнімді құру мен жүзеге асыруда өзара әрекеттескен инновациялық қызметтің субъектілері мен объектілерінің үйлесімділігі тұрғысында түсіндіріледі.

Қазіргі кездегі әртүрлі елдердің ұлттық инновациялық жүйелері бір-бірінен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасында» «Қазақстан - 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясының ережелері ескеріле отырып, инновациялық дамудың негізгі мүмкіндіктері мен болжанып отырған сценарийлері көрініс тапқан. Мұнда елдің инновациялық саясаты болашақ ұлттық сәйкестік, бәсекеге қабілеттілік, азаматтардың әл-ауқаты мен экономикалық өміршеңдік үшін іргетас ретінде қаралады.

Қарастырылған теориялардың негізгі мазмұны мен оларды инновация негізінде экономикалық даму саясаты мен стратегиясын құру 1-суретте көрсетілген.

<p>Үлкен конъюнктуралық цикл теориясы (Н.Д. Кондратьев)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жаңа циклге көшудің маңызды ғылыми-техникалық жаңалықтарға байланысты болады. • Инновациялық құрылым жасауда инновациялық жаңару арқылы дағдарысқа төтеп беру жолдары анықталады.
<p>Инновация теориясы (Й. Шумпетер Г. Менш)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Экономикалық өсудің негізін инновация құрайды. Дағдарыс инновацияның пайда болуына түрткі болады. Бұл фазада экономикалық белсенділік артады. • Ұзақ мерзімдік мүмкіндіктерді ескеретін инновациялық стратегияларға зерттеулер жүргізіледі.
<p>Өсу полюстерінің теориясы (Ж. Будвиль, Х. Ричардсон)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Экономикалық өсу полюстерінің қалыптасуы: экономикалық кеңістіктің орталығы мен көршілес аумақтарда жаңа салалардың қарқынды дамуы. • Теория аймақтық бағдарламаларды, технополистар мен технопарктер құруда қолданылады.
<p>Кластерлер теориясы (М.Портер)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Мемлекет экономикасының ішкі нарығы үшін өсу нүктесі ролін кластерлер орындайды. Кластердің маңызды сипаты инновациялық бағыттылығы болып табылады. • Кластерлік бағдар аумақтың саланың бәсекеге қабілеттілігін сараптауда, даму бағдарламасын жасауда қолданылады.
<p>Ұлттық инновациялық жүйе концепциясы (К. Фримен, Б. Лундвалл, Р. Нельсон)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Ұлттық инновациялық жүйе - жаңа технологияларды жасау мен таратуға қатысатын әртүрлі ұйымдардың үйлесімділігі. • ҰИЖ қызметі мемлекеттің анықтаушы роліне негізделеді, аумақтық деңгейде де дами алады.

Сурет 1 - Аумақтық инновациялық дамудың әдістемелік жолы

Сонымен, инновациялар аумақтың ұзақ мерзімдік дамуын анықтаушы факторлардың бірі болып табылады. Қазақстанның экономикасы, соның ішінде оның ең ірі қалалары – Алматы мен Астананың дамуы жаңа сатыға көшуде. Инновациялық жүйенің мемлекеттік деңгейдегі негізгі элементтері мыналар болып табылады:


- ғылыми-техникалық білімдерді жалпылау жүйесі;
- ғылыми-техникалық білімдерді қолдану мен пайдалану жүйесі;
- инновацияның таралуы мен қолдау жүйесі (инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау, инновациялық инфрақұрылым, венчурлық капитал және т.б).

Әлемдік экономикалық дамудың жалпы заңдылықтарын зерттеу қаланың келешекте дамуына сапалы түрде баға беруге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, қала дамуы әртүрлі әлеуметтік және экономикалық мақсаттардың жиынтығы ретінде қарастырылатын, көп өлшемді және көп аспектілі үдеріс болып табылады. Бұл дамудың барысында ғылым мен білім маңызының артуы ірі қалаларда *инновациялық экономиканы* немесе неоэкономиканы қалыптастырады. Инновациялық жүйенің маңызын әлеуметтік-экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатындағы ғылыми білімдерді жаңа бәсекеге қабілетті өнім мен қызмет түріне айналдыратын өзара катынастағы әлеуметтік институттар мен ұйымдардың толық тұтастығы ретінде сипаттауға болады.

Бұрын қалалар көлік, энергетикалық, тұрғын үй, байланыс, денсаулық сақтау және тұрмыс жайлылығына қатысты инновациялар шоғырланған аумақтар болатын. Қалаларда ақыл-ой әлеуетінің шоғырлануы көптеген идеялардың жылдам жинақталып, жүзеге асуына ықпал етеді. Қазіргі кезде қалалар әлеуметтік инновациялардың орталықтарына айналуға бастады. Әлеуметтік инновацияларды енгізу ірі қалалардың стратегиялық дамуын айқындайды. Сонымен, инновация жаңа идеялардың пайда болуы ғана емес, олардың тиімді жүзеге асырылуы болып табылады [8].

Қаланың тұрақты инновациялық дамуы оның бәсекелестік басымдылығын айқындап береді. Ресейлік ғалым Т.А. Туминаның пікірі бойынша, *тұрақты инновациялық даму* деп инновацияларды енгізу нәтижесінде жүйенің бір тұрақты күйден екіншісіне өтуі жүзеге асатын даму нұсқасын атауға болады [9].

Осыны қамтамасыз ету үшін Алматы тәрізді инновациялық қалаларға тән басты төрт алғышарттарды атап өтеміз (2-сурет).



Сурет 2 -Инновациялық даму әлеуеті

Сонымен, инновациялық даму тек қана негізгі инновациялық үдеріс қана емес, оны жүзеге асыру үшін қажетті факторлар мен жағдайлардың тұтас жүйесін дамыту болып табылады.

Қала ортасына қатысты талаптар жыл сайын өзгеріп келеді. Қазіргі заманғы инновациялық қала ең алдымен «жасыл» қала болуы тиіс, яғни экологиялық талаптарға сай, өмір үшін қолайлы ортаға айналуы керек. Ғалымдар «жасыл» болашақты «тұрақты даму» терминімен байланыстырады [10]. Бұл жағдайда білім мен ғылымға негізделген инновациялық экономикаға көшу қалалардың дамуының өзіндік трендіне айналады.

PricewaterhouseCoopers зерттеулері бойынша, қалалардың стратегиялық дамуының қазіргі заманғы тенденциялары ірі қалалардың басым көпшілігіне тән болады [8]. Олардың қатарына мыналарды атауға болады:

1 Қала тұрғындары бірегейлікке ұмтылады, олар үшін ақпараттық және әлеуметтік қызметтің ең оңтайлы, жеке ерекшеліктерді ескеретін түрлері қажет.

2 Ірі қалалардың аумағы кеңістік тұрғыда әртүрлі және ауқымды. Сол себепті барлық салада үдемелілік сипат алған. Бұл өз кезегінде көлікті жетілдіру және оңтайлы етуді, ақпаратты жылдам таратуды қажет етеді.

3 Жоғары технологиялар ірі қалалардың барлық салаларына (басқару, білім беру, денсаулық сақтау, байланыс, көлік және т.б.) енуде. Бұл қала тұрғындарына қолайлы экологиялық, қауіпсіз, эстетикалық ортаны қамтамасыз етуде де пайдаланылуы тиіс. Өйткені әдемі, қауіпсіз, сәулетті қазіргі заманғы қала өз тұрғындарына өз мекеніне қатысты азаматтық мақтаныш сезімін де сыйлай алады.

4 Ірі қалаларда қала тұрғындарының өмір салтындағы өзгерістерге байланысты, туу көрсеткіштері күрт төмендеп, адамның өмір жасы ұлғаяды. Сол себепті қала дамыған сайын, қарт тұрғындар саны артады, балалар мен жастар үлесі азаяды.

5 Қала ауқымы артуда. Әлемдік деңгейде қалада тұратындар саны ғана емес, қалалық аумақтар көлемі де ұлғайып барады. Бұл әсіресе дамушы елдерде қарқынды байқалады. Осының өзіжасанды ортаның қалыптасуына алып келеді.

6 Климаттың өзгеруі де қала құрылысының ерекшеліктері мен қалалық өмір салты жағдайының салдарларына (жылулық алаңдар, энергияны көп пайдалану, қоқыстардың көбеюі, жылыжай газдарының артуы және т.б.) байланысты болады.

7 Урбандалу ғаламдық көші-қонға себепші болады. Көші-қон қалалар үшін қосымша мүмкіндіктер береді, сонымен қатар оның әлеуметтік жіктелуіне, қауіп пен ретсіздікке алып келеді.

Инновациялық дамудың қала агломерацияларына шоғырлануы жылдам даму көрсеткіштеріне алып келеді және мақсатты түрде инвестициялық саясатты жүргізу арқылы алдыңғы қатарлы салаларды кластерлік тұрғыда дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, жедел даму саясатын ұстанған Қытай үкіметі

1995 жылдан бері 60-тан астам қалаларда 100 шақты кластерлерді анықтаған. Осы жағдайда Қытайдың неғұрлым ірі агломерациялары шоғырланған провинцияларында инновациялық өнім өндірудің ең жоғары көрсеткіштері (20%) байқалған [11]. Егер жалпы Қытай бойынша бұл көрсеткіштің 3,6%-ға тең екендігін ескерсек, агломерацияның инновацияларды енгізу мен дамытудағы шешуші ролі жөнінде атап көрсетуге болады.

Қазақстан жағдайында да экономикалық әрекеттің кеңістік агломерациясы экономика мен урбандандуды шоғырландыру арқылы инновацияларға қолдау көрсетуді көздейді. Сол себепті елімізде агломерацияларды дамыту мемлекеттік бағдарламалық сипат алған. Еліміздің аумағы мен оның аймақтары, қалалары арасындағы әлеуметтік-экономикалық дамудағы деңгейі мен мүмкіндіктері арасындағы айырмашылықтарды, сондай ақ ғылыми әлеуетін ескере отырып Қазақстанда инновациялық жүйені құру мәселесін тек орталықтан нәтижелі түрде шешу мүмкін емес. Бұл процесте ірі қалалардың белсенді қатысуы қажет. Бұл үшін басты жағдай ҚР және аймақтарының инновациялық жүйесі аясында құрылған ірі қалалардың инновациялық жүйесінің мақсатты қалыптасуы және нәтижелі қызмет етуі болып табылады.

1. Тодаро М.П. *Экономическое развитие*. – М., 1997. – 667 с.
2. *Руководство Осло. Рекомендации по сбору и анализу данных по инновациям. Третье издание. Перевод с английского - издание второе исправленное*. – М., 2010. – 107 с.
3. Carlino Gerald A. and William R. Kerr. *Agglomeration and Innovation // Harvard Business School Entrepreneurial Management Working Paper*. - 15-007. – 2014. <http://ssrn.com/>
4. Борушкина С. *Москва далека от лидеров по креативности*//<http://opec.ru/>
5. Кондратьев Н.Д., Яковец Ю.В., Абалкин Л.И. «Большие циклы конъюнктуры и теория предвидения»: *Избранные труды*. - Экономика. 2002. - 767 с.
6. Портер М. *Конкуренция*. – М.: Вильямс, 2005. – 608 с.
7. Меньшиков С.М., Клименко Л.А. Кристофер Фримен // *Длинные волны в экономике: Когда общество меняет кожу*. - 2-е. - М.: ЛЕНАНД, 2014. - С. 208-214
8. Lauren Kahn, Rushanara Ali, Alessandra Buonfino, Charlie Leadbeater Geoff Mulgan. *Breakthrough cities: how cities can mobilise creativity and knowledge to tackle compelling social challenges* – 84 p. //http://creativecities.britishcouncil.org/files/data/kb/breakthrough_cities_report.pdf
9. Тумина Т.А. *Инновационное развитие – основа экономического роста*. – СПб.: Химиздат, 2008. – 191 с
10. Мазница Е.М. *Проблемы и тенденции инновационного развития экономики городских агломераций* // *Фундаментальные исследования* – 2014 – №3. – С. 154-158
11. Zhang Hongyong. *Agglomeration and product innovation in China* // <http://www.voxeu.org/article/21July2014>

Резюме

В обзорной статье анализируются современные теории, касающиеся инновационного развития различных территорий, в том числе развития городов. Внедрение инноваций требует тщательного анализа предпосылок и условий развития территорий. Приведены определения терминов «инновация», «инновационное развитие». Авторами дается анализ кластерной теории американского ученого Майкла Портера применительно к вопросам конкурентоспособности государств. Сделан обзор по пяти основным признакам конкурентоспособности государств, определенным М.Портером. Анализируется суть концепции национальных инновационных систем, разработанной К.Фримен, Б.Лундвалл и Р.Нельсоном. На основе обзора и анализа современных теорий инновационного развития авторами составлена обобщающая схема, показывающая суть данных теорий и их значение.

Для Республики Казахстан очень важен зарубежный опыт внедрения инноваций. В «Концепции инновационного развития Республики Казахстан до 2020 года», утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 4 июня 2013 года, отражены основные возможности и предполагаемые сценарии инновационного развития с учетом положений Стратегии «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства. Инновационная политика страны рассматривается как фундамент для будущей национальной идентичности, конкурентоспособности, благосостояния граждан и экономической жизнеспособности.

В статье приводится анализ нового понятия «креативный потенциал города». Авторы отмечают, что данное понятие сравнительно недавно появилось в зарубежной урбологии и требует специального рассмотрения применительно к крупным городам Республики Казахстан.

Ключевые слова: инновация, инновационное развитие, национальная инновационная система, инновационная экономика, устойчивое инновационное развитие, теория кластеров, теория инновации, инновационный потенциал, информационная технология, инновационная политика.

Summary

In a review article examines current theories concerning the innovative development of different areas, including urban development. Introduction of innovations requires a thorough analysis of prerequisites and conditions for the development of

territories. Contains definitions of the terms "innovation", "innovative development". The author gives an analysis of the cluster theory of the American scientist Michael Porter's competitiveness in relation to the States. A review of five main characteristics of the competitiveness defined by M.Porter. Analyze the essence of the concept of national innovation systems developed by K.Freeman, B.Lundvall and R.Nelson. Based on a review and analysis of modern theories of innovative development of the authors compiled summarizing diagram showing the essence of these theories and their meaning

For the Republic of Kazakhstan is a very important international experience innovation. In the "Concept of innovative development of the Republic of Kazakhstan until 2020 ", approved by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated June 4, 2013, reflects the main features and prospective scenarios of innovative development, taking into account the provisions of the Strategy "Kazakhstan -2050 ": a new policy established state. Innovation policy of the country is seen as the foundation for the future of national identity, competitiveness, welfare and economic viability.

This article provides an analysis of the new concept of "creative potential of the city." The authors note that this concept is relatively new to the foreign urbology and requires special consideration in relation to major cities of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: innovation, innovative development, national innovation system, innovative economy, sustainable innovative development, cluster theory, the theory of innovation, potential for innovation, information technology, innovation policy.

ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 547.979.7+0,26+541.427.49

ПОРФИРИНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МЕТАЛДЫ ҚОСЫЛЫСТАРЫ

Ж.Қ. Қорғанбаева – аға оқытушы, х.ғ.к.,

Е.А. Бектуров – ҚР ҰҒА академигі, х.ғ.д., профессор

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Мақалада табиғи және синтетикалық порфириндердің металды комплекстерін алу мәселелері қарастырылған. Әдеби шолуда, металды порфириндердің макрогетероциклдің координациялық сферасына кіретін лиганданың, сонымен қатар орталық металл ионын өзгерту мүмкіндігінің арқасында құрылымы көп түрлі, өздігінен түзілетін ішкі комплекстік қосылыстардың көптеген тобының бірі болып табылатындығы туралы мәліметтер келтірілген. Сондықтан порфириндердің металдыкомплекстерінің негізіндегі өздігінен ұйымдасатын құрылымдарға ие, табиғи және олардың синтетикалық үлгілеріне де, қызығушылық өсуде. Порфириндер мен металды порфириндерді зерттеуге деген қызығушылықтың артуы оларды ғылым мен техниканың көптеген салаларында қолданыс табуына негізделген.

Порфириндердің биополимерлермен комплекстері оттектасымалы сияқты тірі ағзалардағы өмірлік маңызы функцияларға қатысатын құрамында металл бар табиғи пигменттер екендігі белгілі.

Соңғы жылдардағы ғылыми еңбектерде жарияланған мәліметтерге жүргізілген сараптау нәтижесінің көрсетуі бойынша, қарқынды түрде зерттелініп отырған химиялық қосылыстар кластарының бірі – порфириндер мен олардың металды комплекстік қосылыстары. Осы бағыттағы ғылыми әдебиетке жасалған шолу, көптеген жұмыстар синтетикалық порфириндерді алуды зерттеуге, синтетикалық және табиғи порфириндер мен олардың металдыкомплекстік қосылыстарына алуға және олардың еритін қосылыстарын жасау мәселелеріне, сонымен қатар металды порфириндердің каталикалық қасиеттерін зерттеуге, олардың құрылымы әр түрлі полимерлермен әрекеттесулерінің ерекшеліктерін, алынған қосылыстардың физика-химиялық қасиеттерін, қолданылу саласын анықтауға арналған.

Түйін сөздер: порфириндер, порфирин, хлорин, феофитин, хлорофилл, гематопорфирин, металды порфириндер, тетрапиролды макроциклдер.

Табиғи жүйелердегі көптеген физиологиялық белсенді қосылыстардың арасында тетрапиролды макроциклдердің алатын орны ерекше. Олар Жер бетіндегі тіршілік әрекетінің маңызды үрдістерінде ерекше рөл атқарады. Тіршіліктің дамуының бастапқы сатысында органикалық көміртектің негізгі көздері – әр түрлі теңіз фитопланктондары, бактериялар және көк жасыл балдырлар болған болса, қазіргі жағдайда олардың орнын Жер биосферасында мекендейтін немесе өсіп жетіліп жатқан алуан түрлі жоғарғы тірі организмдер басқан. Жер бедерінің әр түрлі қабаттарында порфириндер мен хлориндердің алуан түрлі формадағы тетрапиролды пигменттері көптеген мөлшерде кездеседі [1]. Табиғи тетрапиролдарға көптеген белгілі, табиғаты әр түрлі порфиринді қосылыстар: өсімдіктердегі және бактериялардағы фотосинтезді жүзеге асыратын хлорофилдер мен бактериохлорофилдер; молекула күйіндегі оттегін тасымалдайтын және сақтайтын, электрондардың тасымалын қамтамасыз ететін гемдер; изомеризация реакцияларымен байланысты және метилді топтардың тасымалдануын қамтамасыз ететін корриноидтар; сульфит пен нитриттің тотықсыздануын қамтамасыз ететін сирогем; метантүзгіш және әр түрлі бактериялар түзетін метогенездің соңғы сатысына әсер етуші метилредуказды жүйе компоненті – құрамында никелі бар тетрапинол F430 факторы жатады [2].

Хлорофилді және геминді құрылымдармен қатар жануарлардың бірқатар организмдері, бір-бірінен макроциклдерінде әр түрлі периферикалық топтарының болуымен ерекшеленетін уро-, копро-, прото-, дейтеро және пемтопорфириндерді өндіреді. Жер бетінде кездесетін биопорфириндер осы тетрапиролдардың туындылары болып табылады [4].

Дем алу мен фотосинтез кезіндегі барлық биологиялық маңызды жүйелерде порфирин оқшауланған күйде болмайды, ол төменгі және жоғары молекулалық қосылыстармен бірге күрделі комплекстердің құрамында қызмет атқарады. Биополимердің арнайы аумағы мен макрогетероциклді лиганданың, металл ионының қатаң анықталған комбинациясы осы қосылыстардың тірі организмдердегі биологиялық белсенділігі мен сұрыптылығы айқын байқалуы үшін анықтаушы фактор болып табылады.

Пирролдың төрт қалдығы метинді жалғаушы топтармен кезек-кезек байланысқан порфинтетрапиролды макроциклдік қосылыстар порфириндер класы қосылыстарының негізін салушылар болып табылады. Порфиннің туындылары – порфириндер. Порфиндермен салыстырғанда порфириндерде, пирролдың периферикалық сегіз сутек атомдарының кейбіреуімен байланысқан бүйір тізбектері болады. Орынбасардың түрі мен орналасу реті арқылы сәйкес туындының аталуын анықтайды [5].

Порфириндер – айқын түсті қосылыстар. Қазіргі кезде оларға, көп контурлы қосарланған жүйеге ие көптеген он алты мүшелі, макроциклді тізбекті ароматты қосылыстардың өкілдері жатады [6].

Порфириндер табиғатта кең таралған. Өсімдіктер әлемінде хлорофилдер мен бактериохлорофилдер, жануарлар әлемінде гемоглобин мен миоглобиннің, гемқұрамды ферменттер мен цитохромдардың және басқа да бірқатарпорфириндердің құрамына кіретін протопорфириндер IX жатады [3]. Біздің жер шарымыздағы тіршіліктегі порфириндердің маңызын бағалау қиын. Көмірсутек шикізаттарының (газ, мұнай, көмір және т.б.) барлық қоры хлорофилдердің тікелей қатысуымен жасалған [7]. Олардың екеуі – хлорофилл а және хлорофилл b – фотосинтез үрдісінің басты қатысушылары [8]. Жануарлар ағзаларында, порфириндер, өсімдіктердегі түзілген органикалық заттар қарапайым құрылымдарға және соңында көмірқышқылмен суға ыдырайтын, фосфорилеу және тотығу процестерінде үлкен роль атқарады. Үрдіс барысында үлкен энергия қоры бар ерекше қосылыстар түзіледі, олардың бірі аденозинтрифосфат (АТФ) болып табылады.

Хлорофилдерге жасыл түс тән, жартылай гидрленген бір немесе екі пирролдан тұрады және молекула «хлорин» немесе «бактериохлорин» деп аталады. Қызыл түске ие порфириндерде, пирролдар бір - бірімен метинді жалғастырғыштармен қосылған, макроцикл «порфин» деп аталады. Маңыздысы В12 дәрумені болып табылатын кобаламиндер үшін барлық төрт сақина да жартылай гидрленген және бір метинді жалғастырғыш орнына, пирролдар арасында тікелей байланыстар бар. Бұл тізбек коррин деп аталады. Порфириндер – гемоглобин, миоглобин, цитохромдар, каталазалар және пероксидазалар құрамына темір иондарымен - гемді комплекстер түрінде енеді. Хлорофилдер мен бактериохлорофилдердің құрамында магний болады. В12 дәрумені мен кобаламиндерде, атауы айтып тұрғандай, кобальт орталық ион ретінде болады [9, 10].

Тегінде порфириндер: порфин, 1-8 бойынша немесе $\alpha - \beta$ атомдарына Н (этиопорфин I (мыспен комплекс 2) және II, октаэтилпорфин, октафенилпорфин, протопорфин IX (3), мезопорфин IX, гематопорфин IX, дейтеропорфин IX, копропорфин III, уропорфин III, пирропорфин XV, филлопорфин XV) ығыстырылған оның туындылары немесе тетрафенилпорфин, оның функционалды туындылары, тетрабензопорфин, тетрафенилтетрабензопорфин, циклофанды немесе сызықты димерлер.

Азопорфириндер: порфиннің және оның туындыларының азығыстырылғандары (моно-, ди-, три- және тетраазопорфин, тетраазатетрабензопорфин – фталоцианин (4), фталоцианиннің полимерлері).

Хлориндер: негізін салушы – хлорин (5) және оның туындылары (этиохлорин I, тетрафенилхлорин, хлорин е6, радин g7, пиррохлорин) бактериохлорин (6). Форбиндер: негізін салушы – форбин және оның туындылары (а феофорбиді, а феофитині (8), b феофитині (9)), порфириногендер (10) n - алкилпорфириндер [11-13].

Порфириндер мен оған жақын жүйелер (фталоцианиндер, субфталоцианиндер, изокорролдар, сапфириндер, порфицендер, субазопорфириндер, инвертирленген порфириндер және т.б.) – осы күнге дейін зерттеліп жатқан маңызды қосылыстар. Құрамында күкірт, селен және теллур бар порфириндер де кеңінен зерттелініп, әр түрлі салаларда қолдану мүмкіншіліктері көптеген авторлардың еңбектерінде қарастырылуда [14].

Порфириндер мен порфириндерге құрамы, құрылысы және табиғаты жақын қосылыстардың қышқылдық – негіздік қасиеттері белсенді зерттелуде. Көптеген жұмыстарда айтылған молекулалардағы N атомдарының моно- және депротондануына ерекше көңіл аударылған. Сонымен қатар порфиринді тізбектің NH-тобының, фасфазинді негіздермен дианиондардың, күшті негіздер әсерінен әрекеттесуі кезінде моноанионның түзілуімен депротондауға қабілеттілігін зерттеуге деген қызығушылық та, жүргізілген жұмыстар да аз емес. Бұл бөлшектердің физика-химиялық қасиеттері көрінетін аймақтағы спектроскопия және ЯМР көмегімен сипатталған. Авторлардың [15] теориялық жұмысарында порфириндер мен оларға жақын жүйелердің геометриясын сипаттау үшін электронды корреляцияны есепке алу маңызды екеніне көңіл аударылған. Порфиринді ядроның мүмкін болатын изомерлерін жүйелі зерттеуді бірнеше ғылыми топтар жүргізген. Сутектің транс - транс тасымалдануы, цис- интермедиат арқылы өтетін екі сатылы үрдіс екендігі есептеулер арқылы анықталынды. Порфиринді циклдің екі таутомері мен оның моно - және дианиондары, сонымен қатар порфиринді сақинаның фрагменті ретінде қарастырыла алатын екі жүйе: біреуі – үш пирролды сақиналы, екіншісі – нейтралды және анионды формадағы пирролдың өзінің теориялық жолмен қышқылдық қасиеттері зерттелген [16].

Биологиялық жүйелердегі порфириндер мен олардың аналогтарының негізгі мақсаттары – макроциклдің координациялық орталығына металдарды енгізу, ал координациялық орталыққа енген металл биохимиялық процестердің орталығы болып қызмет атқарады. Орталықтағы металл атомындағы, порфирин құрылысындағы немесе макромолекулалы ортаның құрылысындағы азғантай өзгеріс, әр түрлі


биохимиялық реакциялардың пайда болуын тудырады [5]. Сондықтан табиғиларға ұқсас, құрамында порфирин бар табиғи супер- және супрамолекулярлы жүйелердің үлгілерін синтездеу үлкен қызығушылық тудыруда.

Порфириндердің маңызды қасиеттері, молекуладағы координациялық орталықтарының, шамамен радиусы 2А болатын N₄ азот атомдарымен шектелген M²⁺, M³⁺, M⁴⁺ және одан да жоғары тотығу дәрежесіне ие металл иондарын координациялауға қабілетті болуы. Комплекс түзу нәтижесінде әр түрлі құрылымдық және химиялық ерекшеліктері бар, жоғары биологиялық және каталитикалық белсенділікке ие металдыпорфирин деп аталатын комплексті қосылыстары түзіледі. Осы кезде металл N₄ орталығын еншілеп MN₄ атомдарынан жазық координациялы түйін түзіп ху экваториалды жазықтығынан орын алады немесе N₄ атомдары жатқан жазықтықтан сәл көтеріңкі күйде әр түрлі геометриялық құрылымды координациялық түйіндер түзеді: тетрагоналды пирамидадан L(MN)₄, октаэдр (L₁)(L₂)MN₄ және одан да күрделі геометриялық фигураларға дейін.


Орталық атомның жазықтықтан шығуы L молекуласымен донорлы – акцепторлы әрекеттесу нәтижесінде болады. Егер металл M ху жазықтығының қарама – қарсы жағынан табиғаты бірдей екінші L молекуласын қосып алуға қабілетті болса, онда ол N₄ жазықтығының орталығына қайтып оралады. Порфиринінің 4 азот атомымен байланысқан металдың координациялық сферасына кіруге қабілетті лигандалар (L₁) аксиалды деп аталады. Порфириндер мен олардың комплекстерінің спецификалық құрылысының, өзіндік қасиеттерінің ерекшеліктеріне және алуан түрлі құрылымдарының көптігіне орай металдыпорфириндердің молекулаларын биологиялық процестерде биокатализаторлар (ферменттер) ретінде қолдану мүмкіндіктері артуда. Порфириннің құрылымының көп түрлілігі, ондағы порфин молекуласының сутек атомдарының орнын орынбасарлар басуы арқасында химиялық түрленуінің көптеген жолдарының болуына байланысты [17, 18].

Металдыпорфириндер макроциклдік комплекстер болып табылады, бұл олардың құрылымы мен қасиеттеріне әсерін тигізеді. Бірақ, оларқосарланған π- жүйелі ароматты макроциклдарының болуымен басқа да көптеген макроциклдік комплекстердің топтарынан ерекшелінеді. Порфириндердің ароматтылығын олардың электрон-донорлы қасиеттерімен анықтайды, яғни оң және теріс зарядтарды ароматты орбиталдарға орналастыру арқылы олардың локальдылығын төмендетуге қабілеттілігінің болуы. Осының арқасында, катион- және анион- радикалды түрлерімен қатар металдыпорфириндер негізіндегі биологиялық белсенді қосылыстардың қызметі кезінде пайда болған металдардың әр түрлі тотығу дәрежелері тұрақталынады. Орынбасарлар ретінде координирлеуші функционалды топтары жоқ порфириндер екі түрлі комплекстер түзуі мүмкін – аминді комплекстер, немесе интермедиаттар және металдыпорфириндер.

Аминді комплекстерде (интермедиаттарда) порфиринді лиганда (H₂P) бейтарап молекула түрінде болады. Интермедиаттың түзілу үрдісін келесі реакциямен көрсетуге болады:



мұнда (M - әдетте ауыспалы металл) сольваттанған металдың тұзы ішкі координациялық аумағынан еріткіштің(Solv) екі молекуласын жоғалтады және азоттың үшіншілік екі атомдарының арқасында порфириннің молекуласын координирлейді [19]. Ауыспалы металл тұзы жүйесінде - порфирин бірден келесі реакция теңдеуіне сәйкес металдыпорфирин түзеді:



(мұндағы, МР – металдыпорфирин)

Металдыпорфириндердің түзілу реакциясы үшін NH – тобының екі протоны үзіліп, металл – порфирин күшті әрекеттесуі нәтижесінде координациялық аумақ түбегейлі өзгереді. Өз кезегінде металдыпорфириндер: химиялық байланыс түріне байланысты – қозғалғыш (ионды) және тұрақты (ковалентті) болып, MN₄ координациялық орталығының геометриясына байланысты – орталық симметриялы жазықтықты және орталықтағы симметриялы емес жазықтықтан тыс болып, орталық атомның координациялық қанығуының дәрежесіне қарай – таза порфиринді комплекстер мен порфириндердің экстракомплекстері болып бөлінеді. Сэндвичті және әр түрлі полимерлі металдыпорфириндер болуы да мүмкін [20, 21].


Теория мен практика үшін d- электрондық деңгейінде орналасқан металдардың тұздарының порфириндермен комплекстүзу реакциялары да қызығушылық тудырады. Порфириндердің р- және d- деңгейлеріндегі металдармен комплекстері жоғары тұрақтылығымен ерекшеленеді [22]. Комплекстегі (металдыпорфириндегі)порфириннің лигандасының орнын басу үшін, тек қана еріткіш молекуласының әрекеті жеткіліксіз. Порфирин молекулаларының ерітінділерде сольваттануына, әр түрлі еріткіштердегі еруіне, порфирин комплекстерінің лигандаларының қосымша координациялануына (экстра-координациялануына), макроциклді эффект жоғары әсер ететіндігі анықталды [5].

Хлорофилдер макроциклдерінің ортасында Mg^{2+} ионы болады, ал порфириндерде – екі және үш валентті темір, ал сирек жағдайларда мыс, цинк және басқа да металдардың ионы болады. Осы металдармен қатар мұнай порфириндерінде кездесетін ванадий (V) мен никелді де айта кеткен жөн. Бірақ бұл комплекстер табиғи қосылыстар болып табылмайды, себебі олар мұнай түзілу үрдісі кезінде, хлорофилдердегі магнийдің әлсіз иондарын ванадий, никель және басқа да металл иондары ығыстырып шығаруының нәтижесінде пайда болған [23].

Порфиринді макроцикл ерекше хелат түзгіш қасиеттерге ие, соған байланысты Д.И. Менделеев кестесінің элементтерінің көп бөлігімен әр түрлі порфиринді комплекстері алынууда. Олардың арасында порфириндердің, хлориндердің және бактериохлориндердің палладийлі комплекстері ерекшеленеді. Екі валентті палладий ионы порфирин жазықтығында да, оның үстіңгі бөлігі мен қатар макроциклдің сыртқы жағында да орналасуы мүмкін. Pd – порфиринді комплекстерді зерттеу мәселелері шартты түрде үш топқа бөлініп ұсынылған [24]. Біріншісі, металл ионы макроцикл жазықтығында орналасқан кездегі порфириндердің палладийлі комплекстерін зерттеудің физика – химиялық, ең бастысы спектралды қасиеттерін біріктіреді. Екіншісі, металл ионының макроциклдің орталық жазықтығында немесе перифериясында орналасқандағы палладий порфириндердің реакцияға қабілеттілігін зерттеу жатады. Үшіншісі, палладий нанотехнология үшін сызықты және циклді олигомерлер алууда 2, 3 және одан да көп макроциклдерден супрамолекулалы құрылымдар жасалуда қолданылады. Бұл жағдайда палладий иондары макроциклдердің тек қана сыртқы жағында орналасады.


Порфириндер мен олардың комплекстерін алу үшін негізгі екі реакция қолданылады: 1) порфирин лигандасының металдар тұздарымен, оксидтерімен немесе корбанилдерімен комплекстүзуі; 2) металл ионының көздері – тұздар, оксидтер немесе бос металл иондары қатысында макроциклдің тұйықталуы. Тетраазатетрабензопорфиндер мен тетрабензопорфиндердің комплекстерін екінші әдіс бойынша алады.

Органикалық еріткіштерде комплекстүзу реакцияларын жүргізу үшін комплекстүзуші-ионға донор ретінде хлоридтер, ацетаттар немесе ацетилацетонаттар қолданылады. Еріткіштер ретінде НОАс, метанол, ацетон қолданылады; ДМФА әмбебап еріткіш болып табылады.




мұндағы m – бірзарядты ацидо лигандалар саны, n – берілген еріткіштегі комплекстегі металл катионының максималды координациялық саны. НОАс ортада тұрақсыз металдыпорфириндерді (CdP, CaP, HgP) алуға болмайды.

Негізінде берілген реакция өзінің табиғаты тұрғысынан металл катионының бірінші координациялық сферасында лигандалардың орынбасу реакциясы болып табылады. Көптеген еріткіштерде тұз аниондық лиганда тұрғысынан иондалмаған күйде болады:




Кинетикалық зерттеулер нәтижесі реакцияның бимолекулалы екендігін көрсетті, берілген теңдік екінші реттік жылдамдықтыкі. Комплекстүзу реакциясы, активтену энтропиясының теріс және активтену энергиясының біршама маңыздырақ өлшеміне ие баяу жүретін үрдіс. Бимолекулалы баяу сатыда ауыспалы, тұрақсыз жағдай орнайды.

Авторлар [25, 26] жұмыстарында ацитонитрил мен диметилсульфоксидерітінділеріндегі кадмий мезопорфирині мен протопорфиринінің Со(II) және Zn(II) хлоридтерімен әрекеттесуі кезіндегі металл алмасу кинетикасы мен осы процестің өтуі кезіндегі металдыпорфириндердің ерітінділерінің спектрінің өзгеру ерекшеліктерін зерттеген. Реакцияны келесі түрде бейнелеуге болады:



мұндағы CdP және MP – металдыпорфириндер, $MCl_2(\text{Solv})_{n-2}$ – металдардың хлоридтерінің сольватты комплекстері [27]. Прототоптың, табиғи порфириндермен– протопорфирин, мезопорфирин, дейтропорфирин және гематопорфириндермен комплекстеріндегі Cd^{2+} иондарының Zn^{2+} иондарымен ығысу кинетикасы [28] жұмыста зерттелген. Ацетонитрил және диметилсульфоксид ортасында кадмийді цинкке алмастыру реакциясының компоненттерінің арасындағы стехиометриялық қатынас есептелінген. Порфириндердегі орынбасарлар табиғатының және d- деңгейіндегі металл мен еріткіш иондарының әсерін ескере отырып, металл алмастыру реакциясының белсенділігінің механизмі қарастырылған. Сонымен қатар кадмийді цинк пен кобальтқа алмастыру реакциясы екі сатылы және екінші ретті реакцияның кинетикалық теңдеуіне бағынатыны көрсетілген:



Жылдамдықтың бимолекулалы (нағыз) константасы (k_v) еріткіш пен металл тұзының табиғатына ғана емес, сонымен қатар металдың концентрациясына да тәуелділігі анықталды.

Металдыпорфириндердің координациялық орталығында металл алмастыру реакциясы барлық белгілі реакция түрлерінің ең күрделісі болып табылады. Оған тотығу-тотықсыздану (қозбаған электрондар тасымалы) мен қышқылды және негізді (протондарды тасымалдау) әрекеттесуді қоспағандағы барлық әрекеттесу түрлері кіреді. Жеке классификация [29] бойынша, реакция комплекс түзілудің ассоциативті – диссоциативті реакциясы болып табылады. Механизм жайлы нәтижелер [30, 31] жұмыстарда келтірілген, оларда Mg мен Cd порфиринді комплекстерінің екі валентті металдардың хлоридтерімен арасындағы металл алмасу реакциялары екі сатылы бимолекулалы реакция екені көрсетілген.

Порфириндердің комплексті қосылыстарының қатысуымен өтетін көптеген ферментативті процестерге, металдыпорфириндердің катиондарымен субстрат координациясы кіреді. Бұл процесс экстраординация деп аталады және соңғы жылдары белсенді зерттелуде [32-34]. Металдыпорфириндер арасында құрылымы жазық емес макроциклді қосылыстар ерекше орын алады. Перифериялық орынбасарлардың кеңістіктік итерілуі нәтижесіндегі ароматты ядро деформациясының көмегімен, кең аралықта металдыпорфириндердің физика – химиялық, координациялық және каталитикалық қасиеттерін реттеуге болады [35]. Кобальттың тетрафенилпорфиринмен, тетрапиридинпорфирин туындысымен және β-октабром-мезо-тетрафенилпорфиринмен комплекстерінің құрамында азоты бар лигандтарды қосымша координирлеу қабілеттілігі [36] жұмыста қарастырылған. Этанолды ерітінділерінде 298 К температурада көрсетілген порфириндермен кобальтты комплекстеріне, пиридин, пипиридин және N-метилимидазол экстралигандаларын қосу реакцияларының тепе-теңдік константалары анықталған.

Металдыпорфириндер негізіндегі супрамолекулярлық құрылымдарды зерттеудің белсенділігі, олардың ерекше оптикалық және электрохимиялық қасиеттеріне, жоғары термиялық және химиялық тұрақтылықтарының арқасында бұл қосылыстардан көптеген материалдар алу мүмкіндігіне байланысты [37, 38].

Порфириндерге металдың енуі олардың спектрлерінің айтарлықтай өзгерісін тудырады. Порфириндердің Pd(II) металымен комплекстері бөлме температурасында қарқынды түрде фосфоресцирленеді. Ал жоғары температуралы фосфоресценция Pd-порфириндерді аналитикалық биохимияда уақыт аралық люминесценттік иммундық анализде таңба ретінде қолданылады.

Порфириндердің әр түрлі полярлы еріткіштердегі металдардың тұздарымен комплекс түзу реакциясының жіктелуі: 1) ішкі сфералық комплекстер арасындағы реакция; 2) металдың ионымен байланысқан лиганданың орнын басқа лиганда басуының реакциясы; 3) порфирин-лиганд металл ионына оның валенттік орбитальдары толуына қажетті электрондар жұптарымен қамтамасыз ететін бір бағытта жүретін реакциялар [39].

Порфириндер мен металдыпорфиринге деген сұраныстың артуына байланысты оларды, тиімді, әрі арзан әдіс-тәсілдер арқылы алудың қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі таңда хлорорфилл мен порфириннің негізгі арзан, әрі қолайлы шикізат көзі ретінде қос үйлі кәдімгі қалақай өсімдігі пайдаланылады. Осыған орай зерттеу жұмыстарымыздың барысында, алыну жолының арзан әрі тиімділігіне байланысты, Қазақстан өсімдігі – қос үйлі қалақай шикізатынан феофитин (а және б) қосылысы әдебиетте келтірілген белгілі әдіс бойынша жеке екі компонентке – феофитин а және феофитин б бөліп алынды [40]. Бөліп алынған порфирин құрамындағы азот пен көміртегінің сандық мөлшерін элементтік анализ нәтижелері арқылы анықталды. Алдыңғы жұмыстарда порфириннің құрамындағы әр элементтің пайыздық мөлшерлері келесідегідей: С – 71,38 %; Н – 8,03 %, Cl – 0; N – 5,20 екендігі және бөліп алынған екі фракцияның балқу температуралары анықталған [41, 42]. Феофитин а және феофитин б қосылыстарының балқу температураларының нәтижесі, олардың кристалдық торларындағы молекула аралық әрекеттесулердің күші мен молекуласының тұрақтылығы туралы мәліметтер бере алады. Сонымен қатар жұмыс барысында қос үйлі қалақай өсімдігінен алынған шикізат хлорофиллден бөліп алынған феофитиннен өзге, жануарлар қанының құрамынан алынған порфирин түрі гематопорфириннің металдыкомплекстерінің полимерлермен композиттерін синтездеу мен кейбір физика-химиялық қасиеттерін зерттеуде, х.т. маркалы дайын өнім гематопорфирин қолданылды.

Порфириндердің молекулалық құрылымы туралы дәлірек мәліметтерді олардың электрондық жұтылу және таралу спектрлерінің, ИҚ-спектрлерінің, Мессбауэр спектрлері нәтижесі арқылы байқауға болады [43]. Порфириндердің спектроскопиясы туралы деректер көптеген еңбектер мен мақалаларда кенінен қарастырылған [44, 45].

Порфириннің құрылымы мен спектралды қасиеттері арасындағы байланысты анықтау, құрылымы қарапайым құрылымнан күрделілеріне қарай бірқатар қосылыстарды кешенді зерттеуді қажет етеді. Осы бағытта қызығушылық тудыратын қосылыстардың бірі пирролды туындылар, олардың спектралды қасиеттерін қарастыра отырып, макроциклдің химиялық түрленуіне қарай спектрлердің өзгеруін зерттеуге болады.

Органикалық еріткіштердегі: этил спирті, изопропил спирті, диметилформамид (ДМФА) b феофитинінің электрондық жұтылу жолақтарын түсірдік. Порфириндердің жұтылу жолақтары [44, 46] спектрдің көріну аймағында қарқындылығы төмен төрт жұтылу жолақтарынан және спектрдің күлгін ауданында қарқындылығы өте жоғары, Сорре жолағы деп аталатын бір жолақтан тұрады. Порфириндердің спектрлерінің жұтылу жолақтарының қарқындылығы олардың құрылысына тәуелді болады. Олардың жіктелуі осы жолақтардың қасиеттеріне негізделген.

Феофитиннің құрылымдық формуласын электрондық спектрлер нәтижелері дәлелдейді. Феофитиннің спектрінде жақын ультракүлгін аймақта 409,66 нм-лік, әдебиеттерде Сорре жолағы (көптеген порфиринді жүйелерге тән, қарқындылығы жоғары) деген атауға ие жұтылу жолағы және спектрдің көріну аймағында 663,78 нм-лік, қарқындылығы төмендеу жолақтардың болуы, әдебиеттерде [47, 48] берілген деректермен (эфирлі немесе пирридинді ерітінділерде түзілген хлорофилдердің еноляттарының тұрақсыз интермедиаттарының электрондық жұтылу жолақтары түсірілген) сәйкес келеді.

Феофитиннің ДМФА ерітіндісінде Сорре жолағы 412,05 нм толқын ұзындығында, феофитиннің этил спиртіндегі ерітіндісінде 409 нм толқын ұзындығына және изопропил спиртіндегі ерітіндісінде толқын ұзындығы 410 – 411 нм-де айқындалады. Әр түрлі еріткіштердегі b феофитинінің спектрлерінің жұтылу жолақтары қарқындылығының өзгешеліктері органикалық еріткіштердің полярлылығына байланысты болатындығы еңбектерде [49, 50] келтірілген. Феофитинге металл тұзын қосқанда жолақтардың орналасуында $\sim 10\text{-}20\text{см}^{-1}$ мәніне жуық өзгерістер байқалады. Бұл өзгеріс порфириннің координациялық орталығындағы екі сутек атомдарының орнын металл атомдарының басуы арқылы металдыфеофитиннің түзілуіне байланысты болады [51].

Металдыпорфириндердің тұрақтылығы металл атомының заряды мен өлшемі, лигандамен байланысу дәрежесі сияқты факторларға тәуелді. Тұрақты металдыпорфириндердің түзілуінің бірден-бір қажетті жағдайы – комплекс түзуші атом мен лиганданың координациялық орталығының геометриялық параметрлерінің сәйкестігі болып табылады [52]. Жұмыс барысында металдыфеофитиннің және гемато-порфириннің металды қосылыстарының термиялық қасиеттері зерттелініп, дифференциалдық кескіндік калориметрия (ДКК) әдісімен бірнеше жүйелердің температура әсерінен ыдырауы қарастырылған [53, 54].

Сондықтан порфириндердің металды комплекстерінің негізіндегі өздігінен ұйымдасатын құрылымдарға, табиғи және олардың синтетикалық үлгілеріне де, қызығушылық өсуде. Порфириндерді зерттеуге деген қызығушылық олардың ерітінділерде металл иондарымен комплекстер түзу мүмкіндіктеріне негізделген.

1. Сырбу С.А., Агеева Т.А., Семейкин А.С., Койфман О.И. Синтез мезо-фенилзамещенных порфиринов как исходных соединений для получения порфиринсодержащих полимеров //Известия Академии наук. –2007. –№4. – С. 680-700.

2. Быховский В.Я. – В кн.: Успехи химии порфиринов. Под ред. О. А. Голубчикова. – С.-Петербург: Изд. НИИ Химии СПбГУ, 1997. – Т. 1. – С. 27.

3. Химия биологически активных природных соединений. Под ред. Н. А. Преображенского, Р. П. Евстигневой. - М.: Химия, 1976. – 512с.

4. Серебренникова О.В. Эволюция тетрапиррольных пигментов в осадочных отложениях. – Новосибирск: Наука, 1988. – 140с.

5. Койфман О.И., Агеева Т.А. Методы синтеза полимерсвязанных порфиринов. – В кн.: Успехи химии порфиринов. - СПб.: НИИ химии СПбГУ, 2001. – Т. 3. – С. 260-283.

6. Vallüs M.A., Zylkowski P., Koifman O.I., Semeykin A.S. et. al. PDT photosensitisers for blood sterilisation: virus photoinactivation and red blood cell toxicity assays. – В кн.: Успехи химии порфиринов. - СПб.: НИИ химии СПбГУ, 2001. – Т. 3. – С. 179-191.

7. Химическая энциклопедия. – М.: Большая Российская Энциклопедия, 1998. – Т. 5. – С. 572-579.

8. Березин М.Б. Термохимия сольватации хлорофилла и родственных соединений. – 2008. – 256с.

9. Еремин В.В. С чего начинается фотосинтез //Природа. – 2008. – Т.7, № 12. – С. 3-10.

10. Николаева О.И., Агеева Т.А., Койфман О.И. Особенности комплексообразования порфиринсодержащих полимеров с ионами металлов //XX Международная Чугаевская конференция по координационной химии. – Ростов-на Дону. – 2001. – С. 344-345.

11. Березин Б.Д., Хелевина О.Г., Осипова Н.В. Влияние аза-замещения на кинетическую устойчивость магниевых комплексов порфиринов //Изв. Вузов. Химия и химическая технология. – 1978. – Т. 21, №3. – С. 336-341.

12. Березин Б.Д., Хелевина О.Г., Фролова О.И. Кинетическая устойчивость магниевого комплекса октафенилтетразапорфина в уксуснокислых растворах //Изв. Вузов. Химия и химическая технология. – 1978. – Т. 21, №4. – С. 500-505.

13. Хелевина О.Г., Березин Б.Д., Олемская Л.В. О стабильности никелевого комплекса октафенилтетразапорфина //Изв. Вузов. Химия и химическая технология. – 1981. – Т. 24, №8. – С. 949-953.
14. Natarajan P., Raja C. Studies on interpolymer self-organization behaviour of protoporphyrin IX bound poly (carboxylic acid) s with complimentary polymers by means of fluorescence techniques //Eur. Polym. J. 2004. – 40, №10.– P. 2291-2303.
15. Kadish K.M., Smith K.M., Guillard R. The Porphyrin Handbook. - SanDiego: Academic Press, 1999. – 145с.
16. Алькорта И., Бланко Ф., Эльгера Х. Кислотные свойства порфиринов и родственных соединений //Российский химический журнал. – 2007. - Т. LI, №5. - С. 99-106.
17. Эфимова С.В., Корженевский А.В., Койфман О.И. Синтез дикаббокситетрааренопорфираза алюминия //XXII научная сессия Российского семинара по химии порфиринов и их аналогов. – Иваново, 2001. – С. 10-11.
18. Olga I. Nikolaeva, Ageeva T.A., Koifman O.I. Synthesis of Physiologically Active Polymers Containing Covalently Bounded Porphyrins And Their Metallocomplexes. II International Conference on Porphyrins and Phtalocyanines. – Kyoto, Japan. – 2002. – P. 506.
19. Березин Б.Д. Координационные соединения порфиринов и фталоцианина. – Москва: Наука, 1978. – 280с.
20. Соловьев А.Б., Тымашев С.Ф. Каталитические системы на основе иммобилизованных порфиринов и металлопорфиринов //Успехи химии. – 2003. – Т. 72, №11. – С. 1081-1102.
21. Tsuchida E., Nishide H., Ohyanagi M. Facilitated transport of molecular oxygen in membranes of macromolecular cobalt-porphyrin complex: modification of dual-mode transport model //J. Macromol.sci. chem. – 1988. – Vol. A 25, №10&11. – P. 1327 - 1338.
22. Исляйкин М.К., Данилова Е.А., Кудрик Е.В. Макрогетероциклические соединения. Строение. Синтез. Свойства. – В кн. Успехи химии порфиринов. – СПб.: НИИ химии СПбГУ, 1999. – Т. 2. – С. 300-319.
23. Серебренникова О.В. - Успехи химии порфиринов. Ред. О.А. Голубчиков. - СПб.: НИИ химии СПбГУ, 2001. – Т. 3. – С. 326-349.
24. Миронов А.Ф. Палладий и порфирины //Рос. хим. журнал. – 2006. – Т. L, № 4. - С. 61-71.
25. Березин Б.Д., Румянцева С.В., Березин М.Б. Кинетикаметаллообмена мезопорфирина кадмия с солями цинка и кобальта в органических растворителях //Кординационная химия. –2004. – Т. 30, № 4. –С. 312-316.
26. Звезда С.В., Березин М.Б., Березин Б.Д. Реакции металлообмена протопорфирина кадмия с хлоридами кобальта и цинка в ацетонитриле и диметилсульфоксиде //Журнал неорганической химии. - 2006. – Т. 51, №1. – С. 120-125.
27. Березин Б.Д., Голубчиков О.А. Координационная химия сольватокмлексов солей переходных металлов. - М.: Наука, 1992. - 234 с.
28. Березин М.Б., Звезда С.В., Березин Б.Д. О механизме металлообмена у природных порфиринов кадмия //Координационная химия. – 2007. –Т. 33, №7. – С. 499-503.
29. Крестов Г.А., Березин Б.Д. Основные понятия современной химии. - Ленинград: Химия, 1986. – 105 с.
30. Березин Б.Д., Шухто О.В., Березин Д.Б. Реакций металлобмена в металлопорфиринах //Журнал неорганической химии. – 2002. – Т. 47, №8. - С. 1187.
31. Березин Д.Б., Шухто О.В., Никольская М.С., Березин Б.Д. Некоторые особенности реакций металлобмена в комплексах порфиринов и фталоцианинов //Координационная химия. - 2005. -Т. 31, №2. - С. 104.
32. Порфирины: спектроскопия, электрохимия, применение. - Под ред. Ениколопяна Н.С. – М: Наука, 1987. – 384 с.
33. Петров О.А., Стужин П.А., Иванова Ю.Б. Кинетическая устойчивость октафенилтетрапиразапорфираза в системе азотистое основание- диметилсульфоксид //Журнал физической химии. – 2008. – Т.82, №2. – С. 266-270.
34. Успехи химии порфиринов. - Под ред. О.А. Голубчикова. - С-Петербург: НИИ химии СПбГУ, 1997. – Т. 1. – С. 384.
35. Березин Б.Д., Ениколопян Н.С. Металлопорфирины. – М.: Наука, 1988. –160 с.
36. Гусева Л.Ж., Пуховская С.Г., Семейкин А.С., Голубчиков О.А. Координация азотсодержащих лигандов комплексами кобальта с тетра- и додеказамещенными порфиринами //Коорд. Химия. – 2007. – Т. 33, № 2. – С. 121-124.
37. Лен Ж.М. Супрамолекулярная химия-масштабы и перспективы. – Новосибирск: Наука, 1998.
38. Койфман О.И., Агеева Т.А. Координационные полимеры на основе металлопорфиринов //Рос. Хим. Журнал. – 2004. – Т.48, №4. – С. 140.
39. Тюрин В.С., Яцук Ю.П., Белецкая И.П. Исследование супрамолекулярной самосборки тетракси мезо-(3-гидроксифенил)порфирилатоцинка с рядом переходных металлов и бидентантными лигандами //Журнал органической химии. – 2008. – Т. 44, Вып. 9. – С. 1393-1399.
40. Аскарлов К.А., Березин Б.Д., Евстигнеева Р.П., и др. Порфирины: структура, свойства, синтез. – М.: Наука, 1985. – С. 7-13.
41. Сарова Н.Б., Жунусбекова Н.М., Долгова Н.А., Бектуров Е.А., ДжумадиловТ.К. Влияние органических растворителей на электронные спектры поглощения феофитина (а) и (b) //Матер. Межд. научно-практ. конф. «Физико-химические процессы в газовых и жидких средах». – Караганда. –2005. – С. 79-82.

42. Сарова Н.Б., Жунусбекова Н.М., Долгова Н.А., Корганбаева Ж.К., Бектуров Е.А., Джумадилов Т.К. Электронные спектры поглощения феофитина (а) и (b) //Вестник КазНУ, сер. хим. -2005. – №2(38). -С. 45-51.
43. Корганбаева Ж.К. Джумадилов Т.К. Бродский А.Р. Яцкевич В.И. Бектуров Е.А. Исследование комплексообразования металлопорфирина с поливинилпиридином методами ультрафиолетовой инфракрасной и мессбауэровской спектроскопии //Хим. журн. Казахстана. – 2009. №2. – С.142-146.
Қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселенің бірі – бәсекелестікке қаблетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандар дайындау. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының әлемдік өркениетке ұмтылып, дүниеге іргелі ел ретінде танылып, тәуелсіздіктің тұғырын берік орнатып отырған Қазақстан Республикасының болашағында білімді, білікті, саналы азаматтар тәрбиелеу міндеттері қойылған. Бұл міндет білім алушы жастардың шығармашылықтарын арттырып, өздігінен білім алуға және алған білімін іске асыра білуге үйретуді міндеттейді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім стандарты бойынша экологиялық білім беру «Биология» пәндерінің мазмұнында және вариативтік сағаттарға негізделген. Шын мәнінде дүниежүзілік және отандық тәжірибелер корсетіп отырғандай көпшілікке экологиялық білім беру экология курсына жеке пән ретінде оқыту ғана бұл проблеманы шеше алады. Оның өміршеңдігі де осында жатыр. Экологиялық білім беруді бүгінгі күннің талабына сай жетілдіру үшін оның үздіксіз ұстанымын жүзеге асыру керек. Өйткен, экология курсына пән ретінде оқытудың 1-11 сыныптарға арналған мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру керек. Бұл ХХІ ғасырдың күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Биология курстары бойынша 9-сыныпта экология негіздерінде - 18, 11-сыныпта 24 сағат беріліп отыр. Гуманитарлық бағыттағы 11-сыныпта да 24 сағат берілген. Мұның өзі экологиялық мәселелер биология оқулығын бұрынғы дәстүрлі мазмұнын түбегейлі өзгертіп отыр. Аталған жағдайлар болашақта жасөспірімдерге үздіксіз экологиялық білім берудің пәндік жүйесінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Алғашқы эксперименттік оқулықтар мен оқу кешендері жарық көрді. Мұның өзі экологияны орта мектеп жүйесінде 1-11 сыныптар бойынша жеке пән ретінде оқытудың алғашқы қадамы мен алғышарттары болса керек. Алдағы мақсат республикамыздың барлық аймақтарын қамтитын бір жүйеге келтіретін экология курсының 1-11 сыныптарға арналған толыққанды бағдарламасын жасау. Қазірше 5-11 сыныптарға арналған экология бағдарламасы жарық көрді. Соның негізінде оның оқылықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін көпшілікке ұсыну.

Түйін сөздер: Экологиялық білім беру, үздіксіз білім беру жүйесі, оқу-әдістемелік кешен, экологиялық білім беруді қалыптастыру, экологиялық тәрбие, жаңа буын оқулығы.

Summary

Modern science has penetrated into all spheres of life, human activities and has reached the limits of knowledge of micro- and macocosm, which require an increasing expansion of research and a growing deeper in the knowledge of the laws of nature. The high level of science and education is the same or even more important factor in the development of society than having access to natural resources and energy. Every country seeking to preserve and strengthen their positions, should maintain and develop science, to create the most favorable conditions for strengthening the intellectual potential of society. Kazakhstan is not exception. So the proposes a new national view: by the year 2020 Kazakhstan educated country, smart economy and a highly skilled workforce. Program as an organizational basis of state policy in the sphere of education is a complex of interrelated resource and timing of events covering changes to the structure, content and technology education and training, system management, organizational and legal forms of educational activities and subjects of financial and economic mechanisms. The concept of ecological education provides an understanding of the laws of nature, the formation of ecological knowledge and culture of the students. The study of ecology should promote humanisation and harmonization of society, moral, psychological development, healthy lifestyles and consideration of regional differences, the disclosure of ecological laws. At the moment in educational process introduced by the program authors, environmental training and guidance on ecological and tutorials. Educational - methodical complex consists of a textbook, guidance, workbook and readers, is used in the learning process.

Keywords: ecological education, continuous learning process, educational - methodical complex, the formation of ecological education, ecological training, the new generation of textbooks.

ЭКСПО-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Г.М. Сабденалиева – п.ғ.к., доцент,

Б.Е. Тастанова – аға оқытушы,

Ж.Б. Қалдыбаева – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақалада Қазақстанда өтетін «ЭКСПО-2017» көрмесінің еліміздің экологиялық-экономикалық мәселелерін шешудегі алатын орны, маңыздылығы сипатталады. «Болашақтың энергиясы» еліміздің энергоресурстарын тиімді пайдалану және сол сияқты сарқылмайтын ресурс түрлерін пайдаланудың қазіргі жай-күйі туралы шолу жасалған. «Жасыл» экономика – бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуда ұшыраған (пайдалы қазбалар – мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған. Жасыл экономиканың негізінде – таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл» экономиканы дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді. Елімізде табиғатты таза сақтау бойынша «жасыл экономика» жобалары жасалып, іргелі жұмыстарға басымдық берілуде. Соның бірі – күн нұрынан қуат өндіру болса, екіншісі – жел энергетикасын заман талабына сай қолданысқа енгізу, сол арқылы табиғатты таза сақтау. Заман көші алға озып, экономика дамыған сайын қоршаған ортаны қорғау қиынға соғып барады. Өндірісті дамытпаса, экономика алға баспайтыны белгілі. Бұл жолдан өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай аман-есен алып шығудың жалғыз жолы – «жасыл экономиканы» дамытудың маңызы зор. Осы ретте біздерге Астана қаласында өтетін «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесі дәстүрлі емес қуат көздерін өндіруге ерекше серпіліс беретіні анық. Қазіргі таңда балама энергия көздерінің Қазақстан үшін тиімділігі жоғары жел энергиясы екендігі даусыз. Жел энергетикасы әлемнің 80-нен астам елінде энергетикалық кешеннің едәуір бөлігін құрайды. Жел энергиясының қоры, ғаламшарымыздағы барлық өзендердің гидроэнергияларының қорынан жүз есе көп.

Түйін сөздер: ЭКСПО-2017 көрмесі, болашақтың энергиясы, табиғи қорлар, жасыл технологиялар, жел энергиясы, қуат көздері, энергия қуатын үнемдеу, суды үнемдеу, ресурстарды тиімді пайдалану, жасыл экономика, қоршаған ортаны қорғау.

Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Біз экологиялық мәселерге баса назар аударатын отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз. Нәтижесінде мен агроөнеркәсіптік кешеннің алдына – экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болу міндетін қоямын», деді. Қоршаған ортаға залалын тигізетін құрылымдарды бірте-бірте жойып, оған экологиялық таза балама көздерін табуға ерекше назар аударылуда.

Президенттің таяуда бекіткен «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама туралы» Жарлығында жан-жақты дәйектелген. Мысалы, «Ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер: 1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін арттыру; 2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу; 3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын арттыру; 4) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін арттыру болып табылады», дей келіп, «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама 3 кезеңде іске асатыны алға тартылады [1].

«Жасыл» экономика – бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуда ұшыраған (пайдалы қазбалар – мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

Жасыл экономиканың негізінде – таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл» экономиканы дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді.

Елімізде табиғатты таза сақтау бойынша «жасыл экономика» жобалары жасалып, іргелі жұмыстарға басымдық берілуде. Соның бірі – күн нұрынан қуат өндіру болса, екіншісі – жел энергетикасын заман талабына сай қолданысқа енгізу, сол арқылы табиғатты таза сақтау [2].

Заман көші алға озып, экономика дамыған сайын қоршаған ортаны қорғау қиынға соғып барады. Өндірісті дамытпаса, экономика алға баспайтыны белгілі. Бұл жолдан өгізді де өлтірмей, арбаны да

сындырмай аман-есен алып шығудың жалғыз жолы – «жасыл экономиканы» дамытудың маңызы зор. Осы ретте біздерге Астана қаласында өтетін «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесі дәстүрлі емес қуат көздерін өндіруге ерекше серпіліс беретіні анық.

Қазіргі таңда балама энергия көздерінің Қазақстан үшін тиімділігі жоғары жел энергиясы екендігі даусыз. Жел диірмендері алғаш рет біздің дәуірімізге дейінгі 200 жылдары Персияда астық тарту үшін пайдаланылған. Ислам әлемінде кең тараған диірмендерді 13 ғасырда крест жорықшылары Еуропаға алып келіп, жел өндіретін алғашқы диірмен ХІХ ғасырда Данияда ойлап табылған. 1890 жылы тұңғыш жел электр стансасы іске қосылып, одан бері Еуропа елдерімен қоса, АҚШ, Қытай, Жапония, Египет, Үндістан секілді елдер өз стансаларын салып жатыр. Жел энергетикасы саласындағы көшбасшылар – Германия, Испания, АҚШ, Дания, Голландия және Үндістан елдері болып есептеледі. Жел энергетикасы әлемнің 80-нен астам елінде энергетикалық кешеннің едәуір бөлігін құрайды [4].

Жел энергиясының қоры, ғаламшарымыздағы барлық өзендердің гидроэнергияларының қорынан жүз есе көп. Ғалымдардың болжауынша Жер бетіндегі жел энергиясының потенциалы 1200 ТВт дейін жетеді, бірақ осы потенциалды қолдану барлық жерде біркелкі емес. Вертикаль қимадан өтетін жел қозғалысының қуаты, энергияны түрлендіруге жеткілікті болу үшін 20-30 м биіктікте желдің жылдық орташа жылдамдығы көп болуы қажет. Жел қозғалысының орташа жылдық меншікті қуаты 500 Вт/м^2 -қа (желдің жылдамдығы 7 м/с) жететін жерде орнатылған жел энергетикалық құрылғы 500 Вт/м^2 -тың 175-ін ғана электр энергиясына түрлендіреді екен. Жел қозғалысының энергиясын пайдалы қолдану коэффициенті (ПҚК), теориялық есептеулер бойынша 59,3% құрайды. Басылымға шыққан мәліметтер бойынша, практикада жел энергиясының ең үлкен ПҚК-і жел агрегатында жуықтап алғанда 50% жақын болады, бірақ бұл тек қана проектте қарастырылған желдің қолайлы жылдамдықтарында ғана. Бірақ кейбір кездері, желдің жылдамдығы есептелген жылдамдықтардың шектерінен шығып кетеді. Бір жағдайда желдің жылдамдығы тым төмен болады, бұл жағдайда жел агрегаты жұмыс істей алмайды, екіншіден желдің жылдамдығы тым көп болады, бұл кезде агрегат істен шығып қалмау үшін оны тоқтатуға тура келеді [3].

Қазақ елінің тарихында тұңғыш рет «Қазақстанның жел атласы» жасалды. БҰҰ Даму бағдарламасының «Қазақстан - жел энергетикасын дамытудың перспективалары» атты осынау жобасы аясындағы ұзақ уақыт бойы жүргізілген бірлескен жұмыстың нәтижесі Астанада, ТМД және Орталық Азиядағы қалпына келетін энергия көздерін дамыту жөніндегі Өңірлік конференцияда жария етіліп, осында «Қазақстанның жел атласы» атты интерактивті карта таныстырылды.

Еліміз Киото хаттамасы аясында, жақында 2020 жылға дейін ауаға лақтырылатын парниктік газдардың ауқымын 15%-ға дейін азайту жөнінде міндеттеме алған. 2009 жылдың 17 маусымында «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» заңын қабылдаған. Оның мақсаты қайта қалпына келетін қуат көздерін пайдалану бойынша нысандарды салуға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Осы заңға сәйкес, Индустрия министрлігі «жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға» мониторинг жүргізуде. Қазақстанның 2 пайыздан астам аумағында сексен метр биіктікте секундына 7 метрлік жылдамдықпен соғатын жел күші бар. Бұл басқа елдердің жел әлеуетімен салыстырғанда орасан зор көрсеткіш. Себебі, Еуропа елдерінде желдің жылдамдығы секундына 4-5 метр жағдайында болса да, жел қуатын пайдалануды жолға қойған.

Қазақ даласында қысы-жазы тоқтаусыз соғып тұратын желінің қуаттылығы жағынан Жонғар қақпасы ауданы алдыңғы орында. Ондағы соғатын желдің жылдық орташа жылдамдығы $9,68 \text{ м/с}$ құрайды. Ел аузында «Ебінің желі» деп аталатын осынау қақпадан соғатын алапат жел өндірісқуатын жылына 5 мың МВт/секундқа дейін арттыруға мүмкіндік бермек. Ал, Алматы облысындағы Шелек дәлізінен соғатын желдің жылдамдығы $7,77 \text{ м/секундқа}$ тең. Сондай-ақ, желдің соғу жылдамдығы Ақтау-портында $7,83 \text{ м/с}$, Елорданың маңайында $6,8 \text{ м/с}$, Ерейментауда $7,79 \text{ м/с}$, Қарқаралыда $6,26 \text{ м/с}$, Арқалықта $6,93 \text{ м/с}$, ОҚО Жүзімдік ауылы мен Атыраудағы Қарабатан теміржол стансасы аумағында $7,5 \text{ м/с}$ құрайды. Егер еліміздегі осынау табиғи қуатты іске жарата алсақ, пайдаланылатын жел қондырғыларының жиындық қуаты 550 МгВт -ты құрап, ал жылдық электр энергиясын өндіру көлемі $1,65 \text{ млрд. кВт-сағатқа}$ тең болмақ. Атласқа сәйкес, Қазақстанның 50 000 шақырымнан астам аумағында жылына 900 000 ГВт - сағат электр энергиясын өндіре алады және бұл биік мақсат жолындағы алғашқы қадамдар. 2011 жылдың 5 желтоқсанында «Изен-Су» компаниясының күшімен Жамбыл облысының Қордай ауданында қуаты $1,5 \text{ МВт}$ болатын алғашқы жел электр стансасының пайдалануға берілуі соның айғағы болса керек [2].

Ғалымдардың зерттеулері бойынша энергетикалық жұмыстарды жүргізу кезінде атмосфераға жыл сайын 734 миллион зиянды заттар мен 26 миллиард тонна көмірсутек диоксиді шығарылады екен. Бұл табиғатты ластау өз алдына планетамыздың жылынып кетуіне әкеліп жатқан жайы бар. Алысқа бармай-

ақ, Іле Алатауы мұздықтары 50 жылда 45 пайыз ерігені анықталған. Оның кейбір мысалын кезінде бұрқырап аққан бұлақтардың азаюынан көруге болады. Әлемдегі бірден-бір 22 тау өзені бар Алматы облысының экологиясын көздің қарашығындай сақтауды ел болып бүгін қолға алсақ, мұндай жұмыстар келер ұрпақтың денсаулығына зиян келтірмей, өмір сүру қабілеттілігін арттыра береді.

«ЭКСПО-2017» көрмесінің Астанада өтуі көпшілік арасында талас тудыруда, сондықтан Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде осы мәселеге қатысты дөңгелек үстел ұйымдас-тырылды. Оған Алматы қаласы бойынша «Жасыл ел» еңбек жасақтарының өкілдері, университеттің тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы және 5B060800-экология мамандығының 1-3 курс студенттері, Қазақстан географиясы, экология және оқыту әдістемесі кафедрасының оқытушылары қатысты. Дөңгелек үстел барысында «Қазақстанның халықаралық аренадағы сыртқы имиджі», «ЭКСПО-2017 және экологиялық мәселелердің шешілу қарқыны», «Болашақтың энергиясы» атты тақырыптарда баяндамалар жасалып, студенттер арасында пікір талас туындады. Қатысқан қонақтарда өз көзқарастарын ортаға салды.

Нәтижесінде, «ЭКСПО -2017» біздің еліміздің болашағы үшін, еліміздің экологиялық жағдайын жақсартудың бірден-бір жолы екендігін айта келе, оның өтуіне өз үлестерін қосатындығын жеткізді.

1. *Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. - Астана, 2013*
2. *ҚР электр энергетикасын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама. - Астана, 2010*
3. *Баланчевадзе В.М., Барановский А.И. и др.; Под ред. А.Ф. Дьякова. Энергетика сегодня и завтра - М.: Энергоатомиздат, 2000. - 102*
4. *Mukund R. Patel. Wind and Solar Power Systems: Design, Analysis, and Operation. - CRC Press. 2005. – 82-85*
5. *Мировая энергетика: прогноз развития до 2020 г. / Пер. англ. под ред. Ю.Н. Старшикова. – М.: Энергия, 2004. - 112-114 с.*

Резюме

В статье рассматриваются вопросы решения эколого-экономических проблем которые будут освещены в Экспо-2017. данный анализ рациональному использованию энергоресурсов, а также неисчерпаемых ресурсов, которые являются основой будущей энергии. Как известно зеленая экономика это экономика направленная на рациональное использования и сохранения потенциала будущего, а также неоднократное использование энергии в производственном цикле. В первую очередь зеленая экономика направлена на сохранения исчерпаемых ресурсов как нефть, уголь и др. то есть переход на альтернативный источник электроэнергии. Принципы зеленой экономики используются во многих постиндустриальных странах, опыт которых может быть применим и для Казахстана. В качестве примера может привести энергию солнца и ветра, которые являются экологически чистыми производствами.

Поэтому, проводимая в Астане Международная выставка Экспо-2017, призвана послужить примером использования нетрадиционных и альтернативных источников энергии. Как известно, Казахстан обладает значительным световым и ветроэнергетическим потенциалом, которые послужат основой будущей энергии. Они являются неисчерпаемыми и имеют повсеместное распространение.

Ключевые слова: выставка ЭКСПО-2017, энергия будущего, природные ресурсы, зеленые технологии, энергия ветра, источники энергия, экономия электроэнергии, береги воду, рациональное использование ресурсов, зеленая экономика, охрана окружающей среды.

Summary

In article questions of the solution of ekologo-economic problems which will be covered in Expo-2017 are considered. this analysis to rational use of energy resources, and also inexhaustible resources which are a basis of future energy. As it is known the green economy is the economy directed on rational uses and preservations of potential of the future, and also numerous use of energy in a production cycle. First of all the green economy is directed on preservations the ischerpayemykh of resources as oil, coal, etc. that is transition to an alternative source of the electric power. The principles of green economy are used in many post-industrial countries which experience can be applicable and for Kazakhstan. Can give energy of the sun and a wind which are environmentally friendly productions as an example.

Therefore the International Expo-2017 exhibition held in Astana it is called will serve as an example uses nonconventional and alternative energy sources. It is known that Kazakhstan possesses the considerable light and wind power potential which will form a basis to future energy. They are inexhaustible and have universal distribution. It is known that Kazakhstan possesses the considerable light and wind power potential which will form a basis to future energy. They are inexhaustible and have universal distribution.

Keywords: Eexhibition Expo-2017, energy of the future, natural resources, green technology, desenergies, energy source, energy saving, conserve the water, recourses conservation, green economy, environmental safety,

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЛАСТАНУЫНАН ТУЫНДАҒАН АУРУ ТҮРЛЕРІ

Г.М. Сабденалиева – п.ғ.к., доцент,

Б.Е. Тастанова – аға оқытушы,

Ж.Б. Қалдыбаева – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақалада қазіргі таңда адам экологиясының демографияда алатын орны, еліміздің демографиялық жағдайының адам денсаулығына тигізетін әсері баяндалады. Адам экологиясының зерттейтін жаңа ғылыми бағыттары сипатталады. Сондай-ақ Республикабойынша халықтың ауру-сырқаулығының құрылымдық ерекшелігі беріледі. Экология ғылымының бір бағыты – адам экологиясы бөлімі, оның құрылымы ашылып көрсетілген. Адам экологиясы бағытының ауыл, село, қала тұрғындары мен дүниежүзі халықтарының сандық және халықаралық қарым-қатынастарын үйлестіру, көпшілікке үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру, экологиялық мәдениет, этика, рухани жағынан парасаттандыру адамдардың экологиялық құқын қорғау және этноэкологиялық проблемаларды жан-жақты зерттеу болып табылады. Демографиялық жағдай адам денсаулығына әсер ету факторлары көрсетілген. Адамның денсаулығы – оның физикалық, психикалық және әлеуметтік комфортын субъективті түрде сезінуімен анықталатын объективтік жағдайы. Жоғары дәрежелі психикалық қызмет адам организмнің өзін-өзі реттеуін қамтамасыз етеді. Қажеттіліктер адамның іс-әрекетінің ішкі реттеушісі рөлін атқарады, нақтылы әрекеттер істеуге итермелейді, өз алдына нақтылы мақсат қоюға және сол мақсатқа жетуге талпындырады. Адамдар қоршаған ортамен байланысты аурулармен бүгінгі таңда үнемі күресу шараларын ұйымдастырып келеді. Олардың тіршілік етуіне табиғаттың экологиялық өзгерістері кері әсерін тигізуде. ХХІ ғасыр аллергиялық аурулар, семіздік, күйзелі, қатерлі ісік аурулары ғасыры деп болжануда. Қазіргі адамдардың жағдайын биологиялық түр ретінде қала тіршілік ортасының өзгеруіне сәйкес пайда болған көптеген медико-биологиялық тенденциялармен көрсетуге де болады: мектеп жасындағы балалардың жақыннан көрмеушілігі мен тіс ауруларына шалдығуы, ерте жастан белгісіз аурулардың байқалуы – өндірістік ғылыми-техникалық алға басуға сәйкес: радиациялық, авиациялық, автомобильдік, дәрі-дәрмектік және т.б. көп аурулар анықталуда.

Сонымен, денсаулықты сақтау немесе аурудың алдын-алу ағзаның ішкі биожүйесі мен қоршаған ортаның сыртқы факторларының күрделі қарым-қатынасының нәтижесі туралы авторлар мақалада өз пікірлерін білдірген.

Түйін сөздер: адам экологиясы, демографиялық жағдай, халықтың ұдайы өсуі, қоршаған ортаның ластануы, қоршаған орта жағдайы, ауру түрлері, қала экологиясы, тұрғындар экологиясы, аркология, канцерогенді заттар, дұрыс тамақтану.

Бүгінгі таңда адам экологиясы – ауыл, село, қала тұрғындары мен дүниежүзі халықтарының сандық және халықаралық қарым-қатынастарын үйлестіру, көпшілікке үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру, экологиялық мәдениет, этика, рухани жағынан парасаттандыру адамдардың экологиялық құқын қорғау және этноэкологиялық проблемаларды жан-жақты зерттеу болып табылады. Қазіргі кезде жер шары тұрғындарының экологиялық қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ету жолдарын іздестіретін кешенді ғылымға айналып отыр (Б.П. Казначеев, А.Л. Яншин, 1980).

Экология құрылымының Реймерс жасақтаған (1994), кейінірек түзетулер енгізілген жіктеліміне сәйкес, «адам экологиясы» дегеніміз – қала экологиясы, жергілікті тұрғындар экологиясы және аркология сияқты жекелеген ғылыми бағыттарды өз құрамына кіргізетін экологияның жаңа бағыты.

Қала экологиясы – адамның қалалық ортамен қарым-қатынасына тиесілі заңдылықтарды зерттейтін ғылыми пән. Қазіргі кезде бүкіл жер жүзінде урбандану процесі қарқынды жүріп жатқаны белгілі, бұл процесс экология мәселесінің ушыға түсуіне әкеліп соқтыруда. Біздің еліміздің ірі-ірі қалалары мен өндірістік орталықтарында да экологиялық жағдай күннен-күнге қиындап барады. Бұл мәселе әсіресе, атмосфералық ауаның, судың ластану дәрежесі тұрғысынан қарқынды сипат алууда.

Тұрғындар экологиясы – жер жүзі халықтарының өсіп-өнуі мен даму процесстерін зерттейтін ғылыми пән. Осындай зерттеу нәтижелері демографиялық тепе-теңдікті сақтау шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әлемдік демографиялық дамудың қазіргі кезеңінде «демографиялық өсу» тенденциясы басымырақ сипат алууда.

Аркология (сәулет экологиясы) – архитектурада, қала тұрғызуды жобалауда, сол қала тұрғындарының әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық сұраныстарын барынша толығырақ ескеруді көздейтін жаңа бағыт. Қалаларда экологиялық тұрғыдан мейлінше келеңсіз жағдайлар қалыптасып отырғандығы жоғарыда айтылды (ортаның токсиканттармен ластануы, фотохимиялық смог т.б.), мұның өзі қала тұрғындарының ауруларға шалдығу мысалдарын күрт өсіріп отыр. Сондықтанда аркология адамдарды табиғатқа жақындата түсуге тырысады, тұрғын массивтер маңында жасыл желекке бөленген демалыс белдемдерін (зона), саябақтар (парк), бұрқақтар (фонтан) т.с.с. орнату, ғимараттарды салу барысында сапалы құрылыс материалдарын қолдану, сөйтіп олардың адамдарға зиянсыз болуын қамтамасыз етеді.

Н.Ю. Новоженованың пікіріне сәйкес адам мәдениеттің көмегімен Жер бетінде бар болу және бар болуға икемделу қасиетіне бейім. Нақ осы мәдениет адамзатқа Жер қабығымен оның зоналарында өзіне игілікті жағдай жасап, мәдениетті ортада тіршілік етуіне, жаңа экологиялық қуыстарды (ниша) игеруге мүмкіншілік жасайды [1].

Жоғарыда айтылғандар философ И.Т. Фроловтың (1985) берген анықтамасын түсіндіре түседі: «Адам – қоғамдық-тарихи үдеріс субъектісі. Жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениетті дамытушы, өзге тіршілік формаларымен генетикалық байланысты, бірақ олардан өзінің еңбек құралдарын өндіру мен айқын сөйлеу қасиеті, шығармашылық белсенділігі мен өнегелі сана-сезімімен ерекшеленетін био-элеуметтік тіршілік иесі».

1921 ж. ағылшын ғалымдары Р.Парк пен Э.Бюргесс «Адам экологиясы» атты терминді ғылымға енгізген болатын.


Адам экологиясы бөлімінің зерттеуінің бір бағыты ол адамның денсаулығы. Адамның денсаулығы – оның физикалық, психикалық және элеуметтік комфортын субъективті түрде сезінуімен анықталатын объективтік жағдайы. Жоғары дәрежелі психикалық қызмет адам организмінің өзін-өзі реттеуін қамтамасыз етеді. Қажеттіліктер адамның іс-әрекетінің ішкі реттеушісі рөлін атқарады, нақтылы әрекеттер істеуге итермелейді, өз алдына нақтылы мақсат қоюға және сол мақсатқа жетуге талпындырады.

Адамдар қоршаған ортамен байланысты аурулармен бүгінгі таңда үнемі күресу шараларын ұйымдастырып келеді. Олардың тіршілік етуіне табиғаттың экологиялық өзгерістері кері әсерін тигізуде. ХХІ ғасыр аллергиялық аурулар ғасыры болады деп болжануда.

Аллергиялық аурулардың себебі (бронхиалды демікпе, дәрі-дәрмек аллергиясы, ревматизм, қызыл жегі т.б) адамдардың табиғи ортаның тұрақтылығы бұзылған ортада тіршілік етуінен иммундық жүйесінің бұзылуы. Қала тіршілік ортасы басым факторларының бірден өзгеріп, басқа жаңа – ластаушы заттардың пайда болатын қауіпті орта. Сондықтан аллергия ағзаның қарсылығынан туындайтын ауру түрлері екендігі анық.

Қатерлі ісік аурулары және өлім-жітім. Қатерлі ісік (гр. «onkos» - ісік) – ұлпаның патологиялық өсуінен артық өсіп, жаңа түрге айналуы. Қатерлі ісіктің дамуы, яғни рак ауруы, белгілі бір өнімдерді ұзақ уақыт пайдалану нәтижесінде пайда болуы мүмкін: өкпе рагы – уран рудасын қазушыларда, тері рагы – құбыр тазалаушыларда көп кездесетіні анықталған. Бұл аурулар канцероген деп аталатын заттардың әсерінен туындайды.

Канцерогенді заттар (гр. «рак тудырушы») немесе жай ғана канцероген ағзада өзінің әсер етуімен қатерлі, қатерлі емес жаңа үлгіні тудыратын химиялық қосылыс. Олар іс-әрекетіне қарай 3 топқа бөлінеді: 1) жергілікті әрекетті; 2) органотропты, яғни белгілі мүшелерді өзгеріске ұшырататын; 3) көп әрекетті, әртүрлі мүшелерде ісіктер тудырушылар. Канцерогендерге азот бояғыш, алкалоидты қосылыстар. Олар ластанған ауада, темекі түтінінде, тас көмір күйесі мен шайырда болады және көпшілігі ағзада мутагенді әсер туғызады.



■ дем алу органдарының аурулары	■ тері және тері жасушалары аурулары
□ зәр шығару мүшелерінің аурулары	□ ас қорыту жүйелері аурулары
■ көз аурулары	■ инфекциялық аурулар
■ ұлану және талу	□ басқа аурулар

Сурет-4. Республика бойынша 2013 жылғы халықтың ауру – сырқаулығының құрылымы (% бірлікпен)

Енді нақтылап тоқталатын болсақ, 2013 жылғы республика бойынша халықтың ауру-сырқаулығының құрылымы келесідей:

- Дем алу органдарының ауруы - 40%;
- Тері және тері жасушалары ауруы - 8%;
- Зәр шығару мүшелері аурулары - 7%;
- Ас қорыту жүйесі аурулары - 6%;
- Көз және оның қарашығының аурулары - 5%;
- Инфекциялық және паразитарлық аурулар - 5%;
- Талу және улану - 7%;
- Басқа ауру түрлері - 22%-ды құрады [2,3].

Осы құрылымнан көріп отырғанымыздай халықтың 40% демалу органдарының ауруымен ауыратындар екен. Бұл аурулардың ерекше қозуына тұмау мен жоғары деп алу органдарындағы инфекция мен ангина әсер етеді. Екінші орында – тері және тері асты жасушыларының аурулары жатады (8%). Үшінші орынға – зәр шығару ағзаларының аурулары мен талу және улану жатады.

Артық салмақты адамдардың көбеюі – тойып тамақтанатын және физикалық белсендігі төмен қала тіршілік ортасына тән құбылыс. Қоректің артықтығы денеде энергия қорын жинауға қажет болғанымен де энергия мен физикалық белсенділіктің тепе-теңдік сақтағаны дұрыс. Әйткенмен де астеник (ағзасы әлсізденген адам) адамдар популяциясының жоғарылауы байқалуда: толысуға да, арықтауға да бейім болу. Олардың екі түрі де соңында патологиялық зардаптарға ие етеді.

Шала яғни физикалық толу кемеліне жетпеген сәбилердің туылу санының өсуі – адамдардың тіршілік ортасының қолайсыз күй-жағдайының көрсеткіші. Олгенетикалық аппараттың бұзылуына және тіршілік ортасының өзгертулеріне бейімделуінің өсу шегіне байланысты. Физиологиялық толу кемеліне жетпеу адамның өсу шегіне акселерация және басқа да өзгертулер, зардаптар әкелететін ортаның үйлеспейтін балансының нәтижесі.

Қазіргі адамдардың жағдайын биологиялық түр ретінде қала тіршілік ортасының өзгеруіне сәйкес пайда болған көптеген медико-биологиялық тенденциялармен көрсетуге де болады: мектеп жасындағы балалардың жақыннан көрмеушілігі мен тіс ауруларына шалдығуы, ерте жастан белгісіз аурулардың байқалуы - өндірістік ғылыми-техникалық алға басуға сәйкес: радиациялық, авиациялық, автомобильдік, дәрі-дәрмектік және т.б. көпаурулар анықталуда [4].

Сонымен, денсаулықты сақтау немесе аурудың алдын-алу ағзаның ішкі биожүйесі мен қоршаған ортаның сыртқыфакторларының күрделі қарым-қатынасының нәтижесі. Осындай күрделі қарым-қатынасты тану профилактикалық медицинаның және оның ғылыми пәні - гигиенаның пайда болуына негіз болды.

Өндірісті - қала экожүйесі. Урбандалу – қала рөлінің жоғарылап, ауыл тіршілік ортасы халқының есебімен қала халқының санының шектен тыс өсуі. Халықтардың санының өсуі мен тығыздығы – қаланың негізі ерекшелігі. Тарихта ең алғашқы миллионға жуық халқы болған Юлий Цезарь (б.д.д. 44-10 ж.ж.) кезіндегі Рим қаласы.

1980 жылы Жердегі урбандалған территорияның жалпы аумағы 4,69 млн км²- ал 2007 жылы ол барлығы 12,8% құрлықтың 19 млн км² алып жатқан. 2030 ж. әлемнің барлық халқы қала типтес ауылдарда тіршілік ететін болады деп есептелуде (Реймерс, 1990).

Халықтың ұдайы өзгерісі – ұрпақ алмасу, туу мен өлу, яғни табиғи жағдай арқылы жүзеге асады. Белгілі бір аймақтағы халықтың өсу мөлшерінің өзгеруі адамдардың басқа жерлерден көшіп келуі (иммиграция) мен олардың бөтен аймақтарға қоныс аударуына (эмиграция), яғни халықтың көшу-қону қозғалысына да байланысты. Сондай-ақ халық санының өзгеруі адамдардың жасына, отбасы жағдайына, балалар санына немесе білім деңгейіне, мамандығына, әлеуметтік ахуалына орай бір күйден екінші күйге, бір топтан екінші топқа ауысуына тәуелді. Кең мағынасында алғанда, халықтың ұдайы өзгерісі дегеніміз оның санының, құрамы мен орналасуының табиғи жағдайларға және миграцияның ықпалына қарай өзгеріп отыруы. Отбасының құрылуы, оның дамуы мен күйреуі демографияда дербес мәнге ие. Демографияда халықтың және оның бөліктерінің өзгеруі тек сан жағынан ғана емес, сонымен қатар сапалық тұрғыдан да қарастырылады. Мысалы белгілі бір жастағы адамдардың санының өзгеруімен қатар олардың тұлғалық дамып-жетілуі, денсаулығындағы өзгерістері де назарға алынады. Демографияда жекелеген адамдарға қатысты әр түрлі құбылыстар барлық халықтың да, сонымен бірге дербес зерттеу нысаны ретінде оның белгілі бір топтарының да жай-күйін сипаттауға пайдаланылады. Демографиялық процестердің өзара байланыстарын, олардың әлеуметтік-экономикалық құбылыстарға тәуелділігін және халық дамуының әлеуметтік-экономикалық салдарын зерттей отырып, демография халық саны мен сапасы

өзгерісінің заңдары мен заңдылықтарын анықтайды. Нақтылы қоғамдық ортада өтіп жатқан халық өзгерісін сол қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайлары айқындайды. Демография үшін бастысы – халықтың қоғам дамуымен өзара ықпалдасуы болып табылады [5].

Адамның күнделікті тіршілігі қоршаған орта жағдайларымен тығыз байланысты. Тірі ағзаларға тән көптеген қасиеттер адам ағзасына да тән. Адамның тыныс алуы, тамақтануы, өсуі, дамуы табиғи орта жағдайында өтеді. Сондықтан да адам тіршіліктің құрамды бір бөлігі болып есептеледі. Сонымен бірге адам – өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы саналы тұлға. Адамның өсуіне, дамуына және тұлға ретінде қалыптасуына әлеуметтік жағдайлармен қатар экологиялық факторлардың да ықпалы зор.

1. *Тотай А.В. Экология. Учебное пособие. – М., 2012. - 404 с.*

2. <http://www.stat.gov.kz/Pages/default.aspx>

3. *Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. Статистикалық жинақ. - Астана, 2013, 608 б.*

4. *Республика Казахстан: Окружающая среда и экология. – Алматы, 2006*

5. *Татимов М.Б. Грозит ли Казахстану демографический кризис? / М.Б. Татимов // Евразия. - 2002. - №2. – 22-30 б.*

Резюме

В статье рассматривается роль демографии в экологии человека на сегодняшний день, а также влияние на здоровье человека демографической ситуации нашей страны. Докладываются новые научные подходы экологии человека в исследовании данного вопроса, в которой рассматриваются структурные особенности заболевания населения в Республике Казахстан. Один из разделов экологии – экология человека, комплексная наука, изучающая закономерности взаимодействия человека с окружающей средой, вопросы развития народонаселения, сохранения и развития здоровья, совершенствования физических и психических возможностей человека (Казначеев, Яншин, 1980), взаимоотношения биосферы и ее подразделений с антропосистемой, а также закономерности биосоциальной организации человеческих популяций, влияние различных факторов окружающей среды на человеческий организм.

Как всем известно, такие факторы как демографическая ситуация и загрязнение окружающей среды непосредственно влияют на здоровье человека. Здоровье человека – состояния полного физического, душевного и социального благополучия, а не только отсутствием болезней и физических дефектов. Так что, нужно понимать, что здоровье человека главный индикатор в определении загрязнения окружающей среды. Основные экологически обусловленные заболевания человека связаны с плохим качеством воздуха, воды, шумовым загрязнением и воздействием электромагнитного и ультрафиолетового излучений. Результаты многих исследований указывают на существование взаимосвязи между загрязнением воздуха внутри и вне помещений, загрязнением воды и почвы опасными химическими веществами, а также стрессовым воздействием шума и развитием респираторных и сердечно-сосудистых заболеваний, рака, астмы, аллергий, а также расстройств репродуктивной и центральной нервной систем.

Данная статья очень актуальна, авторы раскрывают важнейшие вопросы экологии человека и влияния демографического фактора на здоровье человека. Поэтому, рецензируя статью, даю положительную оценку на публикацию.

Ключевые слова: экология человека, демографическая ситуация, темпы роста населения, загрязнение окружающей среды, состояние окружающей среды, виды заболеваний, экология города, экология населения, аркология, канцерогенные вещества, правильное питание.

Summary

The article discusses the role of demographics in human ecology today, as well as the impact on human health of the demographic situation in our country. To report new scientific approaches in the study of human ecology of the question, which deals with the structural features of the disease population in the Republic of Kazakhstan. One of the branches of ecology - human ecology, complex science that studies the human interaction with the environment, the development of population, preservation and development of health, improvement of physical and mental human capabilities (Treasurers, Yanshin, 1980), the relationship of the biosphere and its subsidiaries with antroposistemoy, as well as the laws of biosocial organization of human populations, the impact of various environmental factors on the human body.

As everyone knows, factors such as demographics and environmental pollution have a direct impact on human health. Human health - a state of complete physical, mental and social well-being and not merely the absence of disease or infirmity. So, we must understand that the main indicator of health in the definition of pollution. The main environmentally caused human disease associated with poor air quality, water and noise pollution and exposure to electromagnetic radiation and ultraviolet. Many studies indicate the existence of the relationship between air pollution indoors and outdoors, water and soil pollution by hazardous chemicals, as well as stressful noise exposure and the development of respiratory and cardiovascular diseases, cancer, asthma, allergies and disorders of the reproductive and central nervous systems.

This article is very relevant, the authors reveal the most important questions of human ecology and the impact of demographic factors on human health. There fore, criticizing the article to give a positive assessment of the publication.

Keywords: human ecology, demographics, situation, population growth, environmental contamination, state of environment, types disease, city ecology, ecology of the population, cancerogenic substances, healthy nutrition.

КЛИМАТ ӨЗГЕРІСІНІҢ ӘСЕРІ

Г.Е. Жантеева – аға оқытушы, б.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті

31 наурызда 2014 жылы Жапонияның Иокагама қаласында БҰҰ-ның Климат өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының баяндамасы жарияланды. Жаһандық жылыну үрдісі жалғаса берсе, Жер бетінде климат өзгеруінен зардап шекпеген бір де бір адам қалмайды.

Климат өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының (КӨУСТ) жетекшісі Раджендра Пачаури: «Егер адамзат баласы улы газдардың ауаға таралуын азайту жолында қазіргі күні жедел шаралар қолданбаса, жаһандық жылыну планетамызды табиғи және экономикалық апаттарға алып келеді. ХХІ ғасырдағы климат өзгеруінің қандай көлемде жүретіндігі біздің бүгінгі табиғатты сақтауға қатысты қабылдаған шешімдерімізге тікелей тәуелді. Өйткені, климат өзгеруінің әсер етпейтін саласы жоқ. Ол су ресурстары мен өнім өндіру, азық-түлікпен қамтамасыз ету сынды адам үшін қажеттіліктің бәрін қамтиды», деп мәлімдеуі әлемдік БАҚ өкілдерін өзіне жалт қаратты. КӨУСТ жетекшісінің айтуынша, адамзат баласының қазіргі бейқамдығынан 2100 жылы жүздеген миллион адамның басына қара бұлт үйіріледі. Яғни, жағалаулардағы елдерді су басып, климат өзгеріске ұшыраған сайын тегеурініне шыдас бермейтін қатты дауылдар жиі-жиі тұрып, топан сулар қаптауы да жиілей берсе, ал ендігі бір аймақтарды құрғақшылықтың кеулеуі азық-түлік жетіспеушілігін алға шығарады.

Жаһандық жылынудың қатты әсері, әсіресе, ауыл шаруашылығына қатты тимек. Өнім өндірудің жыл сайын кемуінің салдарынан кедейлер мойнындағы жүк одан сайын ауырлап, фермерлер тынысы да тарыла түседі, ал қала тұрғындары азық-түліктің қымбаттауынан зардап шегетін болады. Құрғақшылық ауыз су проблемасын да күшейтеді. Қаңсып қалған құдықтар көбейіп, бөтелкелеп сататын судың құны артса, жиі кемерінен асып, тасып берекені алатын өзендердегі судың да сапасы жаһандық жылыну әсерінен кеми бермек, деген болжамдар жасайды баяндамада.

Түйін сөздер: жаһандық жылыну, инфракұрылым, жасыл бағыт

Антарктидадағы мұздар осы қалпымен ери беретін болса, 15-20 жылда он шақты мемлекет судың астына кетуі ғажап емес. Осылай ғаламшар климатының өзгеріске ұшырап отырғанын мамандар негізінен булы газдардың ауаға көп бөлінуінен және мұнайдың теңіздерге құйылуынан деген болжамдар келтіріп отыр. Адамзат баласы алдында тұрған экологиялық проблемалар жылдан-жылға барынша күрделенуде, соның ішінде, ең алдымен климат өзгеруінің жаһандық проблемасы, табиғи әралуандықты сақтап қалу мен шөлейттенуді тоқтату мәселелерін айрықша атап өткен жөн.

Дүниежүзіндегі құрғақшылық жылына 2 миллиард адамның тұрмыс-тіршілігіне зиянын тигізіп, жер шарының 150 миллион халқы қоныс аударуға мәжбүр болып отыр. Антарктидадағы мұздардың еруі, жаһандық жылыну, яғни климаттың өзгеруі халықаралық ұйымдардың да назарын өзіне еріксіз аударып, БҰҰ-ның 2012 жылы көктемде Сеул қаласында өткен жиында арнайы «Климаттың өзгеруі жөніндегі конвенция» қабылданған болатын. Оған әлемнің 156 елі қол қойды. Одан тыс «Атмосфераға таратылатын зиянды газдарды шектеу туралы хаттама» қабылданды. Онда жанар-жағармайдан ауаға таралатын зиянды газдардың көлемін 1990 жылғы деңгейге жеткізіп, 2008-2012 жылдары 5,2 пайызға дейін азайту қарастырылған. Бұл үшін Еуропа Одағына кіретін елдер оның мөлшерін – 8 пайызға, АҚШ – 7, Жапония, Канада, Польша, Венгрия – 6 пайыз, басқа елдер оны белгілі бір жылғы көрсеткіштен асырмауға келіскен болатын.

Таяуда ғана БҰҰ-ның Нью-Йорктегі Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзінде Елбасы Н.Назарбаев бүгінде әлемдік қоғамдастық үшін жаһандық энергетикалық дағдарыстың тереңдеуі және планетада қолайсыз климаттық өзгерістер қатерінің өсе түсуі аса өткір проблемалар болып отырғанын атап өтті. Соңғы 60 жылда рекордтық көрсеткішке жеткен құрғақшылық Африка Мүйізі елдерінде аштыққа әкеп соқтырды [1].

Ауаға бөлінетін көмірқышқыл газы алдағы уақытта климаттың жылынуына белгілі бір мөлшерде әсер етеріне тоқталған Манн, соңғы уақытта ғаламдық жылынуға салдарын тигізетіндей ондаған жылдар бойына жететін көмірқышқыл газының көп мөлшері тарағанын тілге тиек етті. Міне, бүгінгі мамандар табиғи апаттарға әкеліп жатқан ауа райының өзгеріске ұшырағанын мойындағанымен, ол қауіптің қаншалықты алдын алу керектігін жөнінде ештеңе айта алмай отыр. Десек те, олар адамзаттың апатты өзгерістерді болдырмау үшін шешімді қадамдар жасауына ондаған жылдар ғана уақыт бар екенін ескертеді [2].

Жалпы алғанда, ауа температурасының өзгеруі қоршаған ортаға, егіншілікке және халық денсаулығына келеңсіз әсер ететіні айтпаса да белгілі. Сол себепті бұл проблема біздің еліміз үшін де өзекті

күйінде қалуда. Климаттық проблема елімізде ауаның температурасын одан сайын өзгертіп, табиғи аймақтардың жылынуына, жердің тозуына, шөлейттену процестеріне әкеп соқтырады. Соңғы 100 жылда ғаламшарда ауа температурасының жылынуы 0,7 пайызды көрсетсе, Қазақстан аумағында да ауаның орташа температурасы деңгейінің артуы байқалып, бұл көрсеткіш республика бойынша 1,3 градусқа дейін жеткені анықталып отыр. Бұл әлемдік деңгейден екі есе көп.

Әр аймақтың өзіне тән қалыптасқан ауа райы болады. Оның жүйесі бұзылған жағдайда ауа райы үлкен өзгеріске ұшырайды. Мәселен, кейінгі кездері Еуропа бойынша бұрын-соңды болмаған аптап ыстықтарды айтуға болады. 2003-ші жылы Еуропада ыстықтан 70 мың адам қаза тапқан. Сол кезде Францияда температура 40 градусқа дейін көтерілген. Таулы аймақ болып есептелетін Швейцария елінде де осындай температура орын алған. Мұндай температура бұл елде кейінгі 250 жылда бірде-бір рет тіркелмеген. Ал Венгрияда құрғақшылық болып, барлық егін күйіп кеткен. Жаппай жылынудың әсерінен Еуропа ғана зардап шегіп қойған жоқ, Үндістанда ауа райының ыстығы 40-50 градусқа жетіп, 1400 адам қаза болған [3].

Егер жағдай осы қалыпта болып, мұздың еруі жалғаса беретін болса, мұндай тізім де жалғаса беретін болады дейді ғалымдар. Ал 2040-шы жылдары мұндай кездейсоқ жағдайлар тұрақты болып, адамдар өмірі қыл үстінде тұрғандай күй кешеді екен.

«Бұл апаттан да бұрын адамдар өздерін-өздері жоя бастайды» – дейді БҰҰ жанындағы көші-қон басқармасының комиссары Антонио Гутеррес. – Мәселен, әлемдік жылынудың салдарынан Жер шарының суы небәрі бір сантиметрге көтерілген жағдайда миллионға жуық адам бір жерден екінші жерге қоныс аударуға мәжбүр болады екен. Ал мұндай жағдайда жерге таласудан азаматтық қырғын басталуы мүмкін» [4].

Оны ел тұрғындары сезбегенімен өзгеріс ауыл шаруашылығында анық байқалуда. Арнайы мамандардың деректеріне сүйенсек, бүгінгі күні Қазақстанның 60 пайыздан астам жері құрғақшылыққа ұшырауда. Жасыл алқаптар мен орман-тоғайлар азайып, мал жайылымдары тарыла түсуде. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлердің көп бөлігі шөлге айналған. Онсыз да орманға кедей елімізде жасыл желектің азаюы құрғақшылыққа ұшырауды одан әрі жеделдете түсуде. Елімізде сексеуілді және бұталы өңір 4,2 пайыз, ал жалпы ел аумағындағы орман көлемі бар болғаны 1,2 пайыз. Яғни климаттың бұлайша өзгеру сипаты теріс әсер көрсетіп, оның келеңсіз салдарға ұшыратуы да жиілей бермек.

Жалпы алғанда, әсіресе экологиялық қырынан қарағанда Елбасының көтерген мәселелері өте орынды. Яғни заман талабына сай таза өндіріс пен жоғары технологияларға ешкім де қарсы болмауы керек. Қазақстан бірнеше жылдан бері Киота хаттамасына қосылған, бүгінгі күні халықаралық инвестициялар тарту жөнінде жұмыс істеп жатыр. Осылайша Қазақстанда энергетика секторын қайта жарақтап, бастан-аяқ жаңартуға үлкен инвестициялар тартылуда. Өйткені басқаларға қарағанда біздегі өндірістік жабдықтардың басым бөлігі Кеңес одағынан қалған ескіріп тозған. Сондай-ақ осы жолда озық технологиялар негізінде құрал-жабдықтар жаңартылып, өнім сапасын жоғарылатуға және әлемдік нарықта отандық өнеркәсіптің бәсекелестігін арттыруға болады. Осы арқылы тек энергия көзін үнемдеуге ғана қол жеткізіп қоймай, көмірқышқыл газы шығындыларын қысқартып, ауаны тазартуға көмектеседі. Бұл өз кезегінде халықаралық қауымдастық алдында беделімізді көтеріп, бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіру мүмкіндігін арттыра түсетін болады [5].

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, жаһандық жылудан бүгінгі Франция әлемдегі шарап өндірісіндегі басымдығынан айырылып, керісінше ғасырлар бойына виски шығарып келген Шотландия климаты шарап жасалатын жүзім түрлері үшін өте қолайлы болуы әбден мүмкін. Атап айтқанда, 2012 жылғы Еуропаның оңтүстігін қамтыған ыстық жаз Италия, Испания, Францияда жүзім өнімін жинауды 12 пайызға төмендеткен. Температураның 35 градустан жоғарылауы жүзім шағына кері әсерін тигізеді деген ғалымдар келешекте шарап шығарушылар мұндай тосқауылдарға жиі ұшырап, зардап шегеді дейді. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығына қатысты залалдың жайы тек қуаңшылық пен су басуға ғана қатысты болмай, тропиктік зиянкес жәндіктердің мейлінше кең аймақтарға таралуына да жол ашпақ. Ғалымдар айтуынша, қазірдің өзінде климат жылынуымен тропикалық зиянкестердің таралуы жылына 3 шақырым жылдамдықпен солтүстікке жылжи түсуде. Ал кейбір саңырауқұлақтар 6-7 шақырыммен жылжып келеді дейді зерттеушілер. Ғалымдар алаңдаушылығы жаһандық жылыну түрлі әсерінен жұқпалы аурулардың жаңа штамдарының өмірге келуіне байланысты өрши түсуде. Және олардың жылдан-жылға емдеуге қарсы тұру қабілеті, қоршаған ортаға бейімделуі де аса қауіпті жайт дейді.

Белгілі ағылшын экономисі Лорд Николас Штерн 2050 жылы миллиондаған адам ұзаққа созылған құрғақшылық пен өзге де климаттық ауытқулардан: су басу мен жойқын дауылдардан, аштықтан қашқан «климат босқыны» болуы мүмкін деген қауіп айтады. Сайып келгенде, климаттың антропогенді

өзгеруінің салдары көлік және басқа да инфрақұрылымдарға да орасан зор зиянын тигізбек. Бұлардың бәрі, тұтастай алғанда, жаһандық тұрғыда алға шығатын экономикалық, әлеуметтік, саяси проблемалардың қаншалықты күрделі болатындығын ұғындырса керек. Сол себептен, әрбір ел өз экономикасын әртараптандыруға ұмтылып, климат өзгерістеріне барынша дайындықта болуы өте маңызды. Бұл ретте, қай мемлекеттің де экономикасын жасыл бағытта ұстауының маңызы күннен-күнге арта түспек [6].

Сондықтан кеш болмай тұрғанда климат өзгерісінің соның ішінде жаһандық жылынудың алдын алмаса бүкіл адамзатқа үлкен зияның тигізеді. Әрине ол үшін алдымен антропогендік факторлардың алдын алу керек. Қорытындылай келе менің айтқым келгені бұл проблемардың бастауына адам кінәлі болғандықтан оларды тек адамдардың өздері ғана шеше алады. Сондықтан бәріміз бірге қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауымыз керек.

1. Арутюнов В.С. *Глобальное потепление: катастрофа или благо?// Химия и жизнь XXI век. – 2007. - № 3. – С. 16-22.*
2. Боевич И. *Что век текущий нам готовит?// Техника – молодежи. – 2007. - № 3. – С. 4-7.*
3. Данилов-Данильян В.И. *Причины и уроки торфяных и лесных пожаров 2010 года// Экология и жизнь. – 2010. – № 10. – С. 20-28.*
4. Елдышев Ю.Н. *Виновник глобального потепления – метан?// Экология и жизнь. – 2007. - № 11. – С. 45-47.*
5. Төлеуханқызы А. *Жаһанға келер залал көп 2014 ж. // Егемен Қазақстан*
6. Нұрмашиұлы Қ. *Күннің ысуы Жер шарына әсер ете ме? – Алматы, 2010*

Резюме

31 марта 2014 года в городе Йокогама (Япония) была опубликована вторая часть Пятого оценочного доклада Межправительственной группы экспертов ООН, посвященная последствиям изменения климата. Доклад подтверждает, что сегодня последствия изменения ощутимы на всех континентах и в океанах. В той или иной степени отрицательные последствия климатических изменений затронут всех: затопления, засухи, изменчивость погоды, повышение температур, проблемы с питьевой водой приведут к увеличению числа людей, живущих в бедности, проблемам с продовольствием, распространению заболеваний, к экономическим рискам. Климатическая адаптация – это повестка дня для всех стран.

Ведущие ученые и высокопоставленные чиновники из разных стран собирались в Японии для выработки стратегии в области глобального потепления. Работа экспертной группы, еще до публикации итогового доклада, вызывала нарекания в связи с возможным преувеличением опасности. Это второй из трех докладов IPCC, посвященных причинам и последствиям изменения климата.

За неделю до мероприятия в СМИ попали фрагменты доклада, в которых прогнозировались гибель миллионов жителей прибрежных районов Азии в результате наводнений и затопления, а также снижения урожайности зерновых во всем мире на 2% за десятилетие. Климатологи также собирались заявить о значительном риске для продовольственной безопасности при повышении к концу столетия температуры на четыре градуса, опасности для арктических льдов и коралловых рифов, неизбежном повышении кислотности океанов и угрозе для рыбных ресурсов.

Как отметил председатель МГЭИК Раджендра Пачаури, "Изменения климата затронут всех на планете".

Ключевые слова: глобальное потепление, инфраструктура.

Summary

31 March, 2014 the second part of the Fifth evaluation lecture of the Intergovernmental group of experts of the UNO, sanctified to the consequences of change of climate, was published in city Yokohama (Japan). A lecture confirms that today consequences of change of climate are felt on all continents and in oceans. In one or another degree the negative consequences of climatic changes will affect all: floods, droughts, changeability of weather, increase of temperatures, problems with a drinking-water will result in the increase of number of people above-ground in poverty, problems with food, distribution of diseases, to economic risks. Climatic adaptation is an order-paper for entire countries.

Leading scientific and high-up officials from different countries going to Japan for making of strategy in area of global warming. Work of expert group, yet to the publication of final lecture, caused censures in connection with the possible overstatement of danger. It second from three lectures of IPCC, sanctified to reasons and consequences of change of climate.

Week prior to an event the fragments of lecture, in that forecast death of millions of habitants of off-shore districts of Asia as a result of floods and flood, got in MASS-MEDIA, and also decline of the productivity grain-growing in the whole world on 2% for a decade. Climatologists also gathered to declare about a considerable risk for food safety at an increase by the end of century of temperature on four degrees, danger for arctic ices and coral reefs, inevitable increase of acidity of oceans and threat for fish resources.

As chairman МГЭИК Раджендра Пачаури marked, the "changes of climate will affect all on a planet".

Keywords: global warming, infrastructure.

ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСЦИПЛИН

УДК 37.3.167.1

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КОНТРОЛЯ ЗНАНИЙ И ОЦЕНКИ УЧАЩИХСЯ

Б.А. Мансуров – *зав. кафедрой, к.х.н., профессор,*
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Традиционные формы контроля результатов весьма разнообразны. В последнее время значительное внимание уделяется совершенствованию контроля знаний учащихся. При этом, наряду с традиционными формами оценки знаний, широкое распространение получило педагогическое тестирование. Различают четыре основных форм тестовых заданий: 1. Закрытые задания, 2. Задания на соответствия, 3. Задания на установление правильной последовательности, открытые задания.

В закрытых заданиях ученик выбирает один или несколько правильных ответов из предложенных вариантов. При их составлении формулируется задание и предлагается 4-5 вариантов ответов, один из которых правильный. При меньшем числе вариантов ответов вероятность случайного угадывания довольно высока. Нужно учесть, чтобы каждый альтернативный вариант был правдоподобным, основанным, например, на типичных ошибках учащихся. В заданиях на соответствия необходимо установить соответствия элементов одного множества элементам другого. Для этого в столбец слева записывают 2-3 понятий, формул, определений, пронумерованных цифрами, а справа – ответы обозначенных буквами. Каждому понятию, формуле или определению из левого столбца должен соответствовать один правильный ответ в правом столбце. В этом случае правильный ответ состоит из двух пунктов. В заданиях на установление правильной последовательности необходимо проверить знания о последовательности процессов, действия и т.д. Перед такими заданиями необходимо дать инструкцию: установите правильную последовательность. Приводятся название задания и основные его элементы в произвольной последовательности. Перед каждым элементом ставят прямоугольник, в который ученик выставляет цифру, указывающую на порядок действий. В случае хотя бы одной ошибки, ответ считается неверным. Открытые задания. В этой форме заданий не даются варианты ответов, а дополняются (конструируются) учащимися. Необходимо так сформулировать задания, что бы в ответе содержались 1-2 формулы, числа, слова и т.д. Для ответа нужно отвести столько места, сколько для этого необходимо.

Один из подходов совершенствования тестовых заданий - увеличить количество правильных ответов. В таких заданиях нахождение правильных ответов возможно при знании определенных закономерностей классификации, получения, химических свойств веществ. Одним из важнейших классов неорганических соединений являются оксиды. По этой теме составлены тестовые задания. Из приведенных 6 заданий, 3 правильных.

Ключевые слова: контроль знаний, тесты, оксиды, гидроксиды, химические свойства.

Важной частью процесса обучения является контроль и оценка знаний учащихся. Задача его заключается в том, чтобы выяснить достигнуты ли цели обучения. Контроль в школе носит обучающий характер, следовательно, его методы рассматриваются в тесной связи с методами обучения. Контроль результатов выполняет все три функции – образовательные, воспитывающие и развивающие. Обучающее значение контроля в том, что позволяет ученику корректировать свои знания и умения. Воспитательное значение выражается в том, что постоянная проверка приучает учащихся к систематическому выполнению заданий. При этом у них вырабатывается чувство ответственности, стремление повысить успеваемость, трудолюбие, настойчивость, умение преодолевать трудности, что способствует формированию нравственных качеств личности. Кроме того контроль результатов обучения важен и учителю, это позволяет ему корректировать учебный процесс, выявить имеющиеся затруднения при изучении отдельных тем [1].

Формы контроля знаний бывают разные в зависимости от способа организации или подачи информации от учащихся к учителю. По способу организации – индивидуальная, дифференцированная, групповая, фронтальная. По способу подачи информации – устная, письменная, экспериментальная. Кроме форм контроля в дидактике различают виды контроля в зависимости от выполняемой дидактической функции – предварительный, текущий, тематический, заключительный. Одной из форм контроля и оценки знаний учащихся является педагогическое тестирование [2]. Из нескольких форм тестовых заданий – закрытые, открытые, на соответствия, на правильную последовательность чаще применяются закрытые тестовые задания. Самым наглядным примером является ЕНТ, в которых закрытые тестовые знания применяют на протяжении 20 лет. В закрытых тестовых заданиях приводится задание и даются ответы, один из которых верный [3]. Один из подходов совершенствования закрытых тестовых заданий увеличить количество

правильных ответов. Приведены закрытые тестовые задания по классификации, получению и химическим свойствам оксидов. Из 6 приведенных ответов 3 правильных.

1. 3 основных оксида – это

- A. Оксид углерода(IV)
- B. Оксид магния
- C. Оксид железа (II)
- D. Оксид фосфора(III)
- E. Оксид калия
- F. Оксид азота (II)

2. 3 основных оксида – это

- A. Оксид бария
- B. Оксид кремния
- C. Оксид азота (III)
- D. Оксид лития
- E. Оксид фосфора (V)
- F. Оксид меди (I)

3. 3 основных оксида – это

- A. Оксид серы (VI)
- B. Оксид серебра
- C. Оксид азота (IV)
- D. Оксид натрия
- E. Оксид кальция
- F. Оксид углерода (II)

4. 3 основных оксида – это

- A. Оксид меди (II)
- B. Оксид железа (III)
- C. Оксид лития
- D. Оксид серы (IV)
- E. Оксид азота (I)
- F. Оксид азота (IV)

5. 3 основных оксида – это

- A. Оксид фосфора (V)
- B. Оксид кальция
- C. Оксид меди(II)
- D. Оксид бария
- E. Оксид углерода (IV)
- F. Оксид кремния

6. 3 основных оксида –это

- A. Оксид серебра
- B. оксид меди (I)
- C. Оксиджелеза(II)
- D. Оксид азота (III)
- E. Оксид фосфора (III)
- F. Оксид углерода(II)

7. 3 основных оксида – это

- A. Оксид серы (IV)
- B. Оксид фосфора (V)
- C. Оксид азота (II)

- D. Оксид железа (III)
- E. Оксид бария
- F. Оксид калия

8. 3 основных оксида – это

- A. Оксид азота (I)
- B. Оксид азота (IV)
- C. Оксид натрия
- D. Оксид магния
- E. Оксид кальция
- F. Оксид серы (VI)

9. 3 основных оксида – это

- A. Оксид серебра
- B. Оксид лития
- C. Оксид азота (V)
- D. Оксид кремния
- E. Оксид углерода (IV)
- F. Оксид меди (II)

10. 3 основных оксида – это

- A. Оксид азота (II)
- B. Оксид калия
- C. Оксид фосфора (V)
- D. Оксид серы (IV)
- E. Оксид железа (II)
- F. Оксид меди (I)

11. 3 кислотных оксида – это

- A. Оксид кальция
- B. Оксид серы (VI)
- C. Оксид рубидия
- D. Оксид фосфора (V)
- E. Оксид железа (III)
- F. Оксид азота (II)

12. 3 кислотных оксида – это

- A. Оксид магния
- B. Оксид лития
- C. Оксид хлора (I)
- D. Оксид калия
- E. Оксид кремния
- F. Оксид углерода (II)

13. 3 кислотных оксида – это

- A. Оксид азота (IV)
- B. Оксид фосфора (III)
- C. Оксид меди (II)
- D. Оксид углерода
- E. Оксид натрия
- F. Оксид бария

14. 3 кислотных оксида – это

- A. Оксид меди (I)
- B. Оксид железа (II)

- C. Оксид хлора (III)
- D. Оксид азота (V)
- E. Оксид серы (IV)
- F. Оксид кальция

15. 3 кислотных оксида – это

- A. Оксид фосфора (V)
- B. Оксид азота (III)
- C. Оксид серебра
- D. Оксид железа (III)
- E. Оксид рубидия
- F. Оксид хлора (VII)

16. 3 кислотных оксида – это

- A. Оксид лития
- B. Оксид калия
- C. Оксид хлора (V)
- D. Оксид азота(II)
- E. Оксид хлора(III)
- F. Оксид магния

17. 3 кислотных оксида – это

- A. Оксид меди (I)
- B. Оксид кремния
- C. Оксид хлора (I)
- D. Оксид серы (VI)
- E. Оксид бария
- F. Оксид натрия

18. 3 кислотных оксида – это

- A. Оксид азота(III)
- B. Оксид углерода (IV)
- C. Оксид фосфора (III)
- D. Оксид серебра
- E. Оксид лития
- F. Оксид железа (II)

19. 3 кислотных оксида – это

- A. Оксид меди (II)
- B. Оксид калия
- C. Оксид магния
- D. Оксид азота (I)
- E. Оксид серы (IV)
- F. Оксид кремния

20. 3 кислотных оксида – это

- A. Оксид бария
- B. Оксид углерода (IV)
- C. Оксид азота (V)
- D. Оксид кальция
- E. Оксид серебра
- F. Оксид азота (IV)

21. оксиды можно получить при разложении

- A. Гидроксида железа (II)

- В. Гидроксида бария
- С. Гидроксида меди (II)
- Д. Гидроксида натрия
- Е. Гидроксида олова (II)
- Ф. Гидроксида калия

22. оксиды можно получить при разложении

- А. Гидроксида лития
- В. Гидроксида магния
- С. Гидроксида алюминия
- Д. Гидроксида бария
- Е. Гидроксида цинка
- Ф. Гидроксида аммония

23. оксиды можно получить при разложении

- А. Гидроксида железа (III)
- В. Гидроксида олова (II)
- С. Гидроксида цинка
- Д. Гидроксида калия
- Е. Гидроксида лития
- Ф. Гидроксида бария

24. оксиды можно получить при разложении

- А. Гидроксида меди (II)
- В. Гидроксида аммония
- С. Гидроксида цинка
- Д. Гидроксида натрия
- Е. Гидроксида калия
- Ф. Гидроксида хрома(III)

25. оксиды можно получить при разложении

- А. Гидроксида натрия
- В. Гидроксида цинка
- С. Гидроксида калия
- Д. Гидроксида железа (II)
- Е. Гидроксида хрома (III)
- Ф. Гидроксида лития

26. оксиды можно получить при разложении

- А. Гидроксида бария
- В. Гидроксида натрия
- С. Гидроксида свинца (II)
- Д. Гидроксида железа (III)
- Е. Гидроксида лития
- Ф. Карбоната кальция

27. оксиды можно получить при разложении

- А. Гидроксида олова (II)
- В. Карбоната бария
- С. Гидроксида калия
- Д. Гидроксида аммония
- Е. Гидроксида цинка
- Ф. Гидроксид рубидия

28. оксиды можно получить при разложении

- A. Карбоната кальция
- B. Карбоната калия
- C. Гидроксида свинца (II)
- D. Гидроксида лития
- E. Гидроксида бария
- F. Гидроксида алюминия

29. оксиды можно получить при разложении

- A. Гидроксида лития
- B. Карбоната бария
- C. Гидроксида железа (III)
- D. Гидроксида аммония
- E. Гидроксида железа (II)
- F. Карбоната лития

30. оксиды можно получить при разложении

- A. Гидроксида рубидия
- B. Карбоната рубидия
- C. Карбоната кальция
- D. Гидроксида цинка
- E. Гидроксида натрия
- F. Гидроксида меди (II)

31. 3 оксида, с которыми взаимодействует оксид натрия

- A. Оксид серебра
- B. Оксид углерода (IV)
- C. Оксид магния
- D. Оксид фосфора (III)
- E. Оксид меди (II)
- F. Оксид азота (V)

32. 3 оксида, с которыми взаимодействует оксид натрия

- A. Оксид серы (IV)
- B. Оксид хлора (V)
- C. Оксид кальция
- D. Оксид железа (III)
- E. Оксид калия
- F. Оксид кремния

33. 3 оксида, с которыми взаимодействует оксид натрия

- A. Оксид лития
- B. Оксид бария
- C. Оксид серы (VI)
- D. Оксид фосфора (V)
- E. Оксид азота (III)
- F. Оксид меди (I)

34. 3 оксида, с которыми взаимодействует оксид натрия

- A. Оксид азота (V)
- B. Оксид лития
- C. Оксид хлора (V)
- D. Оксид фосфора (V)
- E. Оксид кальция
- F. Оксид меди (II)

35. 3 оксиды, с которыми взаимодействует оксид натрия

- A. Оксид железа (II)
- B. Оксид хлора (VII)
- C. Оксид железа (III)
- D. Оксид углерода (IV)
- E. Оксид рубидия
- F. Оксид серы (IV)

36. 3 оксиды, с которыми взаимодействует оксид натрия

- A. Оксид рубидия
- B. Оксид серы (VI)
- C. Оксид меди (I)
- D. Оксид магния
- E. Оксид кремния
- F. Оксид фосфора (III)

37. 3 оксиды, с которыми взаимодействует оксид натрия

- A. Оксид хлора (VII)
- B. Оксид калия
- C. Оксид углерода (IV)
- D. Оксид кремния
- E. Оксид бария
- F. Оксид лития

38. 3 оксиды, с которыми взаимодействует оксид натрия

- A. Оксид серебра
- B. Оксид фосфора (III)
- C. Оксид кальция
- D. Оксид железа (II)
- E. Оксид серы (IV)
- F. Оксид хлора (III)

39. 3 оксиды, с которыми взаимодействует оксид натрия

- A. Оксид калия
- B. Оксид бария
- C. Оксид фосфора (V)
- D. Оксид серы (V)
- E. Оксид азота (III)
- F. Оксид железа (III)

40. 3 оксиды, с которыми взаимодействует оксид натрия

- A. Оксид кремния
- B. Оксид углерода (IV)
- C. Оксид хлора (III)
- D. Оксид магния
- E. Оксид меди (II)
- F. Оксид железа (II)

41. 3 оксиды, с которыми взаимодействует оксид серы (VI)

- A. Оксид фосфора (V)
- B. Оксид меди (II)
- C. Оксид углерода (IV)
- D. Оксид алюминия
- E. Оксид калия
- F. Оксид азота (V)

42. 3 оксида, с которыми взаимодействует оксид серы (VI)

- A. Оксид кремния
- B. Оксид хлора (V)
- C. Оксид натрия
- D. Оксид углерода (IV)
- E. Оксид кальция
- F. Оксид железа (II)

43. 3 оксида, с которыми взаимодействует оксид серы (VI)

- A. Оксид лития
- B. Оксид хлора (III)
- C. Оксид рубидия
- D. Оксид цинка
- E. Оксид хлора (VII)
- F. Оксид серы (IV)

44. 3 оксида, с которыми взаимодействует оксид серы (VI)

- A. Оксид азота (III)
- B. Оксид фосфора (V)
- C. Оксид углерода (IV)
- D. Оксид магния
- E. Оксид серебра (I)
- F. Оксид бария

45. 3 оксида, с которыми взаимодействует оксид серы (VI)

- A. Оксид калия
- B. Оксид меди (II)
- C. Оксид железа (II)
- D. Оксид серы (IV)
- E. Оксид фосфора (III)
- F. Оксид кремния

46. 3 оксида, с которыми взаимодействует оксид серы (VI)

- A. Оксид натрия
- B. Оксид фосфора (V)
- C. Оксид азота (III)
- D. Оксид азота (V)
- E. Оксид калия
- F. Оксид кальция

47. 3 оксида, с которыми взаимодействует оксид серы (VI)

- A. Оксид углерода
- B. Оксид магния
- C. Оксид серы (IV)
- D. Оксид железа (III)
- E. Оксид бария
- F. Оксид фосфора (III)

48. 3 оксида, с которыми взаимодействует оксид серы (VI)

- A. Оксид железа (II)
- B. Оксид цинка
- C. Оксид бария
- D. Оксид углерода (IV)
- E. Оксид кремния
- F. Оксид хлора (VII)

49.3 оксиді, с которым взаимодействует оксид серы (VI)

- A. Оксид углерода (II)
- B. Оксид азота (III)
- C. Оксид калия
- D. Оксид фосфора (V)
- E. Оксид меди (I)
- F. Оксид натрия

50. 3 оксиді, с которым взаимодействует оксид серы (VI)

- A. Оксид магния
- B. Оксид серы (IV)
- C. Оксид кремния
- D. Оксид железа (III)
- E. Оксид углерода (IV)
- F. Оксид калия

ОТВЕТЫ

1.	BCE	11. BDF	21. ACE	31. BDF	41. BDE
2.	ADF	12. CEF	22. BCE	32. ABF	42. CEF
3.	BDE	13. ABD	23. ABC	33. CDE	43. ACD
4.	ABC	14. CDE	24. ACF	34. ACD	44. DEF
5.	BCD	15. ABF	25. BDE	35. BDF	45. ABC
6.	ABC	16. CDE	26. CDF	36. BEF	46. AEF
7.	DEF	17. BCD	27. ABE	37. ACD	47. BDE
8.	CDE	18. ABC	28. ACF	38. BEF	48. ABC
9.	ABF	19. DEF	29. BCE	39. CDE	49. CEF
10.	BEF	20. BCF	30. CDE	40. ABC	50. ADF

1. Чернобельская Г.М. Основы методики обучения химии. - М: Владос, 2000.
2. Мансуров Б.А. К изучению периодического закона. Новина за непреднасти. - София, Болгария, 2014.
3. Юцявичене П.А. Принципы модульного обучения - Советская педагогика, № 1. - М., 1990.

Түйін

Қорытындыны тексерудің дәстүрлі түрлері алуан түрлі. Соңғы уақытта оқушылардың білімін тексеруді жетілдіруге көп көңіл бөлінуде. Бұл ретте, білім сапасын тексерудің дәстүрлі түрлерімен қатар, педагогикалық тест те кеңінен таралған. Тесттің негізгі төрт түрі ажыратылады: 1. Тапсырмалар, 2. Сәйкестендіруге тапсырмалар, 3. Тапсырмаларды дұрыс ретпен орналастыруға арналған, ашық тапсырмалар.

Жабық тапсырмаларда оқушы берілген нұсқалардың бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарын таңдайды. Оларды дайындағанда тапсырмалардың 4-5 нұсқа жауаптары, олардың біреуі дұрыс болатындай етіп құрастырылады. Жауап сандарының нұсқалары аз болғанда кездейсоқ жауаптар мүмкіндігі едәуір жоғары болады. Жауаптың әрбір альтернативті нұсқасы шындыққа жақын болуын ескеру керек, айталық оқушының негізгі қателіктерін. Сәйкестендіруге арналған тапсырмаларда бір элементті сәйкестендіруге бірнеше элементтерді тағайындау қажет. Ол үшін тізбектің сол жағына сандармен нөмірленген 2-3 ұғым, формула, анықтама жазылады, ал оң жағына әріптермен белгіленген жауаптары көрсетіледі. Сол жақтағы әр ұғым, формула немесе анықтамаға оң жақтағы дұрыс жауаптың біреуі сәйкес келуі керек. Бұл жағдайда дұрыс жауап екі пункттен құралады. Тапсырмалардың Дұрыс реттілікпен құруға арналған тапсырмаларда оқушылардың әрекеттердің, үрдістердің жүйелілігі туралы білімдерін тексеру керек. Осындай тапсырмалардың алдында арнайы нұсқауларды беру керек: дұрыс реттілікті табындар. Тапсырмалардың атауы және оның негізгі элементтері кездейсоқ ретпен беріледі. Әр элементтің алдына төртбұрыш қойылады, оған әр оқушы жауаптың ретін көрсететін санды қояды. Бір қателік болған жағдайда жауап дұрыс емес деп саналады. Ашық тапсырмалар. Тапсырмалардың бұл түрінде жауап нұсқалары берілмейді, оқушылар оны толықтырады (құрастырады). Тапсырмаларды құрастырғанда 1-2 формула, сан немесе сөздер болатындай етіп құрастырылады. Ол үшін жауап толтыратындай орын қалдыру керек.

Тесттік тапсырмаларды жетілдірудің бір жолы – дұрыс жауаптардың санын көбейту. Мұндай тапсырмаларда дұрыс жауаптарды белгілі заңдылықтар түрлерін, заттардың химиялық қасиеттерін білу арқылы табуға болады. Бейорганикалық қосылыстардың негізгі өкілдерінің бірі оксидтер. Осы тақырыпқа байланысты тесттік тапсырмалар құрылған. Берілген 6 тапсырманың үшеуі дұрыс.

Түйін сөздер: білімнің бақылауы, тестілер, оксидтер, гидроксидтер, химиялық құрамы.

Summary

Traditional forms of control results vary differently. In recent years, considerable attention is paid to improve the monitoring of students' knowledge. With this, along with traditional forms of assessment of knowledge gained wide ways teacher testing. Are 4 main forms of tests: 1. Closed jobs 2. Jobs conformity, 3. Tasks to establish the correct sequence, open the job.

In closed tasks a student chooses one or more correct answers from the options. When drawing up their task is formulated and offers 4-5 possible answers, one of which is correct. With fewer answer choices the probability of random guessing is fairly high. It should be remembered that each alternative was plausible, based, for example, common mistakes students. In the quest for compliance, you must install the corresponding element of a set of elements of the other. To do this, in the left column write down 2-3 concepts, formulas, definitions are numbered, and the right - the answers lettered. Each concept, a formula or definition in the left column must match the one correct answer in the right column. In this case, the correct response is composed of two items. In the quest to establish the correct sequence to check the knowledge of the sequence of processes, actions, etc.

Previously, these tasks should be instructed to: Set the correct sequence.

Given the name of the task and its basic elements in a random order. Before each item put the rectangle in which the student puts the figure indicating the course of action. In the case of at least one error, the answer is considered incorrect. Public Questions. In this form of jobs are not given answers and supplemented (constructed) students. It is necessary to formulate the tasks that would be contained in the answer 1-2 formulas, numbers, words, etc. To answer need to take as much space as it needs.

One approach of improving test tasks, increase the number of correct answers. In these tasks, finding the right answer possible with knowledge of specific patterns of classification, obtain chemical properties of substances. One of the most important classes of inorganic compounds are oxides. On this topic compiled tests. From the 6 tasks, 3 correct.

Keywords: knowledge control tests, oxides, hydroxides, and chemical properties.

УДК 372.891

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

К.Д. Каймулдинова – Абай атындағы ҚазҰПУ, г.ғ.д., профессор

Р.Т. Искакова – Абай атындағы ҚазҰПУ, география магистрі, аға оқытушы

Бұл мақалада мектеп географиясын оқытуда компьютерлік инновациялық технологияларды пайдаланудың мәселелері қарастырылады. Электронды оқыту – білім берудің ұшқыр мазмұны, іс-әрекеттің интерактивтік тәсілдері және оқушылардың оқу нәтижелерін есепке алу негізінде, ақпараттық білімдік орта жайында интерактивтік қашықтықтың педагогикалық және ақпараттық-қатынастық технологиялар негізінде іске асырылатын оқытудың өзіндік түрі. Оқытудың бұл түрі оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттер түрінің алуан түрлілігі және білімдік ақпараттық ортамен интерактивтік өзара әрекеттестігі ретінде жүзеге асады. Электрондық ресурстардың ішінде кешендісі - электрондық оқулықтар. Қазіргі электрондық оқулықтарды шартты түрде оқулықтардың электронды көшірмесі және мультимедиялық электрондық оқулықтар деп жіктеуге болады. Электронды баспа, электронды кітаптар, оқулықтар мен оқу құралдарын жасау, сақтау және тарату мәселелерін кешенді шешетін құрал. Бұл технология болашақта баспалардың кітап шығару және оларды тарату мүмкіндіктерін арттыра отырып, оны жүзеге асыратын құралдар топтамасын ұсынады. Бұл құралдар мазмұны мультимедиа тұрғысынан бай жаңа үлгідегі туындылар шығарып, оларды электронды құрылғылардың барлық түрімен оқуға, көруге, тыңдауға жол ашады.

Түйін сөздер: Электронды оқыту, ақпараттық технология, инновациялық технология, мультимедиялық оқулықтар, 3D-үлгілері, интерактивті әдіс, виртуалды лабораториялар, анимациялар, сандық оқу ресурстары, онлайн-сабақтар.

Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Соңғы жылдары елімізде білім беру саласын түбегейлі жаңғырту барысында маңызды шаралар жасалуда. Соның бірі – 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік білімді дамыту бағдарламасына сәйкес енгізілген электронды оқыту жүйесі. Электрондық оқыту жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікте Қазақстандық білім беру жүйесінің сабақтастығын және оның бәсекеге қабілеттілік деңгейінің артуын қамтамасыз етеді. Электронды оқыту – білім берудің

ұшқыр мазмұны, іс-әрекеттің интерактивтік тәсілдері және оқушылардың оқу нәтижелерін есепке алу негізінде, ақпараттық білімдік орта жайында интерактивтік қашықтықтың педагогикалық және ақпараттық-қатынастық технологиялар негізінде іске асырылатын оқытудың өзіндік түрі.

Оқытудың бұл түрі оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттер түрінің алуан түрлілігі және білімдік ақпараттық ортамен интерактивтік өзара әрекеттестігі ретінде жүзеге асады [1]. Электрондық ресурстардың ішінде кешендісі – электрондық оқулықтар. Қазіргі электрондық оқулықтарды шартты түрде оқулықтардың электронды көшірмесі және мультимедиялық электрондық оқулықтар деп жіктеуге болады. Соңғысының біріншісінен айырмашылығы – онда түрлі видеороликтер, бейнеқатарлар, анимациялар, интерактивті тапсырмалар мен суреттер, виртуалды лабораториялар, 3D-үлгілері және тесттердің болуында. Интерактивті тапсырмалар оқушыларды формативті бағалауға өте тиімді.

Әлемдік тәжірибеде электрондық оқыту қазіргі білімнің ажырамас бөліктерінің бірі болып табылады. Электрондық оқытуды тарату деңгейі бойынша Қазақстан АҚШ, Финляндия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия елдерімен салыстырғанда бірнеше жылға артта қалып келеді. Бұл елдерде жасалған білім беру үлгілері экономиканың жедел түрде дамуына және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылатын стратегиялық мақсаттарға табысты жетуге жұмыс жасайды [2]. Электрондық оқыту жүйесінің қызметінің негізгі шарттарының бірі үздік халықаралық тәжірибелердің талаптарына сәйкес оқу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады. Оқу нәтижелерін бағалау бойынша Халықаралық қауымдастықтың TIMSS, PISA сияқты халықаралық рейтингілерін қазақстандық білім беру позицияларын айқындау мақсатында жүргізу қажет.

Осы мақсатта география пәні бойынша жалпы білім беретін мектептерге арналған қазіргі заманғы шетелдік оқыту бағдарламаларына шолу жасасaq. Мектеп оқушылары үшін география пәні бойынша инновациялық білім беру бағдарламаларының негізгі үлгілерінің бірі мынадай.

Францияның *Anuman Interactive* компаниясы – ең алғаш Жердің интерактивті 3D үлгісіндегі Атласын құрастырған. Топографиялық, метеорологиялық, географиялық, гидрографиялық мәліметтерді үлкен көлемді өңдеуде демороликтерді ыңғайлы жүйелеген.

«*Виртуальная школа Кирилла и Мефодия*» сериясының 6-7 сынып орта мектептерге арналған жаңа мультимедиялық құралы: үшөлшемді моделдерден, видеофрагменттерден, анимациялардан, интерактивті жаттығулар мазмұндарына негізделген [3].

«*Интерактивті карталар*». Физикалық география және экономикалық география бөлімдері бойынша бақылау тапсырмалары мен жаттығу тапсырмаларына кіріктірілген. Мұнда жауап автоматты түрде тексеріледі, тапсырмаларды орындау үшін дәл күйге келтіру нұсқаулығы «сандық оқу ресурстары» форматында толығымен интернетке тіркелген.

«Google» компаниясы Жердің үшөлшемді картаграфиялық жаңа үлгісінің негізінде мұхиттардың тереңдіктерін көруге мүмкіндік береді.

«Jewel» компаниясы құрастырған дүниежүзі елдері, танымдық географиялық мәліметтер, мемлекеттің құрылымы, демографиясы, экономикасы, тарихы, табиғаты және климаты туралы қызықты ақпараттарды онлайн-сабақтар түрінде құрастырған [4]. Әлемге танымал TWIG (Ұлыбритания), SANOMA (Финляндия), PHET, TED (США), YDP (Польша) сынды ірі халықаралық контент шығарушы компаниялардың өнімдері де кеңінен танымал.


Осындай тәжірибелерге сүйене отырып, Отандық өндіруші «*BMG*» компаниясын атауға болады. Мемлекеттік білім беру стандарттары мен қазақстандық білім беру жүйесінің тілдік және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, өзге тілді электронды оқыту контентін аударып, лайықтайтын маңдай-алды компания.

Болашақта география пәні бойынша жалпы білім беретін мектептерге арналған қазіргі заманғы сандық білім беру ресурстары саласының жетістіктері негізінде жасалған көптілді білім беру (қазақ, орыс, ағылшын) платформасы негізінде құрастырылған [5]. Бұл – бүгінгі уақыт талаптарына жауап беретін білім беруге қажетті контенттің ең ірі коллекциясы болмақ. Жалпы білім беретін мектептерге арналған білім беру құралы ретінде оқу бағдарламасына сай жасалған. Мұндағы теориялық және практикалық сабақ түрлерін, тест жаттығулары мен кескін-графикалар, диаграммалар, суреттер, географиялық карталар «сандық оқу ресурстары» форматында пайдаланылады.




Сурет 1. Сабақтың құрылымдық мазмұны

Мұнда география сабағынан «Жер пішіні» тақырыбы бойынша мәліметтердің мазмұндық ерекшеліктерін көруге болады. Тақырыпқа сай «Жер Геоид ретінде», «Ежелгі үндістердің түсінігі», «Платонның түсінігі», «Аристотельдің дәлелі», «Жер шеңберін есептеу», «Жер пішіні туралы түсініктің өзгеруі», «Жер және Глобус», «Тест тапсырмалары», «Қорытынды нәтижесінен» құрылған.




Сурет 2. Сабақтың қысқаша курсы

Оқушыларға жер туралы мағлұматтармен таныстырып «Жер Геоид ретінде» тақырапшасына қатысты қысқаша мини-тезис түрінде ұсынылады. Яғни мұнда «геоид» түсінігі, бұл терминді алғаш ұсынушы, геоид қандай сипатқа ие екендігін білім алушылар суретімен қатар жақыннан оқи алады.




Сурет 3. Аристотельдің дәлелі мини-тезис

Тақырыпқа қатысты «Ежелгі үндістердің түсінігі», «Платонның түсінігі», «Аристотельдің дәлелі» сияқты мәліметтер қорын суреттер арқылы бейнеленген қысқаша мазмұнмен түсіндіруге болады.




Сурет 4. Видеоролик

Ал фильмдер оқушыларды өтіп жатқан тақырыпқа қызықтырып, алған білімді шынайы өмірмен байланыстырады, сол арқылы оның мықтап есте сақталуын қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарының оқу үдерісінде және өздігінен білім алушыларға қолдану үшін озықпедагогтардың тақырыптық сабақтар циклі мен дәрістерінің бейнежазбаларының қорын құру жеткілікті. Сабақтардың бейнежазбалар қорларын Интернет желісі, жергілікті желіде, off-line режимінде және жай компьютерлерде көруге болады. Мұндай оқу бейнематериалдары шағын жинақталған білім беру ұйымдарында, оқу-материалдар қоры мен технологиялық инфрақұрылымы төмен білім беру ұйымдарына аса қажет болады.



Сурет 5. Практикалық сабақтың құрылымы

Практикалық сабақты орындау үшін кескін суретке қарай отырып, теориялық бөлімде өткен мәліметтердің негізінде шер шарының негізгі элементтерін анықтау қажет. Ғылыми нәтижелерді негізге ала отырып, зерттеушілік сипаттағы оқу модульдеріне бағытталған. Бұл өз кезегінде оқушының жаңа өткен тақырып бойынша білімін нақтылау, әрі, есте қалуына, интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, сабаққа дайындық деңгейлерін бақылауға мүмкіндік береді.



Сурет 6. Тест тапсырмалары мен нәтижесі

Жаңа сабақ бойынша білімдерін қорытындылау мақсатында тест тапсырмалары мен олардың нәтижесін көруге болады.

Электрондық оқыту жүйесінде педагогтар өздерінің оқу құралдары мен тестілерін құруы мүмкін. Олардың жұмысы мәтіндік және графикалық редакторлар мен орталарда, мысалы, Microsoft Word, Microsoft PowerPoint, Adobe Flash, Adobe Photoshop оқу контентін жасаудың бірыңғай жүйесімен стандартталатын болады. Бұдан басқа ғылыми нәтижелерді негізге ала отырып, зерттеушілік сипаттағы оқу модульдеріне бағытталған:

- арнайы тақырыптық карталар, кескіндер, графикалар;
- географиялық карталар және жердің жасанды серігінен алған суреттердің жиынтығынан негізделген білім беру ортасы;
- хронологиялық қағидалар бойынша құрастырылған материалдар жиынтығы;
- виртуальдық зертханалар немесе оның құбылыстарын зерттеуге негізделген модельдер;
- ақпараттық көздер жинақтары;

➤ күрделі интерактивтік оқу материалдары

Сондай-ақ бұл оқытудың жеке міндеттердің бірі ретінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үшін мамандандырылған сандық білім ресурстарын жасау және контент-провайдерлерін жеткізу болып табылады [5]. Сандық білім беру ресурстарын сабақтарда пайдалану оқушыға:

- ✓ уақытты үнемдеуге, өтілген және ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге;
- ✓ оқулықта кездеспейтін қосымша материалдарды қысқа уақытта табуға;
- ✓ түсінбеген материалдарды шексіз қайталауға;
- ✓ өз бетінше оқу қызметін жүзеге асырып, жұмыстың барлық кезеңінде өзін-өзі тексеруге;
- ✓ оқыту қызметін ұйымдастыру процесінде қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалануға;
- ✓ оқу процесінде мультимедиа технологияларын, гипермәтіндік және гипермедиа жүйелерін пайдалануға;
- ✓ оқушылардың интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, сабаққа дайындық деңгейлерін бақылауға;
- ✓ дербес компьютер және мобильдік құрылғылар арқылы да қолдана алуына мүмкіндік береді.

Электронды кітаптар мен оқулықтар жасау және тарату технологияларының көмегімен мультимедиа тұрғысынан бай жаңа үлгідегі оқулықтар шығарып, оларды электронды құрылғылардың барлық түрімен оқуға, көруге, тыңдауға мүмкіндік береді. Оның мынадай ерекшеліктері:

- Оқулықтарды pdf файлдарында өңдеу арқылы жоғары сапалы электронды кітаптар әзірлеу;
- Кітап мәтінін мультимедиамен оңай толықтыруға мүмкіндік жасау;
- Электронды оқулықтарды барлық құрылғылар арқылы оқылуына (соның ішінде мобильді құралдар);
- Оқулықтар мектептер мен басқа да оқу орындарында еркін қолданылады;
- Кітаптар жекелеген оқырманға заманға лайық жолмен қолжетімді болады;
- Дербес компьютер және мобильдік құрылғылар арқылы интерактивтік кітаптарды қолдана алады;
- Жеке электронды кітапхана құра алады;
- Кітаптарының көшірмесін барлық құрылғыларда сақтай алуға негізделген.

Сонымен, сандық білім беретін ресурстар тек оқушылардың ғана емес, мұғалімдердің де қызығушылығын туғызғанымен, оларды пайдалану жоспарланған принциптер мен дидактикалық мақсаттарға негізделмесе, көздеген нәтижеге жеткізбейтіні сөзсіз. Демек жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану міндетті түрде оң нәтиже береді.

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.

3. <http://univertv.ru/video/geografiya/>

4. <http://school-collection.edu.ru/>

5. <http://www.bilimmedia.kz/>

Резюме

Работа посвящена вопросам использования инновационных компьютерных технологий для изучения географии в школе. Электронное учебное пособие активизирует учебно-познавательную деятельность и позволяет осуществлять дифференцированный подход к каждому ученику, дает возможность самостоятельно без помощи учителя изучать предлагаемый материал, расширять свой кругозор. Внедрение в учебный процесс современных информационных компьютерных технологий обеспечивает единство образовательных, развивающих и воспитательных функций обучения. Комплексное решение для электронного издания, хранения и распространения книг, учебников и учебных пособий. Комплекс представляет собой полный набор инструментов и технологий, необходимых современным издательствам, желающим создавать и распространять богатые медиа содержанием электронные книги и учебники, совместимые со всеми типами электронных устройств для их чтения. Современные технические средства стремительно внедряются во все сферы жизни человека. Сегодня уже невозможно представить образовательный процесс, отвечающий требованиям современного информационного общества, без информационно-коммуникационных технологий, которые рассматриваются как средство обеспечения современного качества образования и ключевой элемент развития современной школы.

Ключевые слова: электронное обучение, информационный технология, инновационный технология, мультимедийное обучение, 3D-модель, интерактивный метод, виртуальный лаборатория, анимация, цифровые образовательные ресурсы, онлайн-урок

Summary

Given article deals with the issues of use of computer technologies for studying geography at school. Electronic textbook activates learning and cognitive activity, and enables to use a differentiated approach to each student, gives an opportunity to learn proposed material without a teacher and to expand their horizons. Introduction of modern information computer technologies in educational process ensures the unity of developmental and educational functions of teaching. This is a complete solution for electronic publishing, storage and distribution of books and textbooks. This package provides a complete set of tools and technologies which are necessary for modern publishers who want to form and distribute e-books and textbooks with rich media content that are compatible with all types of electronic devices for reading. Modern technical means are rapidly introduced into all spheres of human life. Today, it is impossible to imagine the educational process that meets the requirements of the modern information society, without information and communication technologies, which are seen as a means of providing modern quality education and a key element in the development of the modern school.

Keywords: e-learning, information technology, innovative technology, multi-media training, 3D-model, interactive method, a virtual laboratory, animation, digital educational resources, online lesson

ӨОЖ 371.26:371.64

ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

А.Е. Сағымбаева – профессор, п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ,

С.Аханова – магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Мақалада дамыта оқыту технологиясы жан-жақты қарастырылған. Дамыта оқыту жеке тұлғаның даму заңдылықтарына бағытталған оқыту технологиясы, ол оқушыны жеке тұлға ретінде қарастырып, оның дамуы үшін ең қолайлы жағдайлар жасайды. Дамыта оқыту үдерісін ұйымдастырудың зерттеушілік, коммуникативтік немесе сұхбаттық, имитациялық әдістері бар. Зерттеушілік әдіс «жаңалық ашу арқылы оқыту» идеясын іске асыруға бағытталады. Бұл әдіс шеңберінде оқушы өзі бұрын өзіне таныс емес есептердің шешімін табу әдістерін, құбылыстарды, заңдылықтарды өзі аша білуі керек. Ол өз білімі мен танымына сүйенді. Коммуникативтік немесе сұхбаттық әдісте оқушылар белгілі бір ғылыми проблема жайлы өз көзқарастарын білдіре білетін авторлар болып табылады. Бұл әдісті іске асырғанда оқушылардың өз ойларын айта білу біліктіліктері қалыптасады және бөтен нәрсені түсіну, оған сыни көзбен қарау, өзінің көзқарасын білдіріп, «ақиқатты» айта білу қабілеттері дамиды. Имитациялық әдісте сынып топтарға бөлінді, фирма немесе мекемені имитациялай отырып, олардың әрқайсысы жалпы берілген тапсырмамен өз беттерінше жұмыс істейді. Іс-әрекеттердің нәтижесі талықланады, бағаланады және олардың ішіндегі неғұрлым жақсы, әрі қызықтылары анықталады. Мұндай әдістің мысалы ретінде сабақта жобаларды қорғауды алуға болады.

Түйін сөздер: дамыта оқыту, жеке тұлға, іс-әрекет, қабілет, интеллектуалдық ойлау қабілеті, зерттеушілік әдіс, коммуникативтік әдіс, сұхбаттық әдіс, имитациялық әдіс, оқу-танымдық іс-әрекет, түсіндірмелі-иллюстративтік оқыту, дәстүрлі сабақ

Қазіргі қоғамда білім беру мен тәрбиелеудің мақсаты жеке тұлғаны жан-жақты дамыту болып табылады. Үнемі және жылдам өзгеріп отыратын қазіргі жағдайда адамнан өзін-өзі дамыту қабілеті мен күш жігерін талап етуде мұғалім мен оқушының шығармашылық іс-әрекеті өзекті болып оты. Сонымен қатар, ата-аналардың қоятын әлеуметтік сұрақтарының басты бөлігі балалардың жай білім ғана алып қоймай, оның жеке тұлға ретінде дамуын қамтамасыз ету мәселесі болып табылады.

Осыған байланысты педагогика ғылымының алдына танымдық қабілеті дамыған, интеллектуалдық ойлау қабілеті жоғары, алдына есеп қоя алатын және оны өз бетімен шешудің ұтымды әдістері мен құралдарын таба білетін жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті жүктеледі. Сабақта оқушылардың жаңа білімді меңгеру қабілеттерін, сонымен қатар меңгерілген білім, біліктілік және дағдының көмегімен олардың жаңа іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыруда дамыта оқыту технологиясын қолданған тиімді.

Дамыта оқыту жеке тұлғаның даму заңдылықтарына бағытталған оқыту технологиясы, ол оқушыны жеке тұлға ретінде қарастырып, оның дамуы үшін ең қолайлы жағдайлар жасайды.

Жалпы философиялық тұрғыдан дамуды материя мен сана-сезімнің қайтымсыз, бағытталған заңдылықты өзгеруі және олардың әмбебап қасиеттері, таным мен қоғам және табиғат тарихын түсіндірудің жалпыортақ қағидасы деп түсінуге болды.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, оқушыға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасайды. Дамыта оқыту әдістемесінің ерекшелігі – оқушылар мен мұғалімдердің бірлескен әрекеттерінің негізінде қалыптасатындығында. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың ақыл-ойының көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Жұмыс әдістері мен тәсілдері сабақтың үстінде ойлап шығарылуы мүмкін және оқушылардың белгілі бір әрекеттесу формаларын таңдап алу мүмкіндігі болады. Кейінгі жылдары дамыта оқыту психология мен педагогика ғылымдарының келелі мәселесіне айналды. Дамыта

оқыту – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқыту [1].

Қазіргі кездегі білім беруде дамыта оқыту теориясының төрт тұжырымдамалық нұсқасы кеңінен қолданылуда:

- Л.В. Занковтың тұжырымдамасы (бастауыш мектептің дидактикалық жүйесі);
- білім беру жүйесінің әртүрлі типтеріне арналған Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту тұжырымдамасы;
- В.С. Библердің тұжырымдамасы («Мәдени сұхбат мектебі» дамыту жүйесі);
- Ш.А. Амонашвилидің тұжырымдамасы (ынтымақтастық қағидасын іске асыру негізінде бастауыш сынып оқушыларына білім беру жүйесі) [2].

Аталған барлық оқыту түрлеріне ортақ жалпы нәрсе, ол оқытудың оқушының жеке тұлғалық сапасына, оның даму қабілетіне бағытталауы болып табылады. Бұл теориялардың ядросы жеке тұлғаның дамуы оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде жүзеге асатындығы, сонымен қатар оқушының ойлау қабілетін дамыту озық сипатта болуды қажет ететіндігінде. Дамыта оқыту теориясы шеңберінде жан-жақты оқыту мен оқушының жеке тұлғасын дамыту проблемаларын шешуде оқушылардың өз бетіндік іс-әрекеттері, білім беруді саралау және жекешелендіру, білім беруді сабақтастыру сияқты оқушының іс-әрекетін ұйымдас-тыруды шешу маңызды болып табылады.

Оқу танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, В.А. Беликов білім беруді «оқушы мен мұғалім-тәрбиешінің іс-әрекет түрлерінің бүтіндей кешені, оны орындау барлық жағынан дамыту мен қалыптастыруды қамтамасыз етеді» деп қарастырды [3].

Дамыта оқытуды түсіндірмелі-иллюстративтік оқытудың орынын басатын оқытудың жаңа, белсенді-іс-әрекеттік типі деп түсінуге болады.

Дамыта оқытудың жетістігінің маңызды және жалпы шарты меңгеру пәнінің сапасы ретінде теория-лық ұғымдар жүйесі берілген жағдайда оқушылардың оқу іс-әрекеттерінің іздеу-зерттеу сипатын сақтау болып табылады. Ұғымдарды меңгеруге бағытталған дамыта оқыту жағдайында «білемін, бірақ әлі жасай алмаймын» дәстүрлі формуласы «жасай алмаймын, яғни білмеймін» формуласына ауыстырылады. Бірқатар ғалымдар (Л.С. Выгодский, В.В. Давыдов, П.Я. Гальперин және т.б.) дамыта оқытудың мынадай маңызды қағидаларын жасады:

- оқу үдерісі материалды меңгеруге оқушының өзіндік қызығушылығын тудыруы керек;
- сабақтың мазмұнын жасағанда оқу үдерісін оқушы өзінің өзекті даму аумағын тірек ете отырып есепті немесе проблеманы шешетіндей етіп жобалау керек;
- оқушының тиімді дамуы үшін олардың әрқайсысының «табыстылық жағдайын» ескеру маңызды, яғни оқушы нәтижесін ала алатындай, өз бетімен орындай алатындай тапсырмалар беру керек;
- баға соңғы нәтижеге емес, нәтижеге жету үдерісіне қойылуы қажет, яғни оқушы өзін басқа оқушылармен, өзінің алдындағы іс-әрекетімен салыстыруы қажет.

Дамыта оқыту үдерісін ұйымдастырудың бірқатар әдістері бар, атап айтсақ:

Зерттеушілік әдіс. Ол «жаналық ашу арқылы оқыту» идеясын іске асыруға бағытталады. Бұл әдіс шеңберінде оқушы өзі бұрын өзіне таныс емес есептердің шешімін табу әдістерін, құбылыстарды, заңдылықтарды өзі аша білуі керек. Ол өз білімі мен танымына сүйенді.

Коммуникативтік немесе сұхбаттық әдіс. Оқушылар белгілі бір ғылыми проблема жайлы өз көзқарастарын білдіре білетін авторлар болып табылады. Бұл әдісті іске асырғанда оқушылардың өз ойларын айта білу біліктіліктері қалыптасады және бөтен нәрсені түсіну, оған сыни көзбен қарау, өзінің көзқарасын білдіріп, «ақиқатты» айта білу қабілеттері дамиды.

Имитациялық әдіс. Сынып топтарға бөлінді, фирма немесе мекемені имитациялай отырып, олардың әрқайсысы жалпы берілген тапсырмамен өз беттерінше жұмыс істейді. Іс-әрекеттердің нәтижесі талықланады, бағаланады және олардың ішіндегі неғұрлым жақсы, әрі қызықтылары анықталады. Мұндай әдістің мысалы ретінде сабақта жобаларды қорғауды алуға болады.

Дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытуға салыстырмалы талдау жасап көрейік.

	Дәстүрлі оқыту	Дамыта оқыту
Оқытудың мақсаты	Оқушыға белгілі бір білім, біліктілік, дағды беру	Оқушыларда өз бетімен жетілудің белгілі бір қабілетін қалыптастыру
Оқытудың мазмұны	Білім, біліктілік пен дағдының көлемін мұғалім реттейді	Оқушылардың зерттеушілік және практикалық біліктіліктерінің тиянақтылығын қамтамасыз ететін және іс-әрекетті құру қағидаларын анықтайтын ғылыми ұғымдар жүйесі

Ұйымдастыру түрі және педагогтың әрекеті	Басқару және орындау қызметтерін тізбектей бөлу, олардың әрқайсысы әрекет етуші жақтың біреуімен бекітіледі	Оқу-зерттеу есептерін шешу әдістерін іздеу үдерісінде мұғалім мен оқушының арасындағы ұжымдық-таратушы іс-әрекетін ұйымдастыру
Оқыту әдісі	Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс. Ұғымдарды қайталап айту, оқу есептерін шешудің жалпы қағидаларын трансляциялау	Іс-әрекеттік әдіске негізделген, зерттеу пәнін түрлендіруге, оқу есептерін шешу арқылы жалпы және жеке нәтижеге жетуге бағытталған іздену-зерттеу әдісі

Сонымен, мектепте дамыта оқыту технологиясының қолдануда мұғалімнің кәсіби ұстанымы талқыланып жатқан тақырыптың мазмұныбойынша оқушының кез келген пікіріне орынды қарауы қажет. Ол сабақта оқушының қандай материалды хабарлағанын ғана ойламай, оның мазмұндық сипаттамасы қандай соған көңіл бөлуі керек және олардың пікірлерін талдауда теңқұқылы сұхбат жүргізуі қажет. Әрбір оқушы талқыланып жатқан мәселе бойынша өз пікірін жасқанбай айта білгені жөн. Мұғалімнің міндеті – оқушылардың айтқан «нұсқаларын» жалпылай отырып, олардың сабақтың тақырыбы бойынша неғұрлым ғылыми мазмұны сәйкес келетіндерін ерекшелік отырып, оларға қолдау көрсету болып табылады.

Дамыта оқытудың маңызды ерекшелігі психофизикалық жағынан алдына ала оқушыларды сүйемелдей отырып бағдарлама материалын табысты меңгеруге мүмкіндік беру.

Жоғарыда айтылғандай дәстүрлі сабақта мұғалім материалды (дәріс сабақ, пратикалық сабақ) хабарлауға көп көңіл бөлсе, дамыта оқытуда мұғалім әрбір оқушының жеке дамуы үшін барлық қолайлы жағдайларды жасау мақсатында оқушыларды жеке тұлғалық ерекшеліктеріне қарай топқа бөле отырып түзетуші, сұхбатты ұйымдастырушы, көмекшірөлінде болуы қажет.

Сонымен, оқыту барысында дамыта оқыту технологиясын мақсатқа сай қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, оларды білімді, білікті, ойлай алатын, өз ойын батыл айта білетін, белсенді, өз бетінше әрекет ететін азамат болуына зор ықпал етеді.

1. Сағымбаева А.Е., Амзаева А.Л. Информатиканы дамыта оқыту қағидалары //Труды II международной научно-практической конференции «Интеллектуальные информационные и коммуникационные технологии-средство осуществления третьей индустриальной революции в свете стратегии «Казахстан-2050»». - Астана, 2014, Б. 169-172.

2. Технологии развивающего обучения / В кн.: Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М., 1998. - С. 180-218.

3. Беликов В.А. Образование учащихся на основе учебно-познавательной деятельности: методическое пособие / В.А. Беликов, Н.Г. Кривошапова, Л.А. Савинков. - М.: Владос, 2006. - 394 с.

Резюме

Контроль знаний и оценка учащихся – важная часть процесса обучения, цель которой состоит в выяснении объема, прочности и осознанности знаний учеников, степени овладения практическими навыками, умения самостоятельно мыслить и применять полученные знания на практике. Существуют различные формы контроля знаний и оценки учащихся. Кроме этих форм контроля знания, широкое распространение получило педагогическое тестирование. Опыт показал, что использование заданий в тестовой форме оказывает меньшую от учителя, психологическую нагрузку на учеников, дает объективную оценку знаний, не зависящую от учителя, обеспечивает контроль знаний одновременно у всех учащихся класса и значительно сокращает затраты времени на его проведение [1-3].

Из нескольких форм тестовых заданий наиболее оптимальные четыре вида [4,5]. Это:

1. Закрытые задания;
2. Задания на соответствия;
3. Задания на установление правильной последовательности;
4. Открытые задания

Подавляющее большинство тестов – закрытые задания, в которых приводится задание и несколько ответов, один из которых правильный. Тестовые задания на установление правильной последовательности практически не составляются.

Цель данных заданий – проверить знания о последовательности процессов, действий и т.д. Перед такими заданиями необходимо дать инструкцию: установите правильную последовательность. Приводятся название задания и основные его элементы в произвольной последовательности. Перед каждым элементом ставят прямоугольник, в который ученик выставляет цифру, указывающую на порядок действия. В случаях хотя бы одной ошибки, ответ считается неверным.

В данной статье рассмотрим примеры тестовых заданий на установление правильной последовательности по теме: «Жизнедеятельность одноклеточных животных».

Примеры заданий:

1 Питание амебы происходит в следующей последовательности

- | | |
|--------------------------|---|
| <input type="checkbox"/> | Обволакивает пищу ложноножками |
| <input type="checkbox"/> | Добыча оказывается внутри клетки |
| <input type="checkbox"/> | Образуется пищеварительная вакуоль |
| <input type="checkbox"/> | Пища переваривается в пищеварительной вакуоли |

Ответ: 3,4,2,1

2 Питание инфузории туфельки происходит в следующей последовательности

- | | |
|--------------------------|--|
| <input type="checkbox"/> | Пища попадает колебанием ресничек в ротовое углубление |
| <input type="checkbox"/> | Из цитоплазмы к пище поступает пищеварительный сок |
| <input type="checkbox"/> | Образуется пищеварительная вакуоль |
| <input type="checkbox"/> | в пищеварительной вакуоли происходит пищеварение |

Ответ: 2,3,4,1

3 Дыхание у одноклеточных происходит в следующей последовательности

- | | |
|--------------------------|--|
| <input type="checkbox"/> | В цитоплазму через мембрану проникает кислород, растворенный в воде |
| <input type="checkbox"/> | Под воздействием кислорода сложные органические вещества окисляются |
| <input type="checkbox"/> | При окислении сложные вещества превращаются в воду, углекислый газ и другие соединения |
| <input type="checkbox"/> | При окислении высвобождается энергия, необходимая для жизнедеятельности животного |

Ответ: 4,2,3,1

4 Выделение у одноклеточных происходит в следующей последовательности

- | | |
|--------------------------|---|
| <input type="checkbox"/> | В сократительных вакуолях собираются вредные вещества |
| <input type="checkbox"/> | Вакуоль приближается к клеточной мембране |
| <input type="checkbox"/> | Посредством сократительных движений выталкивает содержимое наружу |
| <input type="checkbox"/> | Через сократительные вакуоли удаляется и избыток воды, постоянно поступающее в тело одноклеточных |

Ответ: 1,3,2,4

5 Размножение у эвглени происходит в следующей последовательности

Ядро делится на 2 части

Образовавшиеся ядра расходятся

Начинает делиться клетка, образуется новый жгутик

В результате продольного деления возникают 2 самостоятельные дочерние клетки

Ответ: 3,1,4,2

Таким образом, в данной статье представлены тестовые задания на установление правильной последовательности по теме: «Жизнедеятельность одноклеточных животных», приведены их примеры.

Несмотря на достоинства тестовых заданий, существуют и недостатки: есть возможность угадывания ответов, не позволяет проверить усвоение всех вопросов содержания, умение логически рассуждать и излагать свои мысли. В связи с этим, необходимо сочетание тестовых заданий с традиционными формами и методами контроля.

1. Котлярова О.С. Учет знаний по химии / О.С. Котлярова. – М.: Просвещение, 1980.

2. Рысс В.Л. Контроль знаний учащихся / В.Л. Рысс. – М.: Педагогика, 1982.

3. Урванцева Г.А. О формах тестовых заданий / Г.А. Урванцева // Биология в школе. – 1995. - №4.

4. Мансуров Б.А. Тестовые задания по химии для контроля качества знаний / Б.А. Мансуров. – Алматы: АГУ им. Абая, 1996.

5. Мансуров Б.А. О формах и принципах формирования тестовых заданий по химии / Б.А. Мансуров // Вестник АГУ им. Абая. Серия естественно-географические науки. – 2002. - №1

Түйін

Бұл мақалада "Бір жасушалы жануарлардың өмір сүруі" тақырыбына арналған дұрыс ретті анықтау тестілік тапсырмалар сипатталған. Дұрыс ретті анықтау тестілік тапсырмалардың мақсаты іс-әрекетердің, процесстердің және т.б. тізбегіндегі білім қалыптасуын тексеру. Осындай тапсырмаларға нұсқаулар беру қажет: дұрыс ретті анықтау. Тапсырмалардың аты және олардың негізгі элементтері еркін ретпен келтіреді. Әр элементтің қасына төрт бұрыш қойылады, оқушы оның ішіне сан жазады, ол сан іс-әрекеттің реттілігін білдіреді. Бір қате болса да, жауап дұрыс емес деп саналады.

Оқушылардың білімін тексеру және бағалау – оқу процесінің маңызды бөлімі, оның мақсаты – оқушылардың білімінің көлемін, мықтылығын және есте сақтауын, практикалық дағдылардың меңгеру дәрежесін, өздігінен – өзі ойлау білігін және практикада алған білімін қолдануын анықтау. Оқушылардың білімін тексеру және бағалау үшін әр түрлі білім тексеру және бағалау формалары бар, кең таралғаны педагогикалық тестілеу. Педагогикалық тәжірибеде тест формадағы тапсырмаларды қолданғанда мұғалім тарапынан оқушыға психологиялық жүк аз болатыны, оқушының білімі мұғалімнен тәуелсіз объективті бағаланатыны, сыныптағы барлық оқушылардың білімі бір уақытта тексеруді қамтитыны және де оның өткізу уақыты бірталай қысқартылғаны анықталды.

Бірнеше тест тапсырмалардың формаларының ішінде ең үйлесімдісі 4 түрі. Олар: 1. Жабық тапсырмалар, 2. Сәйкестік тапсырмалар, 3. Дұрыс ретті анықтау тапсырмалар 4. Ашық тапсырмалар.

Тестілердің басым көпшілігі – жабық тапсырмалар, оларда тапсырмалар және бірнеше жауаптың ішінде біреуі дұрыс жауаптар беріледі. Дұрыс ретті анықтау тестік тапсырмалар көбінесе құрастырылмайды.

Бұл мақалада "Бір жасушалы жануарлардың өмір сүруі" тақырыбына дұрыс ретті анықтау тестілік тапсырмалардың мысалдары келтірілген.

Түйін сөздер: білімнің тексерісі, педагогикалық тестілеу, тестік тапсырмалардың формалары, жабық тапсырмалар, сәйкестік тапсырмалар, дұрыс ретті анықтау тапсырмалар, ашық тапсырмалар.

Summary

This article described test tasks on establishment of correct sequence on the topic: «Vital functions of one-celled animals». Aim of test tasks is establishment the correct sequence to check knowledge about the sequence of processes, actions etc. Before tasks it is necessary to give instruction: fix a correct sequence. Before every element put a rectangle, in that a student proposes a number indicative on the order of action. In the cases of even one error, an answer is considered incorrect.

Control of knowledge and estimation of students are important part of process of educating, the aim consists of finding out of volume, durability and realized knowledge of students, degrees of capture by practical skills, abilities to think independently and apply gain knowledge in practice. There are different forms of control knowledges and estimation of students, wide distribution got the pedagogical testing. From pedagogical experience, it is established that test renders less psychological loading on students, gives the objective estimation of knowledge, not depending on a teacher, provides control of knowledge simultaneously at all students and considerably reduce time on his realization.

There are four most optimal kinds of tests. They are: 1. Closed tasks; 2. Tasks on accordances; 3. Tasks on establishment of correct sequence; 4. Open tasks.

Swinging majority of tests is the closed tasks where task and a few answers are given, one of that correct. Tests on establishment of correct sequence practically are not made.

There are tests of establishment the correct sequence on the topic: «Vital functions of one-celled animals» in this article.

Keywords: control of knowledge, pedagogical testing, forms of tests, closed tasks, tasks on accordances, tasks on establishment of correct sequence.

УДК 373.1013.54

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МОДЕЛІ

Б.К. Капанова – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақалада экологиялық білім мен тәрбие беруді техникалық қамтамасыз ету сипатталған. Университеттегі педагогикалық мамандық қоғамның замандануы талаптарына сай білім мен тәрбие беру тұлға қалыптастыруға қабілетті оқытушы кадрлар да даярлаудың, сонымен қатар мамандық бойынша студенттерге экологиялық білім беру айтылған.

Сонымен қатар ұсынылып отырған мақалада экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналып, білім мен тәрбие берудің жаңа өзге модулдерімен алмастырылуы қарастырылған. Оқытушының маман ретінде көрінісінде оның интеллектуалды (зияткерлік), бұқаралық ақпараттардың дәстүрлі құралдарын пайдалану экологиялық білім мен тәрбие берудің табысты болуы үшін арнайы ғылыми моделдер жасап жүзеге асыру керектігі маңызды рөл атқарады.

Ғылыми модельдер арқылы экологиялық салауатты әлеуметтік салада орта қалыптастыру, экология мамандарына шығару арқылы бәсеке тудыру, экологиялық шешімдер қабылдауға қол жеткізудің мүмкіндіктері айтылған.

Түйін сөздер: экологиялық білім, мамандық даярлау, білім беру үрдісін ұйымдастыру, білім беру технологияларын таңдау, тұрақты даму және нәтижені бағалау.

Бұл модел кәсіпорындар мен ұйымдастырушы – тапсырушыларды және оқу орындарына жүзеге асатын экологиялық білім мен тәрбие беруді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудің барлық мүмкіндіктерін біріктіріп, ұйымдастырушы құрылтайшылардың барлығы пайдалануы арналып ашылған ұлттық оқу ғылыми-өндірістік полигон түрінде оларды бірлесіп пайдалануды ескеретін болады.

Бір сыпыра моделдерді құрастыруға қолда бар материалдарды ғылыми жүйеге келтірудің өзі жеткілікті, ал бір сыпыраларын іс жүзінде жаңадан жетілдіріп жүзеге асыруға тура келеді. Олардың орнын Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналып, экологиялық білім мен тәрбие беру үрдісінде тез өзгеретін қажеттіліктерге жауап бере алатын жүйе ретінде экологиялық білім мен тәрбие берудің іс жүзіндегі құрылымы мен идеясын одан әрі дамытуды қамтамасыз ететін өзге модулдер алмастырады [1].

Экологиялық білім мен тәрбие берудегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі. Бұқаралық ақпарат құралдары жұмысы ақпараттық-экологиялық жүйе негізінде жүзеге асырылады. Ол бұқаралық ақпараттың дәстүрлі құралдары болады. Олар: мерзімді баспалар, радио телевизорлар. Сонымен бірге мультимедия технологиясы, компьютерлік жүйе. Экологиялық білім мен тәрбие беруде компьютерлік жүйенің атқаратын ролі орасан зор. Компьютерлік жүйеден бірнеше ақпараттық хабарлар береді.

1) Биосфера компоненттерін аялау, бүлінгендерін кейбіреулерін орнына қайтадан келтіру қатысы келгендерді қоғам мүшелерін қызықтыратын барлық экологиялық ғылыми деректерде;

2) Мамандандырылған білім пәндерінің аймағы мен ғана шектелме, жалпы алғанда белгілі бағытқа бағдарланған. Экологиялық-биологиялық ғылыми материалдарды;

3) Қазақстан Республикасының әртүрлі экологиялық аймақтарындағы экологиялық ақиқат бағасын қалыптастыру үшін деректерсіз тақырыпты зерттеулерсіз және экологиялық білімнің өзге көздерінсіз-ақ көптеген банктерге қол жеткізу мүмкіндіктерін көрсетеді [2].

Бұқаралық ақпараттардың дәстүрлі құралдары:

Адамзат баласының айналысын қоршаған сыртқы табиғи ортасын қорғау және табиғи биоресурстарды рационалды түрде пайдалану проблемалары бойынша оқытуға арналған хабарлар айналымын дайындауға;

Экология, биосфера компоненттерін (жерді, суды, өсімдік әлемін, жануарлар дүниесін) қорғау және бұқаралық ақпарат құралдары жұмысы да биологиялық ресурстарды пайдалану проблемалары бойынша әдемі сызылған плакаттардың айлық немесе жылдық конкурсын өткізуге;

Экологиялық білім мен тәрбие беруді ұйымдастыру бойынша телевизордан және радиолардан берілетін хабарлардың тақырыбын қалыптастыруға мүмкіндік береді [2].

Өзге құралдармен салыстырғанда көз мөлшері құралдар көмегінің бірсыпыра артақшылығы бір екенін ескеріп, алыстан (дистанциялық) білім беруді енгізу керек. Ертеме-кешпе біз ХХІ ғасырда дистанциялық

құралдар арқылы білім беруді басшылыққа алатынымыз сөзсіз. Көбінесе кері үрдісінде экологиялық материалдар еріксіз есте сақталып, ақпарат қисынды, әсерлі де бейнелі формада баяндалады.

Ақпаратты көз мөлшері бергенде көрушінің көңіліне сөзімен әсер етіп, ойында берік сақтауға көмектеседі. Сөйтіп, экологиялық ойлау (саногенді) қалыптасады. Көз мөлшері құралдар экрандағы құбылысты немесе үрдісті кез келген жылдамдықта қайтадан жаңғыру мүмкіндігімен айқындала, сенімдірек бола түседі.

Оқытуға арналған көз мөлшері құралдары жасаушылардың (продюссердің, сценаристің, режиссердің, суретшінің, оператордың, әдіскер-ұстаздың) ұжымдық жұмысы киномотографқа ақиқатты ұдайы жаңғыртып бейнелеп, орнықтырудың қолда бар барлық мүмкіндіктеріне бағытталуы керек. ХХІ ғасырда негізгі мақсат – Қазақстан Республикасының мектептерінде, оның ішінде Алматы облысының мектептерінде жас жеткіншіктерге экологиялық білім мен тәрбие беру дүниежүзілік білім беру жүйесімен сәйкестендіріліп отырады. Бұл үшін:

Экологиялық білім мен тәрбие берудің халықаралық тәжірибесін зерттеп, оған ғылыми тұрғыдан егжей-тегжейлі талдау жасалынады.

Жас жеткіншектерге экологиялық білім мен тәрбие берудің табысты болуы үшін негізгі түйінді және арнайы ғылыми моделдер жасап, оларды жүзеге асыруға байланысты болатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. ХХ ғасырдың білім мен тәрбие беру жүйесі ХХІ ғасырдың оқушыларына жарамай қалатыны өзінен-өзі белгілі бола бастады. ХХІ ғасырда ғылым мен техниканың деңгейінің өсуі соншалық, тіпті адамзат баласы болжап білудің өзі мүмкін емес. Осыған орай ХХІ ғасырдың оқушыларына алдын-ала бірнеше 'экологиялық білім мен тәрбие берудің моделдері ұсынуға болатынына мүмкіншілік туып отыр [3];

Негізгі модельдер жүйесі – курстардың, тақырыптардың, сұрақтардың, тесттердің, стандарттардың, тапсырмалардың мазмұны мен құрылымын ғылыми тұрғыдан моделдеп болжайды. Оның өзі үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие берудің арнайы ғылыми моделін жасауға негіз болады;

Түйінді модельдер – әр түрлі ресурстармен экологиялық білім мен тәрбие берудің арнайы моделінің міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

Арнайы модельдердің әр тобы экологиялық білім мен тәрбие беру саласындағы белгілі бір әлеуметтік топтарға арналып жасалынады.

Әр моделдің бағдары оқыту бағдарламасының құрылымы, әр тақырыптың үлесі бірнеше тақырыптарлы біріктіру мүмкіндігі, сондай-ақ әдістемесі және топшаның ерекшеліктерін ескереді. Арнайы моделдер белгілі бір әлеуметтік топтың сұранысын ескеріп негізгі және түйінді модельдерге сүйеніп жасалады, кейбір кездерде оларды біріктіреді.

Үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие берудің арнайы модельдер экологиялық кәсіби мамандарын, солардың ішінде экологияны өте жетік білетін мамандарды даярлауға және жүзуге асырғанда мемлекеттік қайраткерлерге, өкімет саласындағыларға, баспа, радио, телевизор, мемлекеттік емес ұйымдар қызметкерлеріне білім беруге арналған модельдердің кешенді жасалғаны жөн. Сондай-ақ, үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие берудің қалалық және региондық аймақтық үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие берудің ғылыми модельдері жасалуы керек. Оларда адамзат баласының айналасын қоршаған сыртқы табиғи ортасын қорғауға байланысты қалыптасқан қазақ елінің ұлттық дәстүрлері ескерілуі тиіс [4].

Негізгі ғылыми модельдер кешенінде Қазақстан Республикасында қазақ елінің ұлттық білім беру жүйесінің жаңа моделіне байланысты деңгейлердің бәрі қамтылады мектеп, арнайы орта жоғары мектеп, мұнда экологияны негізгі мамандығы ретінде қалғандар үшін арнайы үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру, қалғандарына қосымша білім мен тәрбие беріледі.

Арнайы бағдарламалардың мазмұнын толықтыру үшін экология саласында халыққа экологиялық білім мен тәрбие беру және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу ғылыми моделдері болуы керек. Бұл ғылыми модельдер экологиялық сауатты әлеуметтік саласында орта қалыптастыруға, экология мамандарын шығару арқылы бәсеке тудыруға, экологиялық шешімдер қабылдау мен жүзеге асыруды халықтық білгір бақылауға алуға көмектесуі тиіс – экологиялық сауаттылық.

Экологиялық стандарттар, негізгі модельдер жасау және жүзеге асыру арқылы меншік түріне қарамас-тан мекемелерде, ұйымдарда, экологиялық қызмет атқаратын адамдарға қойылатын кәсіби талаптар жүйесін қалыптастыру қажет [5].

1. Оспанова Г. Экологиялық білім баспалдағы – мектеп // Бастауыш мектеп. - 1996. - №3. – 15 б.

2. Иманбердиева С. Экологиялық білім беру. // Қазақстан мектебі. - 1993. - №6. - 58-61 б.

3. Әбубәкіров. Өсімдіктану пәнінен экологияны дәріптеу // Қазақстан мектебі. - 1995. - №5. - 56-59 б.

4. Оспанова Г., Исаева Е. Экологиялық ойды қалыптастырудың кейбір әдестері туралы // Қазақстан жоғарғы мектебі. - 1996. - 90-92 б.

5. Сарыбеков Н., Сарыбеков М., Сарыбеков Қ-Д. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері. – Алматы: Рауан.

Резюме

В данной статье описано техническое обеспечение экологического образования и воспитания. Обучения и воспитания, подготовка преподавательского кадра способного поспособствовать в становлении личностей соответствии с современными требованиями университетского общества по подготовке кадров по педагогическим дисциплинам, а также рассмотрены вопросы экологического образования студентов по выбранным специальностям.

Также данная статья посвящена теме обеспечения экологической безопасности, рассмотрены вопросы внедрения новых моделей в процесс образования и воспитания. Интеллект, освоения и способность обучающего правильно использовать источники информации из средств массовой информации и обработка имеющейся информации является неотъемлемой частью создания научных моделей для успешного осуществления экологического обучения и воспитания.

Статья рассматривает возможности создания экологической образованной социальной среды при помощи научных моделей, формирования конкуренции выпускников по экологическим дисциплинам, принятия экологических важных решений и их осуществления.

Ключевые слова: экологическое образование, подготовка кадров, осуществления процесса обучения, выбор технологии обучения, стабильное развитие и оценка результатов.

Summary

This article describes technical support for environmental education and training. Education and training, training of future teachers, whose able to assist in the formation of personality in accordance with the current requirements of the university pedagogical community, as well as the issues of environmental education of students in selected disciplines.

Also, this article focuses on the topic of environmental security, the issues of introducing new models in the process of education. Intelligence, understanding and ability to use properly sources of information from the mass media and the processing of all available information are an integral part of the creation of scientific models for the successful implementation of environmental education and training.

Article considers the possibility of establishing environmental educated social environment by using of scientific models, the formation of competition by releasing staff for environmental disciplines, making important environmental decisions and their implementation.

Keywords: environmental education, staff training, implementation of the education process, the choice of technology of education, sustainable development and evaluation of results.

ТУРИЗМ

УДК 338.48:502.4(574.51)

ҚЫЗЫЛОРДА АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

С.Қ. Алшымбеков – п.ғ.к., Абай ат. ҚазҰПУ Елтану және туризм кафедрасының аға оқытушысы

Мақалада Қызылорда аймағының туристік нысандарының шығу тарихы мен олардың туризмге қосатын маңызы туралы мәселелер көтерілген. Бұл өңірінде республикалық және облыстық маңызы бар 500-ден астам архитектуралық, археологиялық және мәдени ескерткіштер есепке алынған. Аймақтағы Орта ғасырлық қалалар мен қала орындарының туристік археологиялық және архитектуралық маңызы туралы талдаулар жасалған. Ұлы Жібек жолының тармақтары мен ондағы маңызды нысандарды қарастырып, қазіргі атқарылатын шаралар мен болашақ болжамдар жасалған. Тағы бірайта кететін жайт Жошы ұрпағы Сығанақты "Ақ орда" орталығы етіп, онда теңге шығарды". Онан кейін де облыс аумағы мемлекеттік маңызы бар орталыққа айналған, оған дәлел ертеден сақталған тарихи ескерткіш орындары. Сыр аймағында ел жадынан өше қоймаған тарихи ескерткіш белгілер, әр-алуан кесенелер, көне қалалардың орындары баршылық. Сыр аймағының өзіне тән табиғи ерекшеліктеріне тоқталып оның туризмде қолдану мүмкіншіліктері қарастырылған. Арал аймағының табиғаты қазіргі кезде экотуризмді дамытудың маңызды насаны болып табылатындығы айтылады. Сондай-ақ, Қамыстыбас көлінің маңайында туристік демалыс орындарын ұйымдастыру мүмкіндігі аймақ үшін маңызды екендігі талданады. Қамбаш көлі жағалауында да, жергілікті тұрғындарды тарта отырып, нәзік экожүйесін сақтау және аудандағы жағажайлық туризм саласын дамытуға болатындығы ескерілген. Осыған сәйкес жүйе өз кезегінде мемлекет пен тұрғылықты халыққа қосымша кіріс көзін табу мүмкіндігін туғыза отырып, олардың Қамбаш көлінің жүйесіндегі экожүйенің бұзылмауына қолдау көрсету арқылы жүргізу керектігі қарастырылған. Сонымен қатар, осы Қызылорда аймағы туризмінің Қазақстан экономикасына қосатын үлесі өте жоғары екендігі жайында айтып өткен.

Түйінді сөздер: экотуризм, этнотуризм, экскурсия, рекреация, этномәдени, фарсах, инфрақұрылым, археология, архитектура.

Қызылорда облысының жері негізінен Тұран ойпатында орналасқан. Сырдарияның сол жағалауын төбешікті, белесті Қызылқұм массиві алып жатыр. Сырдарияның оң жағалауында Егізқара қыратты массиві бар. Қызылорда облысының оңтүстік-шығыс бөлігінде Қаратау жотасының (1419 м.) солтүстік-батыс бөлігі еніп жатады.

Облыстың солтүстігінде Шағрай үстірті, Кіші Борсық, Арал маңы Қарақұм алқаптары бар.

Қызылорда облысының шекарасы солтүстігінде Ақтөбе, солтүстік-батысында Атырау, батысында Маңғыстау, оңтүстігінде Оңтүстік Қазақстан облстарының аумағымен, оңтүстік-батысында Өзбекстанмен шектеседі.

Осындай ауқымды аймақ өзінің сан ғасырлық тарихымен ерекшеленеді. Бұл өңірінде республикалық және облыстық маңызы бар 500-ден астам архитектуралық, археологиялық және мәдени ескерткіштер есепке алынған. Олардың ішінде Айқожа ишан күмбезі (Жаңақорған ауданы), Айтбай мешіті (Қызылорда қаласы), Асанас (Сырдария ауданы), Әйтеке би (Қазалы ауданы), Бегім ана (Арал ауданы), Бұқарбай батыр (Жалағаш ауданы), Жанқожа батыр кесенесі (Қазалы ауданы), Жалаңтөс Баһадүр (Қазалы ауданы), Қарасор ескерткіші (Жалаңаш ауданы), Қармақшы ата мазары (Қармақшы ауданы), Қожжанқожа (Сырдария ауданы), Қорасан ата кесенесі (Жаңақорған ауданы), Қоркыт ата кесенесі (Қармақшы ауданы), Мүлқалан әулие мазары (Сырдария ауданы), Оқшы ата әулие кесенесі (Шиелі ауданы), «Сырлытам» ескерткіші (Сырдария ауданы), Тұрмағамбет Ізтілеуовтың кесенесі (Қармақшы ауданы) бар. Аралдың шығыс жағалауы мен Облыста Халықаралық Арал қоры, «Ақниет», «Ілтипат», «Парыз», т.б. қайырымдылық қорлар жұмыс істейді.

Қызылорда өңірінің тарихында облыс аумағымен "Ұлы Жібек" жолының солтүстік тармағы өтіп жатыр. Ол арқылы Қытайдың жібегі мен Үндістанның бағалы тастары Еуропаға, Ұлы Сібір елдеріне жеткізіліп отырды. Облыс аумағында Оғыздар тұсындағы Жанкент, Қыпшақ мемлекетінің үлкен саудасаттық және саяси орталығы болған - Сығанақ сияқты қалалардың орындары бар. Сығанақты "Қыпшақ даласының гаваны" деп атаған. Тағы бірайта кететін жайт Жошы ұрпағы Сығанақты "Ақ орда" орталығы етіп, онда теңге шығарды". Онан кейін де облыс аумағы мемлекеттік маңызы бар орталыққа айналған, оған дәлел ертеден сақталған тарихи ескерткіш орындары. Сыр аймағында ел жадынан өше қоймаған тарихи ескерткіш белгілер, әр-алуан кесенелер, көне қалалардың орындары баршылық. Сол сияқты "Оқшы ата" (XI ғ.), "Асан ата" (XV ғ.), "Қабыл ата" (XIX ғ.), "Ғайып ата" (XV ғ.), "Ес Абыз" (XVI ғ.) кесенелері. "Жүніс әулие" (XIV ғ.), "Бақты ата" көк тасы мен "Бөріойнақ" (XV ғ.), "Күйеу там", "Бес там",

"Көк кесене", "Қызыл там", "Көтібар батыр", "Бегім ана", "Қорқыт ата" т.б. ескерткіштері еліміздің тарихында белгілі орындар. Бұл тізімге Қаратаудағы өзіндік сыры бар үңгірлерді қосамыз. Бұл тарихи ескерткіштерді П.И. Лерх (1867), А.Ю. Якубовский, И.А. Костаньев (1906-1907), А.Н. Бернштам (1947), Л.Бартольд (1908) т.б. басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициялары зерттеліп, құнды пікірлер айтылды [1].

Асан қайғы бабамыз Сыр өлкесін көргенде: - Ей, Ақмешіт, жерің шаң екен, суың жар екен, әр бұтаның түбінде кесек етің бар екен. Елің жұтамас, малыңның көзіне сақ бол! – деген екен. Ал, Рузбахани "Меймоннама и Бұхара" атты жазбасында Сыр өңірі туралы былай дейді: Сырдариядан бұрып алған арықтармен егістік суарылады, өңделмелі егістік алқаптары түрлі жеміс-жидек, өнімдерге бай, даланы шалғын, көк жасыл ағаштар көмкерген, онда қой секілді жабайы ешкілер (қара құйрық), ақ бөкендер өріп жүреді. Деректер бойынша Сыр өңірінде "Сыр жолбарысы" мекен еткен, оның соңғысын Арал балықшылары 1848 жылы аулаған. Бекчурин осы маңнан жабайы жылқы-тарпандарды көргенін айтады. Қызылорда облысының осындай тарихи-мәдени және физико-географиялық жағдайын ескере отырып, осы өңірдің туризмін дамытудағы потенциалы ретінде қарауға болады. Ел басы Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа жолдауы мен Қазақстан - 2030 бағдарламасында туризмді дамыту жайлы айтқан болатын. Туризмді дамыта отырып ел экономикасына кіріс келтіретін салаға айналдыру қажет. Ол үшін республикамыздағы туристік мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану және туристік инфрақұрылымды халықаралық стандартқа сай жасау. Біздің елімізде табиғаттың көркем жерлеріне саяхат жасап, серуендеу үшін мүмкіндіктер жеткілікті. Облысымыздың аумағында кездесетін тарихи және мәдени ескерткіштердің көптігі, жол қатынастарының тораптары, әуе магистральдары т.б. жағдай саяхатшылардың назарын өзіне қызықтырады, соның ішінде Қызылорда облысы Республикамыздың басқа аймақтарынан табиғаты, әлеуметтік-экономикалық және тарихи жағдайларымен ерекшеленеді. Бұл өңір физико-географиялық тұрғыдан Тұран ойпатының шегінде, Қаратаудың батыс баурайында, Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Облыс аумағымен Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы өтіп жатыр. Ол арқылы Қытайдың жібегі мен Үндістанның бағалы тастары Еуропаға, Ұлы Сібір елдеріне жеткізіліп отырған. Ерте орта ғасырда Сыр өңірінде неше бір ұлы мемлекеттер үстемдік етті. Солардың ішінде экономикасы дамыған Оғыз, Дешті-Қыпшақ мемлекеттері болды. Облыс аумағында Оғыздар тұсындағы Жанкент, Баршынкент, Сауран, Өзгент, Аққорған, Қыпшақ мемлекетінің үлкен сауда-саттық және саяси орталығы болған - Сығанақ сияқты қалалардың орындары бар. Туристердің қызығушылығы мен мамандықтарына қарай облыс аумағында тарихи бағыттағы, мәдени-өнер бағытында, экотуризмді және этнотуризмді ұйымдастыруға мүмкіншілік мол. Қорыта айтқанда Қызылорда облысында туристік-экскурсиялық мақсатта пайдаланатын табиғи және әлеуметтік-экономикалық рекреациялық ресурстар көптеп саналады.

Еліміздің оңтүстік-батысын алып жатқан Сырдарияны жағалай қоныс тепкен Сыр елінің басқа өлкеге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі мен алуан түрлі табиғаты бар өлке. Қызылорда облысындағы өзінің табиғи жүйесімен ерекшеленетін ауданның бірі – Арал. *Арал ауданы* – Қызылорда облысының солтүстік батысында орналасқан әкімшіліктік-аумақтық бөлініс. 1938 жылы құрылған. Жер көлемі 55,1 мың км². Тұрғындарының жалпы саны 69,2 мың адам. Ауданда 58 елді мекен, 1 қалалық, 2 кенттік және 12 ауылдық округке біріктірілген. Аудан орталығы – Арал қаласы [2]. Ауданның батысы мен солтүстігінде Ақтөбе облысының Шалқар, Ырғыз аудандарымен, солтүстік-шығысында Қарағанды облысының Ұлытау ауданымен, шығысында облыстың Қазалы ауданымен, оңтүстігінде Қарақалпақ Республикасымен шектеседі. Аудан аумағы барлығымен дерлік Тұран ойпатының солтүстігінде, Арал ойысында жатыр. Солтүстік Арал провинциясын алып жатқан жазық ландшафттан тұрады. Солтүстік-батысында біршама көтеріңкі, аласа келген қыраттар мен таулар орналасқан. Аудан жерінің ең биік жері – Шевченко шығанағынан солтүстік-батысында жатқан тау (324 м). Бірнеше құмды алқаптар бар. Олар – солтүстік-батысындағы Кіші Борсық құмы, солтүстігінде Барша құм, орталық бөлігінде Арал Қарақұмы, Жіңішке құм, Дарбас құмы. Арал теңізінің жағалауында Көкарал, Көктырнақ, Барсакелмес, Шұбар тарауыз, Құланды түбектері, Чернышев, Тұщыбас, Шевченко, Бутаков, Сарышығанақ және Берг мойнағы орналасқан. Түбекте Изенарал, Ұзынарал, Қаратөбе, Домалақ, Айдарлы тағы басқа мүйістер бар.

Сондай-ақ Арал өңірінің туризмін дамытуда негіз болып отырған тарихи-мәдени нысандарға жеке-жеке тоқталып өтетін болсақ: *Кердері мазары* – Арал теңізінің табанындағы тарихи-мәдени нысан. 2001 жылы «Арал-2001» археологиялық экспедициясының (жетекшісі археолог Т.Мәмиев) зерттеуі барысында Арал ауданының Қаратерең ауылынан 75 км оңтүстік батысынан табылған. Археологиялық барлаудың нәтижесінде жәдігер мавзолей екендігі анықталды. Жалпы құраған көлемі 50 м², биіктігі 2 метр. Ескерткіштің үсті қираған қыш кірпіштер, сәулет материалдары, кеспек ірі тастарға толы. Негізгі іргетас сұлбасының батысы мен солтүстігінде адамдар сүйегі табылды. Н.Веселовский, С.Аманжолов, М.Тынышбаев,

С.Толстов Хорезм елінің, Арал теңізінің оң жақ бөлігі 1000-жылдары Кердері т.б. болғанын, екі қаланың су астына кеткені жайлы деректер келтіреді. Ә.Дербісәлиевтің еңбегінде «Кердері - Хорезм аймақтарының бірі, ол түркілермен шектеседі. Осы мемлекеттің кіндік қалаларының бірі - Жанкент болған», - деп көрсетілген. Кердеріні ғұндар-эфталиттер тайпасының тағдырымен байланыстырады. Олар I-V ғасырларда хорезм елін билеген. Мавзолей Арал өңіріндегі Хорезм археолог-этнограф экспедициясы зерттеген Алаң - қала, Білеулі ескерткіштері - Мазардың өрнекті қаптамалары, Шеберханадан шыққан кеспектер мен баламаланып X-XIII ғасырларға жатқызылған. Әшекейленуі IX-X ғасырлардағы араб елдерінің көркем өнеріне жақын. Сәулет өнері Самарқандағы Хаким ат Термези (XI-XII ғ.), Бұхарадағы Магоки-Аттари мешіті (XII ғ.), Бұхарадағы Исмаил Самани (XI-XII ғ.), Тараздағы Қарахан (X ғ.), Бабажа Хатун (X ғ.) және Айша Бибі мавзолейлерінің сәулет қаптамалары мен оймалық әшекейлеріне ұқсас. «Кердері» мавзолейі Жетіасар өңірімен этномәдени, тарихи төркіндес Кердері мәдениетінің сәулет ескерткіші. Ол көрнекті өнертанушы Л.М. Ремпельдің көрсеткеніндей, IX-X ғасырларда араб елдерінің көркем өнерімен жақындасқан, Хорезмге көшпелі түркілердің араласуынан пайда болған X-XIII ғасырлардағы өркениет туындысы. Арал теңізінің кепкен табанынан табылған «Кердері» мавзолейінің деректері, зерттеулер тұжырымдары көрсетіп отырғандай, X-XIII ғасырлардағы түркі мәдениетінің жарқын туындысы. Ол Арал өңірінің тарихына қатысты тарихи-географиялық, экологиялық, мәдени, философиялық т.б. мәселелерге жаңа көзқарас енгізеді [3].

Бегім-Ана мұнарасы шамамен 10-12 ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстікке қарай 35 км қашықтықта орналасқан. 1979 жылы Қазақстан тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының экспедициясы зерттеген. Аңыз бойынша, Бегім-Ана Жанкент әмірінің әйелі, нақақ жаланың құрбаны болған. Мұнара шикі кірпіштен тұрғызылған, екі қатар күйдірілген кірпішпен (23x26x6) қапталған. Биіктігі 10,5 метр. Жоғары қарай сәл қусырыла келген сегізқырлы призма пішінді, төбесі пирамида болып біткен. Орта деңгейге (шамамен 5,5-6м) дейін мұнара бағанасы тұтас, одан жоғары бөлме бар. Бұл бөлмеге шығыс жағындағы арқалы ойық арқылы кіруге болады. Мұнара ескерткіш үшін не әлдебір белгі беруге, қарауыл қарау үшін салынуы мүмкін деген болжам бар. Қазақстанда осы тәріздес орта ғасырлық мұнаралар (Ұзынтам, Сарманқоса) көп кездеспейді, ал Орта Азияда мүлде жоқ. Бірақ «Мұнаралы кесене» деген атаумен белгілі (XIII-XIV ғасырлардан кейін) мұндай ескерткіштер Иран, Түркия, Әзірбайжанда кең тараған. Бұл жағдай осы елдерге Арал аймағын түркі тайпаларының ығысып баруынан болуы мүмкін. 1989 жылы Бегім-Ана мұнарасы қайта өңдеуден өткізілді.

Арал теңізі – Өзбекстан мен Қазақстан (Қызылорда және Ақтөбе облыстарының) жерінде, Тұран ойпатының шөлді белдемде, Үстірттің шығыс шетінде орналасқан тұйық көл. Алабындағы қарқынды антропогендік әрекеттерге дейін (1960-1980 ж.) дүние жүзілік теңіз деңгейінен 53,0 м биіктікте жатыр. Осы деңгейдегі айдындың ауданы 66,1 мың км² (аралдармен қоса), суының көлемі 1064 км³, орташа тереңдігі 16,1 м (ең терең жері 67 м), ұзындығы 420 км, ені 235 км, су жинайтын алабының ауданы 69000 км² болған. Алабының шаруашылық мақсаттарға үздіксіз су алу барысында 1998 жылы теңіз деңгейі 18 метрге төмендеген. Нәтижесінде теңіз екі суқоймаға – Үлкен Арал және Кіші Аралға бөлініп қалды [4]. Арал теңізі көне замандардан бастап белгілі. Ежелгі гректер мен римдіктер теңізді Каспийдің «сақ шығанағы» деп есептесе, А.Македонский кезінде Окс теңізі (Окс-Сырдарияның грекше аты) деп атаған. Кейін Птолемей оның географиялық орнын анықтаған. Арал теңізінің Хорезм теңізі, Женд теңізі, Кердері теңізі сияқты аттары бар. Араб саяқатшылары Ибн Русте (X ғ.), Әл-Истархи (10 ғ.), Әл-Идриси (XII ғ.), Әбу-л-Фида (XIV ғ.) сондай-ақ Әбілғазы жазбаларында Арал теңізі туралы деректер кездеседі. Теңіз табиғатын жан-жақты зерттеу Ресей империясының шығысты отарлау саясатын жүргізу кезінде іске асырыла бастады. 1848-1849 жылдары әскери теңізші әрі зерттеуші А.И. Бутаковтың экспедициясы Арал теңізінің су айдынының алғаш рет толық зерттеді, нәтижесінде 1850 жылы Арал теңізінің алғашқы толық картасы жасалды. 1900-1903 жылы теңіздің және оның маңайындағы кешенді географиялық және гидрологиялық зерттеулер Л.С. Бергтің басшылығымен жүргізілді. Одан кейінгі жылдары теңізді зерттеумен көптеген ғылыми-зерттеу және жобалау институттары шұғылданды. Қазақстанның, сонымен бірге бірқатар шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелері Арал теңізін зерттеу мәселесімен айналысты. Арал теңізінде жалпы ауданы шамамен 2235 км² (айдындың 3,5%) болатын 1100 аралдар тобы болған, кейін олардың бірқатары түбектерге айналып, құрлыққа қосылған. Кезіндегі ең ірі аралдары: Көкарал, Барсакелмес, Возрождение. Солтүстігінде биік және жайпақ жағалаулар кездесіп отырады. Олардың терең шығанақтар мен тілімделген, шығыс жағалаулары жазық және құмды, шағын шығанақтар мен жаға маңы аралдары көптеп кездеседі. Оңтүстік жағасы Әмударияның атырауынан тұрады, батыс жағы тілімделуі шамалы, бұл тұсы биіктігі 250 метрге жететін Үстірттің жарлауыт қабаттарынан тұрады. Арал теңізіне Орта Азияның 2 аса ірі өзендері (Әмудария мен Сырдария) құяды. Арал теңізі, кайназой дәуірінің орта

шетінде, яғни бұдан 21 млн. 1200 жыл бұрын, Арал Каспий теңізіне қосылып жатқан. Өйткені, теңіздің терістік бетіндегі қазіргі Сарышығанақ, Ақеспе тұсынан 80 метр тереңдіктен Олигоцен уақытында өмір сүрген қызыл балықтың, ірі ұлудың, киттің омыртқа сүйектері тасқа айнала бастаған күйінде табылды. Бұл теңіздің кезінде мұхитпен қосылып жатқандығын көрсетеді. Ендеше қазіргі кезде әлем елдері назарын өзіне аударып отырған осы су айдынын зерттеу сол ерте заманан бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді деуге болады. Міне, сондықтан да көне зерттеулер мен қазіргі жаңа мәліметтерді салыстыру арқылы Арал теңізі бассейнімен оның жағалауының даму эволюциясын, сондай-ақ ғасырлар бойы өзгеру сипатын анықтау қиын емес. Мысалы, ежелгі заманның өзінде Арал теңізі көп елдерге мәлім болған. Өйткені, сол IX-X ғасырлардағы араб ғалымдары – Ибн-Хордадбех, Ибн-Рустен, Масуди, Истахри келтірген мәліметтері аса құнды. Демек, бұл еңбектерден сол кездегі Аралдың көлемі мен жағаларының пішіні туралы мағлұмат алуға болады. *Ибн-Хордадбех* «Китаби-ал-масалик Вал-мамлик» (саяхаттар мен мемлекеттер кітабы) атты еңбегінде Амударияны Жейхун, Арал теңізін Күрдер көлі деп атайды. Ал, Ибн-Рустеннің Амудария мен Арал теңізі туралы жазғандары неғұрлым нақты, оның мәліметтері бойынша, Арал теңізінің көлемі 80 фарсах, яғни бір фарсах-6 шақырым. Теңіздің басты жағалауындағы Жоталары Сиякух (қара таулар) деп аталады. Ал оң жақ жағалауы батпақты, онда қалың орман өскен. Демек аталмыш Сиякух - үстірттің тік жарлы құздары болуы мүмкін. Өйткені оның батыс жағалауы қазір де биік келеді, кейбір нүктелердің биіктігі - 190 метрге жетеді. Сол сияқты Араб географы *Истахри* Арал теңізін «Хорезм көлі» деп атаған және Сырдария жөнінде мәліметтер келтірген. Истахри былай дейді: «Бұл көлдің айналасы 100 фарсах. Суы тұзды, көлге Жейхун, Илаш (Сырдария) және басқа өзендер құяды». Сондай-ақ X ғасырда өмір сүрген белгісіз автордың парсы тілінде жазған *Худуд-ал Алам* «шығыстан батысқа дейінгі әлем облыстары» атты қол жазбасында да Арал теңізінің сипаттамасы берілген. Мұнда теңіздің көлемі 300 фарсахқа тең келетіні және жағалауларының құмды екені жазылған.

Сондай-ақ жоғарыдағы Арал теңізі жөнінде мәлімет қалдырушылар негізінен теңізді арнайы зерттеген адамдар емес, жолшыбай көргенін жазған саяхатшылар, жалпы дүниежүзілік әдебиетке қатысты шағын дерек жинаған шолушылар. Сондықтан бұл кезде Арал теңізі жайлы нақты ғылыми зерттеулер болған жоқ деуге болады. Дегенмен, бұл кезеңдегі табиғат жағдайларының кейбір ерекшеліктерінің көрсетілуі қазіргі осы өлкенің табиғатының өзгеру сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Негізі Арал теңізі жайлы нақты деректі мәліметтердің жиналуы яғни, арнайы зерттеулердің басталуы (XVII-XIX ғғ.) ғасырлардың еншісіне тиеді. Өйткені бүгінгі Арал деген атау сол XVII ғасырдан бері берілген. Яғни, 1740-1741 жылдары Сырдария мен Арал маңын зерттеуге алғашқылардың бірі болып, Иван Мурауин қатысып, тұңғыш рет Арал теңізінің шығыс жағалауларын өте дәлдікпен арнайы түсірілім жасау нәтижесінде карта жазған. Жалпы, Арал теңізі жайлы соңғы толық зерттеулер 1946-1950 жылдарға жатады. Демек, ол мәліметтер бойынша теңіз көлемі 66 мың шаршы шақырым, ең ұзын бөлігі 424 шақырым, ал ендігі бөлігі 292 шақырым, орташа тереңдігі 16,1 метр, ең терең жері 68 метр болды. Ал, содан нақты бүгінгі қалған теңізде шамамен 15-20 мың шаршы шақырымға жуық қана су айдындары бар көрінеді. Демек, теңіздің осындай құрғауына орай өңірде алғаш рет 2001 жылы Арал теңізінің табаны қала орны болған деген болжам, бұл күндері нақты шындыққа айнала бастады. Бұл жөнінде кезінде теңізде жүзетін кейбір қарт кеме капитандарының талай өз аузынан естіген кездеріміз де болды. Ал енді теңіз тартылып, жағасы әр деңгейде ашыла бастағанда қазір де бұл жағдай жиі көріне бастады. Сондай-ақ бұған дәлел ретінде Арал тарихынан белгілі сол 1592 жылдарға дейін қазіргі табылған қала орны яғни, «Барсакелмес» аралының батыс беті құрлықпен бірігіп жатқан көрінеді. Кейін теңіз суының көтерілуіне байланысты құрлықтан бөлініп қалған. Сондай-ақ жоғарыда сөз болғандай сол ертедегі араб ғалымдарының деректері бойынша да теңіз көлемі сол әркілі көлемде өзгеріп отырған. Мысалы, 80, 100 және 300 фарсах мөлшерінде. Егер де бір фарсах 6 шақырым болса, сонда кезінде теңіздің ең үлкен деген көлемі не бәрі $300 \times 6 = 1800$ шақырым ғана. Бұл – теңіздің сол 1950 жылғы көлемімен салыстырғанда төмен екенін көрсетеді. Міне осыған орай бір сөзбен айтқанда «Барсакелмес» аралы сол 1592 жылға дейін құрлықпен жалғасып жатыр деген сөз шындыққа жақын. Міне осы айтылған жәйттердің бәрі біздің өңірден тиісті өз орындарын алады. Мысалы, Арал апат аймағын, «Байқоңыр» ғарыш аймағын және қауіпті «Возрождение» аралын бұған жатқызуға әбден болады. Демек, бұлардың қолайсыз экологиялық зардаптарының өңір халқының денсаулығына айтарлықтай зияндарын тигізіп келеді [5]. Жеке тоқтап айтар болсақ, Арал өңірі экологиялық аймағында (186,3 мың халық бар 178 елді-мекен) тұрады. Жалпы, планетадағы көлдердің арасында көлемі жағынан төртінші орынды иеленетін Арал теңізі бұл күндері жер бетінен біржолата жоғалу үстінде. Өйткені, бұрынғыдан 66 мың шаршы шақырымға жуық қана су айдыны қалып отырған сияқты. Ғалымдар теңіз 2015 жылдары жер бетіне толық жойылады деп отыр. Тек қана окшауланған Солтүстік Арал теңізі (Кіші арал теңізі) адамның іс-әрекетімен реттеліп отырады.

Қамыстыбас көлі – Арал ауданындағы ең ірі көл. Сырдария өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Сырдарияның оң жағалауында, Қамыстыбас темір жол станциясынан 2 км батысқа қарай орналасқан. Көл ендік бағыта 30 км-ге созылған, ені 5-8 км. Ең терең жері 10 м. Көл аумағы 178 км, жағалауының ұзындығы 115,6 км, теңіз деңгейінен 58,1 м биіктікте жатыр. Көл Тәуіп-Жарма каналы арқылы толығады. Оның айналасында Лайкөл, Қаязды, Жалаңаш, Райым сияқты бірнеше көлдер тізбегі бар. Шығыс жағалауы аласа, құмды. Оңтүстігі биік жарлы (23 м-ге дейін), Солтүстік жағалауының биіктігі 5 м-ге жетеді. Жазық келген, оңтүстік-батыс жағалауы Сырдариямен жалғасып жатыр. Балықтың 15 түрі бар. Негізгілері: сазан, алабұға, торта, тыран, т.б. Қалада балықтың майда шабағын өсіретін «Қосжар» питомнигі жұмыс істейді. Оның жылдық өндірістік қуаты 13,4 миллион шабақ (2005). Көлде қаз, үйрек, т.б. құстар, қамыс, құрақ арасында ондатр кездеседі.

Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы. Біздің елімізде жалпы көлемі 1075498 га 10 мемлекеттік табиғи қорығы бар. Солардың бірі шөл-шөлейтті аймақта орналасқан Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы. Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы Арал теңізінің солтүстік батыс бөлігіндегі бұрынғы Барсакелмес аралында орналасқан, аралдың жалпы көлемі 16795 гектар болатын. Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығының негізі 1929 жылы бағалы аң терісін өндіретін қорғалым ретінде қаланған. Арал теңізінің күрт төмендеуі және Барсакелмес қорығының Шығыс бөлігі құрлықпен шектесуіне байланысты қорық әкімшілігі алдына күрделі мәселе қойылды. Жақсы жайылымдар мен суаттар іздеп тұяқты жануарлар жаңа аумақтарға қоныстануда. Осыған орай бұл жаңа аумақтарды қорыққа қосуға «Арал құтқару қорының» қаржыландыруымен ғылыми техникалық-экономикалық сараптамасы дайындалды. Осы аталған сараптама негізінде Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығының территориясы 2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап Үкіметтің 2005 жылғы 25 қараша күнгі №1162 қаулысына сәйкес 16795 гектардан 160826 гектарға ұлғайды. 1953 жылы Түркменстанның Бадхыз қорығынан жүйрік құландарды жерсіндіру мақсатымен қорық аумағына жіберілді. 1929 жылдан бастап 1970 жылдар аралығында 7 түрлі жануарлар: құлан, қара құйрық, ақбөкен, қабан, қоян-толай, үй қояны, құм балпағы жерсіндіру мақсатында қорық аумағына жіберіледі. Олардың барлығы аралдың табиғи жағдайына жақсы бейімделіп, көбейе бастады. Қазіргі таңда Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы екі кластерлік учаскеден құралған: «Барсакелмес» учаскесі бұрынғы Барсакелмес аралы және оған жалғас жатқан Арал теңізінің кепкен табанын алып жатыр, көлемі 50884 га. Бұл учаске 2 бақылау-шолу аумағынан тұрады. Барлық инфрақұрылым Барсакелмес учаскесіндегі орталық усадьбада жинақталған. Әкімшілік-шаруашылық жағынан Қызылорда облысы, Арал ауданына жатады және Арал қаласының оңтүстік батысынан 180 км қашықтықта орналасқан. «Қасқақұлан» учаскесі Арал теңізінің бұрынғы шығыс жағалауы және аралдары кіреді, көлемі 109942 га. Бұл учаске 6 бақылау-шолу аймағынан тұрады және қорық аумағындағы тұяқты жануарлардың негізгі суат көздері болып табылатын скважиналар орналасқан. Табиғи өсіп шыққан кең көлемде сексеуіл орманы бар.

Қазақстан – көшпелі және отырықшы әлемдерімен тығыз байланыста болған. Ғасырлар бойы құрылып, кейін жойылып, тағы да күлден қайта жаңарып шығып пайда болған, ұлы қуатты империялары және мемлекеттерімен ерекшеленетін қайталанбас тарихы бар, мәдениеттері мен діндері өзара әсерлесуі арқылы дамып гүлдеген, Шығыс пен Батысты байланыстырып өткен маңызды сауда жолдары (Ұлы жібек жолы) бар ежелгі өркениет жері. Қазақстан Республикасы қазіргі таңда экотуризм потенциалын пайдалану үшін жақсы позицияларды иеленуде. Осы мақсатта Барсакелмес қорығыкешенінде сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм көлемін арттыру есебінен қорыққа жақын орналасқан елді мекендердің (Қаратерең, Тастақ, Қарашалаң, Бөген, Жаңақұрылыс) жергілікті тұрғындарын жұмыспен қамти отырып, мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуін қамтамасыз ете алатын болашағы бар экологиялық туризм жүйесін құру. Жоғарыда айтып кеткендей Арал өңірінің бұған үлес қосуға мүмкіншілігі бар.

Мысал үшін: «Бегім ана-Қасқақұлан» экологиялық маршрутының діни-танымдық бағытына және автокөлікпен жүруге негізделген. Ұзақтығы 68 км, жолдың ұзақтығына байланысты маршрут уақыты 2 тәулік. Маршруттың жұмыс істеу мерзімі 1 сәуірден 1 қазанға дейін. Топтағы ең көп адам саны 5 адам. Экскурсия аптасына 2 топ, айына 8 топ, жылына 48 топ қабылдай алады. Сондай-ақ Қамбаш көлі жағалауындағы жергілікті басқару органдарын тартып, ұйымдастырылмаған ішкі туризмді реттеп, көлемін арттырып, жергілікті тұрғындарды тарта отырып, нәзік экожүйесін сақтау және аудандағы жағажайлық туризм саласын дамытуға болады. Бұл жүйе өз кезегінде мемлекет пен тұрғылықты халыққа қосымша кіріс көзін табу олардың Қамбаш көлінің жүйесіндегі экожүйенің бұзылмауына қолдау көрсету арқылы жүргізіледі. Қамбаш көлінің жағасында жағажайлық туристік демалыс орнын ұйымдастыру үшін ең алдымен мемлекеттік ұйымдарды, мемлекеттік емес ұйымдарды, шағын және орта бизнес өкілдерін қатыстыра отырып оның инфрақұрылымын дамытуымыз керек. Қорыта келгенде, Арал аймағында

туристік нысандарды көркейтудің маңызы бар екенін ескеріп, дамыту шараларын қолға алу қажет. Білеміз, Арал апаты – дүниежүзіне белгілі. Бірақ солай екен деп, қара жамылып отыруға болмайды. Сол апаттың өзі шетелдік туристердің келуіне себепші болып отыр. Арал ауданының көші-қон полиция бөлімшесінің статистикалық көрсеткіші бойынша, Арал қаласына әр түрлі мақсатпен шетелдік туристердің келуі жыл сайын артуда. Яғни сұраныстың бар болғаны. Осы сұраныстарды жоғалтпай, ұсыныстарды көбейту арқылы туризмді қолға алу керек.

- 1 *Арал тағдыры. - Алматы: "Қазақстан", 1989. – 118-190 б.*
- 2 *Берг Л.С. Аральское море. Опыт физико-географической монографии. - М., 2004. – 127 с.*
- 3 *Бартольд В.В. Научные результаты Аральской экспедиции. – М., 1992. - 112-210 б.*
- 4 *Цветкова Л.И., Алексеев М.И., Усанова Б.П. Экология. – М., 1999. - 56-205 б.*
- 5 *Храбовченко В.В. Экологический туризм: Учеб. метод. пособие. – М., 1999. - 53-126 б.*
- 6 *www.twirpx.com/files/common/research*
- 7 *ww.studmed.ru/...discipliny/osnovy-issledovatel'skoy-deyatelnosti*

Резюме

